

«ҚАЗАҚТЫ» ҚАЙТА ТІРІЛТІП,
«АЙҚАПТЫ» ЕЛІМЕН ҚАУЫШТЫРҒАН ҚАЙРАТКЕР





05

ҒЫЛЫМНЫҢ САЛМАҒЫ –
ЕЛ ӨМІРІНЕ ӘКЕЛГЕН ӨЗГЕРІСІНДЕ

ДӘМЕТКЕН ТӨРЕҚҰЛОВАМЕН СҰХБАТ



09

ҚЫЗЫЛ ТЕРРОР ҚҰРБАНЫ
БОЛҒАН ҚАЙСАР ҚЫЗ

НЕМЕСЕ ШАХЗАДА ШОНАНОВА КІМ?

1913 - 2026
"Қазақ" газетіне - 113 жыл

БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

www.qazaq1913.com

QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / № 42-43 (1354-55), 21-28.10.2026

+7 (701) 505 48 48 +7 (777) 797 77 88 qazaq1913gazeti@gmail.com qazaq1913_ qazaq gazeti qazaq1913

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ықдағатымен газеттің
Орынборда 266 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 267-ші санынан қайта жаңғыртты

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ: АРАҚҚА ҰЛТ АТЫНАН БАСҚА АТАУ ТАБЫЛМАДЫ МА? → 04

03

РЕСПУБЛИКА КҮНІ:

ЕГЕМЕНДІК ЖОЛЫ – ЕЛДІКТІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ



ФОТО ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕН АЛЫНДЫ

Кейбір тарихи даталардың мәні жылдар өткен сайын тереңдей түседі. Кезінде саяси-құқықтық құжат ретінде қабылданған шешімнің кейін ұлттық мерекеге айналуы да – соның бір дәлелі. Бүгінде Қазақстан үшін 25 қазан – егемендікке бастар жолдың бастауын танытатын, тарихтың тағылымын жаңғыртатын ерекше күн.

■ ҰЛТТЫҢ ТАРИХИ КҮНІ

1990 жылғы 25 қазан – Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болуына құқықтық негіз қалаған, елдік мұраттың жаңа кезеңін айқындаған күн. Тәуелсіздік тарихын 1991 жылдың 16 желтоқсанынан ғана бастау – азаттыққа апарған күрделі жолдың бір кезеңін назардан тыс қалдырумен тең. Өйткені, мемлекеттің дербес болуға деген ұмтылысы заңдық құжат қабылданған сәтте аяқ астынан пайда болған жоқ. Оның арғы жағында ғасырларға созылған азаттық аңсары, ұлттық сананың жаңғыруы, ел тағдырын өз қолына алуға деген талпыныс жатты. Ал, осы тарихи ұмтылыстың саяси-құқықтық сипат алған маңызды белестерінің бірі – 1990 жылғы 25 қазан.

02

ЖОЛДАУ – 2026:

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА БАСЫМДЫҚТАР



ФОТО: AKORDA.KZ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Мемлекет басшысы Тәуелсіздіктің 35 жылдығы мен жаңа Конституцияның тарихи маңызын атап өтіп, ел дамуының бағыттарын айқындап, алдағы мақсат-міндеттерге тоқталды.

Жолдаудағы бастамалар экономиканы жаңғыртуға, инфрақұрылымды дамытуға, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған.

■ «ХАЛЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС»: ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН БАСТАМА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға басымдық беріп, елдің барлық өңірінде құрылыс жұмыстарын жандандыру қажеттігін атап өтті. Мемлекет басшысы бұл бастаманың халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталуға тиіс екенін айтты.

– Еліміз ұдайы қарқынды дамуы үшін ауқымды міндеттерді сапалы әрі жедел іске асыру өте маңызды. Азаматтарымыз толыққанды әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтылуы керек. Бұл – халықтың тұрмыс сапасын көтерудің маңызды шарты. Сондықтан, басты назарды инфрақұрылым құру ісіне аударамыз, – деген Президент құрылыс жұмыстарын жекелеген жобалармен шектемей, барлық өңірде кең көлемде жүргізу қажеттігін де атап өтті.

– Бұған дейін де айттым: Қазақстан ауқымды құрылыс алаңына айналуға тиіс. Мәселе жекелеген жобаларға қатысты болып отырған жоқ. Жалпы, барлық аймақта жаппай құрылысты бастап, жандандыру қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы мақсатта Үкіметке Инфрақұрылымдық жаңғыру жоспарын әзірлеу міндеті жүктелді.

– Үкімет бұрын-соңды болмаған Инфрақұрылымдық жаңғыру жоспарын әзірлейді. Бұл ауқымды жұмысты іске асыру үшін 2029 жылдың соңына дейін Ұлттық қордан шамамен 6,5 триллион теңге бөлінеді. Биыл және 2027 жылдың алғашқы екі айы ішінде әлеуметтік жобаларды іске қосу үшін 1,5 триллион теңге көлемінде қаражат қарастыру қажет, – деді Президент.

• БАСПАСӨЗ-2027

«QAZAQ» ГАЗЕТІНЕ 2027 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

«Қазпошта» АҚ бойынша

Басылым аты	Индексі	Жазылу мерзімі	Жазылу бағасы			
			Қала		Ауыл	
			Жеке тұлға	Заңды тұлға	Жеке тұлға	Заңды тұлға
QAZAQ Жеке жазылушылар үшін	64048	6 ай	4 891,50		4 766,76	
		12 ай	9 783,00		9 533,52	
QAZAQ Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14048	6 ай		7 571,70		5 936,76
		12 ай		15 143,40		11 873,52

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Qazaq» газетіне жазылу үшін бұрынғыдай кезектен көз ашпайтын «Қазпошта» бөлімшесіне барып, уақыт жоғалтпайсыз. Сіз ол үшін газеттің Kaspi Gold 4400 4303 8300 8213 картасына немесе +7 777 797 77 88 нөміріне (Сұлтан Жасұлан) қажетті ақшаны (12 айға – 9 800 теңге) аударсаңыз, аударған қаржыны растайтын түбіртек көшірмесін және аты-жөніңізді, ЖСН (ИИН) нөміріңізді, тұрғылықты мекенжайыңызды редакцияның WhatsApp +7 701 505 48 48 нөміріне жіберсеңіз жеткілікті. Содан кейін редакция қызметкері «Қазпошта» бөлімшесіне барып, аударған ақшаңызға Сізді газетке жаздыртады, түбіртекті жібереді. Ал, «Қазпошта» АҚ заңды тұлғалармен айналысатын қызметкері – Айжан, +7 701 611 41 54, жазылудың жолын айтады. Тек 2027 жылға жазылу 2026 жылдың 25 желтоқсанында аяқталатынын естеріңізге саламыз.

ҚР ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ 2026 ЖЫЛҒЫ 31 ҚАЗАНҒА АРНАЛҒАН ВАЛЮТА БАҒАМЫ

EUR/KZT 508.42 USD/KZT 457.09 RUB/KZT 5.67 TRY/KZT 9.17 CNY/KZT 68.56 JPY/KZT 2.89 KGS/KZT 5.23

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ЖАҢА ТӘРТІБІ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЕНГІЗІЛЕДІ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев Үкімет отырысында Қазақстанда әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәртібі қашан енгізілетінін және өзгерістер алдымен кімдерге қатысты болатынын айтты.

Министрдің мәліметінше, мұқтаждық қағидатын 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап кезең-кезеңімен енгізу тетіктерін жетілдіру жұмыстары биыл қарашада аяқталады.

– 2026 жылғы желтоқсанда Отбасының цифрлық картасын екінші деңгейлі банктердің жүйелерімен интеграциялау қамтамасыз етіледі. Реформаның мақсаты мен оны енгізу тәртібі туралы халық арасында тұрақты түрде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мұқтаждық қағидатын енгізу бойынша пилоттық жобаны 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай тәртіппен: табыс деңгейі жоғары азаматтарға қатысты: қаңтар-ақпан айларында, ал ауқатты азаматтарға қатысты ақпан-сәуір айларында іске асыру ұсынылады, – деді Асқарбек Маратұлы.

Оның айтуынша, әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәртібі алдымен пилоттық режимде сынақтан өткізіледі. Оның қорытындысы бойынша өзгерістердің тиімділігі бағаланып, оларды одан әрі енгізу жөнінде шешім қабылданады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖҮК ТАСЫМАЛДАЙТЫН АЛҒАШҚЫ AIRBUS ҰШАҒЫ ҚАРАШАДА ЖЕТКІЗІЛЕДІ



Қазақстанның ұлттық жүк тасымалдаушысы әуе флотын Airbus A340 ұшақтарымен толықтырмақ. Алғашқы әуе кемесі биыл қарашада, екіншісі келер жылдың наурыз айында жеткізіледі. Бұл туралы Үкімет отырысында Көлік вице-министрі Талғат Ластаев баяндады.

Көлік вице-министрінің айтуынша, «Air Cargo» компаниясы әуе кемелерін жеткізу жөнінде келісімшартқа қол қойған.

– Биыл қараша айында алғашқы Airbus A340 әуе кемесінің келуі күтілуде. Екінші әуе кемесін жеткізу келесі жылдың наурыз айына жоспарланған. Нәтижесінде әуе кемелерінің жалпы саны 10-ға жетеді, – деді Талғат Тілеубекұлы.

Сәрсенбіде өз Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Air Cargo» жеке компаниясына үлкен үміт артылғанын айтқан еді.

– Оның қаржылық мүмкіндігі мол, соның ішінде шетелдің жетекші мамандарының еңбекақысын төлеуге де қауқарлы. Сондай-ақ, компания дербес шешім қабылдай алады. Бірақ, әлі күнге дейін нақты шешім де, нәтиже де жоқ. Сіздерге сенім арттық. Енді нақты нәтиже күтеміз, – деді Президент.

МҰҒАЛІМДЕРГЕ МІНДЕТТІ ҚҰЖАТТАР САНЫ 25-ТЕН 5-КЕ ДЕЙІН ҚЫСҚАРАДЫ

Елімізде педагогтер жүргізуге міндетті құжаттар тізімін 25-тен 5-ке дейін қысқарту жоспарланып отыр. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова Үкімет отырысында баяндады.

Министрдің айтуынша, педагогтердің кәсіби қызметіне қатысы жоқ жүктемені азайту және олардың қоғамдағы мәртебесін нығайту – өзекті мәселелердің бірі.

2020 жылы №130 бұйрықпен білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті 25 құжаттың тізімі бекітілген. Енді Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, мұғалімдерді артық есептіліктен арылту мақсатында бұл тізімді бес құжатқа дейін қысқарту жоспарланып отыр.

Олар:

1) сабақ жоспары;

2) үлгерімді онлайн журналда толтыру;

3) қосымша білім беру педагогтері үшін сабақтан тыс жоспарын есепке алу журналы;

4) сынып жетекшелеріне арналған «Адал азамат» бағдарламасын іске асыру жоспары;

5) сұраныс бойынша оқушыларға берілетін мінездеме.

Тиісті нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізілетін болады.

Сәрсенбі күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында ұстаздың білім беруіне кедергі келтіретін басы артық жұмыстарды доғару керегін айтқан еді.



ФОТО: AKORDA.KZ

ЖОЛДАУ – 2026:

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА БАСЫМДЫҚТАР

01-беттен

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында Ұлттық қор қаражатын тиімді пайдалану мәселесіне тоқталды. Мемлекет басшысы Қордың негізгі мақсаты ел байлығын сақтау және арттыру, оны қазіргі әрі келешек ұрпақтың игілігіне жарату екенін атап өтті.

– Бірақ, Ұлттық қордың ресурсын жинақтау және оны пайдалану арасында теңгерім сақталуға тиіс. Қаражатты тек қоғамға барынша пайдалы дүниеге ғана жарату керек. Ең бастысы, жұмсалған ақшаның экономикалық және әлеуметтік қайтарымы болуы қажет. Өйткені, бөлінетін мемлекет қаражатының негізгі мақсаты – халықтың әл-ауқатын көтеру, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жолдауда жергілікті шағын және орта бизнес өкілдерін құрылыс жұмыстарына тарту және жобалардың орындалуын қатаң бақылау қажеттігі де айтылды. Жоспар бойынша, өңірлерде 70-ке жуық денсаулық сақтау нысаны салынып, білім беру, спорт және мәдениет салаларындағы 50-ге жуық мекеменің құрылысы басталмақ. Сонымен қатар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту, елді мекендерді газбен және таза ауыз сумен қамтамасыз ету көзделген.

Мемлекет басшысы осы ел игілігін арттыруға арналған үлкен құрылыс қозғалысына «Халықтық құрылыс» деген атау беруді атап өтті.

– «Халықтық құрылыс» бағдарламасы азаматтардың әл-ауқатын арттыратын, кәсіпкерліктің өркендеуіне, дамуына, ұлттық экономиканы жандандыруға зор ықпал ететін төл тарихымыздағы ең үлкен инфрақұрылымдық жоба болмақ, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл бастама жүз мыңдаған адамды жұмыспен қамтымақ.

■ САПАЛЫ ЖОЛДАР – ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР

Жолдауда Мемлекет басшысы логистика елдің өсіп-өркендеуіне тікелей ықпал ететін маңызды фактор екенін атап өтті.

– Қазіргі таңда логистика мәселесімен барлық елдер айналысуда. Дамыған көлік логистикасы болмаса, тіпті, бүгінгі күшті ел ертең құрдымға кетеді, – деді Президент.

Оның айтуынша, теңіз жолдарындағы тұрақсыздық құрлықтағы көлік дәліздерінің стратегиялық маңызын арттырды. Қазақстан осы мүмкіндікті пайдаланып, Еуразиядағы жетекші логистикалық орталыққа айналуға тиіс. Қазірдің өзінде Қытайдан Еуропа құрлығына тасымалданатын жүктің 85 пайызы еліміздің аумағы арқылы өтеді.

– Алайда барға қанағат етіп, тоқмейілсіп отыру – болашақта көш соңында қалу деген сөз. Біз халықаралық жүк тасымалы ағындарының толыққанды ұйымдастырушысы болуымыз керек. Бұл үшін отандық логистикалық операторларды дамытып, жүктерді шоғырландырумен және бөлумен айналысатын орталықтар құруға баса назар аударған жөн. Сондай-ақ, көлік тораптарының айналасынан жаңа өндірістер мен сауда орындарын ашу маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанның барлық аймағын байланыстыратын заманауи теміржол және көлік жолдары желісін құруды стратегиялық міндет деп атады.

Осы бағытта бірқатар ірі жоба жүзеге асырылмақ. Келесі жылы «Бақты – Аягөз» теміржол желісін іске қосу жоспарланған. Оның арқасында Қытаймен арадағы жүк өткізу мүмкіндігі 20 миллион тоннаға артпақ. Ал, тамыз айында құрылысы басталған «Арал – Каспий» күре жолы Транскаспий дәлізінің қашықтығын шамамен мың шақырымға қысқартып, жүк жеткізу мерзімін үш күнге дейін азайтпақ.

Көлік жолдарының сапасы да назардан тыс қалмады. Жүк көлемі жыл сайын ұлғайған сайын жол инфрақұрылымын жаңғырту қажеттігі артып келеді. Осыған байланысты «Көкшетау – Петропавл» тас жолын кеңейту, республикалық және жергілікті деңгейдегі жолдарды сапалы салу, автокөлік өткізу бекеттерін жаңғырту міндеттері қойылды.

– Қайталап айтамын: Бізге сапасы өте жоғары жолдар керек. Битум мен қиыршық тастардың сапасын алға тартып, сылтау айтуға жол берілмейді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент шекарадағы ұзын-сонар кептелістерді азайтып, Қазақстан арқылы өтетін автокөлік транзитінің жартысынан көбі шетелдік тасымалдаушыларға тиесілі болғандықтан, отандық жүк тасымалдаушыларға қолдау көрсету керектігін де атап өтті.

– Естеріңізге салайын: қызмет көрсетуге арналған заманауи инфрақұрылымы бар сапалы жолдар болмаса, Қазақстан жаһандық деңгейдегі транзиттік аймаққа, яғни Еуразияның көлік-логистикалық орталығына айнала алмайды. Бұл жұмыстардың түпкі мәні – осында. Біз бұл міндетті қалайда орындауымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Көлік-логистика саласындағы тағы бір маңызды бағыт – әуе тасымалы. Президент Еуропа мен Азияны жалғайтын негізгі әуе дәліздері Қазақстан аумағы арқылы өтетінін елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын басымдық екеніне тоқталды.

– Осы басымдығымызды тиімді пайдалану үшін жерде қызмет көрсетуге арналған озық инфрақұрылым құру қажет. Бұл – әлемде бар тәжірибе. Ал, әзірге қыруар табыс уысымыздан шығып кетіп жатыр, – деді Президент.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы бүгінде еліміздегі бірнеше әуежайдың құрылысы қатар жүргізіліп жатқандығын тілге тиек етті.

– Мұндай нысандарды бір мезетте салу тәжірибесі ел тарихында бұрын-соңды болмаған. Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіру жұмысы аяқталды, таяуда Зайсан, Катонқарағай, Кендірлі әуежайлары іске қосылады. Келесі жылы осы саладағы әлемдік ірі компаниялардың бірін тарта отырып, Астанада жаңа әуежайдың құрылысын бастаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ, Президент халықаралық көлік бағыттарын толық цифрландыру қажеттігін атап өтті.

– Жасанды интеллект дәуірінде жаһандық транзит ағындарын қағаз жүзінде басқару – ақылға қонымсыз іс. Бұл – құрдымға апаратын ең төте жол, – деді Мемлекет басшысы.

■ ЖАҢА ҚУАТ КӨЗДЕРІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның энергетикалық әлеуетін арттыруды ел экономикасының тұрақты дамуы мен технологиялық өрлеуінің маңызды шарты ретінде атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, қазіргі кезеңді шын мәнінде «электр дәуірі» деп атауға болады. Сондықтан, Қазақстан өзінің шикізаттық артықшылығын энергетикалық және технологиялық тұрғыдан өрлеу үшін пайдалануға тиіс.

Президент энергетика саласында қордаланған мәселелерге де назар аударды. Елде электр энергиясының тапшылығы байқалып, қыс мезгілінде қуат көзін көрші мемлекеттерден қымбат бағамен сатып алуға тура келетіндігін, жаңа генерация нысандарының құрылысы мен іске қосылу мерзімдерінің кейінге шегерілуі де саланың дамуына әсер етіп отырғандығын айтты.

– Сондықтан, еліміз 2029 жылға қарай қуат көзін артығымен өндіретіндей деңгейге жету керек. Бұл – біздің алдымызда тұрған стратегиялық міндет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы мақсатқа жету үшін жаңа электр станцияларын салу, қолданыстағы нысандар мен электр желілерін жаңғырту, «таза» көмір генерациясын және жаңартылатын энергия көздерін дамыту көзделіп отыр. Сонымен бірге атом энергетикасына ерекше мән беріліп, «Балқаш» АЭС-інің құрылысын бастау және «Мойынқұм» АЭС-інің құрылысын жеделдету мәселесі көтерілді.

Мемлекет басшысы атом энергетикасын дамытуда ұзақ мерзімді жоспарлаудың маңызын да атап өтті. Атом электр станцияларын уранмен қамтамасыз ету, мемлекеттік стратегиялық қор құру, шетелдік серіктестерді жоғары технологиялық өндірістер ашуға және ұлттық мамандарды даярлауға тарту мәселелерін жан-жақты пысықтау қажеттігіне тоқталды.

Сонымен қатар, Үкіметке 2035 жылға дейінгі бірыңғай энергетикалық теңгерімді қайта қарау міндеті қойылды. Президент энергетикалық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда жеке инвестицияларды тартудың маңызын атап өтіп, мемлекет қаражаты жеке инвестиция тартуға кепіл болуы керектігін айтты.

■ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

Мемлекет басшысы шағын және орта бизнестің экономикадағы рөліне ерекше назар аударды. Президент отандық өндірушілерге жасалатын негізсіз кедергілерді сынға алып, бизнесті қорғаудың ұлттық экономиканың дербестігін нығайтумен тікелей байланысты екенін атап өтті.

Шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесі 40 пайызға жетті. Президенттің айтуынша, кәсіпкерлердің үштен бірінен астамы саудамен айналысады. Сондықтан, бизнесті әртараптандыру, орта кәсіпорындарды ұзақ мерзімді қаржыландыру және технологиялық жаңғырту маңызды.

Сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің бір бөлігін шағын және орта кәсіпорындардың еншісіне қалдыру, бұл ретте өнім жеткізушілерге қойылатын талаптарды жеңілдетіп, кәсіпкерлер үшін тұрақты ережелер қалыптастыру қажеттігін атап өтті.

Биылғы бірінші жартыжылдықта жеке кәсіпкерлердің заң бұзушылықтары 34 пайызға азайғанымен, айыппұл сомасы шамамен 11 пайызға өскен, ал жоспардан тыс тексерістер ондаған есе көбейген.

– Бизнеске «кедергі келтірмеудің» өзі үлкен көмек екенін іскерлік белсенділікке қатысты жүргізілген талдау анық көрсетіп отыр. Бұл орайда микро және шағын бизнесті тексеруге 2020-2023 жылдарда жарияланған мораторийдің пайдалы тәжірибесіне қайта жүгінуге болады. Бұл тәжірибе өз тиімділігін көрсетті. Құрылтай депутаттарына Үкіметпен бірге 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап кезекті үш жылдық мораторий енгізудің қаншалықты орынды екенін талқыға салуды ұсынамын. Бұл ретте бұған дейінгі мораторийдің артықшылықтары мен кемшіліктері түгел ескерілуі керек, – деді Президент.

Сонымен қатар, Президент отандық өндірушілерге кедергі келтіру және импорттық тауарлардың құнын қолдан төмендету мәселелеріне тоқталып, кәсіпкерлерге, шағын және орта бизнеске тең мүмкіндік беріп, әділ бәсекеге жол ашу қажеттігін атап өтті.

■ ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Бұдан бөлек, Президент Жолдауында Қазақстанның жаңа тарихи кезеңдегі даму бағдарын айқындайтын бірқатар маңызды міндеттер белгіленді. Жолдауда цифрлық экономиканы дамыту да басым бағыт ретінде көрсетілді. Елде цифрлық инфрақұрылым қалыптастыру жұмыстары басталғанымен, Президент цифрландыруды тек бағдарламалық өнім сатып алумен немесе қолданыстағы үдерістерді автоматтандырумен шектеуге болмайтынын ескертті. Жасанды интеллектіні, цифрлық платформаларды және активтерді токендеу тетіктерін экономиканың нақты салаларында қолдану қажет. Бұл ретте азаматтардың тұрғылықты жеріне қарамастан цифрлық құралдар арқылы табыс табуына, ал кәсіпкерлердің өнімін өткізуіне мүмкіндік жасау көзделеді. «Біздің мақсатымыз – шын мәнінде халықтық цифрлық экономика құру», – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Жолдауда экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін инфляцияны тежеу, халық табысын арттыру, инвестиция тарту және қаржы ресурстарын экономиканың нақты секторын дамытуға тиімді пайдалану міндеттері де көтерілді.

Салық саясатына қатысты Президент заңнама өмірдің шындығынан алшақтамауы керектігін айтып, кәсіпкерлерге түсетін артық жүктемені азайту мен түсініксіз нормаларды реттеудің маңызын атап өтті. Сонымен қатар, салық салудағы әділеттілік пен көлеңкелі экономиканы азайту мәселелеріне назар аударылды.



«Халықаралық валюта қоры ұсынған болжамға сәйкес, биыл еліміздің жалпы ішкі өнімі 400 миллиард долларға жуықтайды. Оның жан басына шаққандағы үлесі 19 мың доллардан асатын болды. Еліміз экономикасының көлемі жағынан әлемде 47 орынға көтеріледі. Бұл – халқының саны бізден әлдеқайда көп бірқатар елдің көрсеткішінен жоғары деңгей деген сөз...»

– Әділ салық салу ашықтықты, яғни жаппай цифрландыруды талап етеді. Салық түсімін арттырып, көлеңкелі экономика мен жемқорлық сынқатерлерін азайту үшін озық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні пайдалану қажет, – деді Президент.

Халықтың әл-ауқатын арттыру міндеті әлеуметтік және азаматтық инфрақұрылымды дамыту жоспарларымен де ұштасады. Президент келесі жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялауды ұсынды. Жолдар, әуежайлар, вокзалдар, денсаулық сақтау мекемелері, ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған оңалту орталықтары, шығармашылық үйлері, спорт кешендері, кітапханалар мен ғылыми орталықтар салу көзделіп отыр.

Сондай-ақ, әлеуметтік көмекті шын мұқтаж адамдарға бағыттау, білім беру саласындағы артық жүктемені азайту және мұғалімнің мәртебесін қорғау мәселелері қозғалды.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Жолдауда көтерілген бастамалар ел экономикасының бірнеше маңызды саласын қамтиды. Инфрақұрылым, энергетика, кәсіпкерлік пен цифрландыру бағытындағы міндеттер өзара сабақтасып, Қазақстанның алдағы даму бағдарын айқындайды. Алға қойылған мақсаттарға жүйелі жұмыс, ашықтық әрі ортақ жауапкершілік арқылы қол жеткізу еліміздің орнықты дамуына жол ашпақ.

Жансая ШЫҢҒЫСХАН

МАҚАЛАНЫҢ ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫН ГАЗЕТТІҢ САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗ

АҚОРДАНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫН ЖАРИЯЛАДЫ.

ПРЕЗИДЕНТ РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

– Қымбатты отандастар! Баршаңызды ұлттық мерекеміз – Республика күнімен құттықтаймын! Бұл – мыңжылдықтардан тамыр тартатын қазақ мемлекеттілігінің қайта жаңғыруын айшықтайтын қастерлі мереке. Біз егемендік жылдарында талай сын-қатерді еңсеріп, биік белестерді бағындырдық. Осылайша, еліміздің іргесін бекемдеп, елдігіміздің тұғырын нығайта түстік. Қазақстан Тәуелсіздіктің 35 жылдық межесіне экономикасы қуатты, қоғамы жасампаз, күллі әлем қауымдастығы құрметпен қарайтын, беделі зор әрі ықпалды орта держава, өркениетті мемлекет ретінде жетіп отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының сөзінше, биыл біз ұлт жылнамасының жаңа парағын ашып, тарихи өрлеу дәуіріне бетбұрыс жасадық.

– Алдымызда тұрған мақсат – баршаға айқын. Біз мықты мемлекеттік институттары мен сапалы адам капиталы бар, жаһандық бәсекеге қабілетті, озық, дамыған, жасампаз, зайырлы ел болуымыз керек. Осы орайда, Конституциямыздың заңды күшіне енуі халықаралық қоғамдастықтың назарын аударған, тарихи мән-мағынасы аса ерекше оқиға болды. Конституция мемлекеттік басқару жүйесінің толығымен жаңаруына, еліміздің саяси, экономикалық, мәдени және әлеуметтік салаларында түбегейлі өзгерістер жасауға үлкен серпін берді. Біз Конституцияда айқындалған құндылықтарға сүйене отырып, стратегиялық бағдарымыздан айнымай, міндетті түрде алға қадам басамыз, алдымызға қойған барлық міндеттерді жүзеге асырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазір Қазақстан озық технологиялар мен инновацияларды жүйелі дамытып, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін ел игілігіне жарата бастағанымызды атап өтті.

– Заманауи өндіріс орындарын ашып, инфрақұрылымды жаңғыртып, мектептер, ауруханалар және басқа да әлеуметтік нысандарды салып жатырмыз. Халқымыздың игілігі үшін көптеген жобаны іске асыру жоспарымызда бар. Ең бастысы, біз алысқа көз тігетін ұлт ретінде жасампаз мақсаттар мен ұлы мұраттар жолында ұйысып, жарқын болашаққа зор сеніммен ұмтыламыз. Бүгінде білімпаздық, адал еңбек, жоғары жауапкершілік және шынайы отаншылдық қасиеттері халқымыздың болмысына сіңіп, өмірлік дағдысына айналуда. Біз Заң мен Тәртіп, Тазалық пен Қоршаған ортаға қамқорлық құндылықтарын кең ауқымда дәріптеп, қоғамда жаңа этика қалыптастыру ісін қолға алдық. Осылайша, егемендігіміздің тұғырын күшейтіп, Әділетті, Қауіпсіз, Озық әрі Таза Қазақстанды құрып жатырмыз. Еліміздің шаңырағы биік, ұлтымыздың рухы асқақ болсын! Көк байрағымыз әрдайым биікте желбіресін! – деп құттықтауын жеткізді Президент.



КОЛЛАЖ: АЙНҰР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ

РЕСПУБЛИКА КҮНІ:

ЕГЕМЕНДІК ЖОЛЫ – ЕЛДІКТІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

01-беттен

1990 жыл. Кеңес Одағының саяси жүйесі әлсіреп, одақтас республикалар өз болашағына қатысты шешімдер қабылдай бастаған кезең. Қоғамда жаңару үдерісі жүріп, ұлттық сана күшейді. Бұрын орталыққа тәуелді болған республикалардың мемлекеттік дербестікке ұмтылысы жаңа сипат алды. Осындай тарихи жағдайда Қазақстанның да саяси-құқықтық мәртебесін айқындау қажеттігі туындады.

Дәл осы күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны» қабылдады. Кеңес Одағы әлі тарамаған, республикалардың болашағы бұлыңғыр тартқан алмағайып кезеңде қабылданған құжат Қазақстанның мемлекеттік дербестікке қарай бағыт алғанын аңғартты. Ал, бұл шешім ұлттық тарихтың жаңа тарауын ашуда айрықша маңызға ие болды.

Декларация Қазақстанның өз аумағына иелік етуі, ішкі мәселелерін дербес шешуі, ұлттық мүддесін қорғауы секілді мемлекеттіліктің негізгі қағидаттарын жариялады. Ел аумағының тұтастығы мен оған қол сұғылмауы, азаматтық, мемлекеттік биліктің дербестігі, экономикалық және мәдени дамудың ұлттық мүддеге сай өрбуі құжаттың өзекті ұстанымдарына айналды. Сонымен қатар, онда қазақ халқының ұлттық қайта түлеуіне, мәдениеті мен тілін дамытуға қатысты мәселелер де көрініс тапты.

■ ДЕКЛАРАЦИЯДАН ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ДЕЙІН

1990 жылдың күзіндегі тарихи шешім мен 1991 жылғы тәуелсіздік жариялауы – бір-бірімен сабақтас оқиғалар. Дегенмен, олардың құқықтық мазмұны мен тарихи орны бөлек. Егемендік туралы декларация Қазақстанның дербес мемлекет болуға негізделген ұстанымдарын айқындаса, 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң елдің тәуелсіздігін заң жүзінде бекітті. Осы екі тарихи датаның арақатынасы мемлекеттіліктің қалай қалыптасатынын түсінуге мүмкіндік береді. Егемендік елдің өз тағдырын өзі айқындауға деген құқығын орнықтыру болса, тәуелсіздік – сол құқықтың толыққанды мемлекеттік мәртебеге айналуы. Сондықтан, 25 қазан мен 16 желтоқсанды бір-біріне қарсы қоюға да, бірінің маңызын екіншісімен өлшеуге де болмайды. Екеуі – бір тарихи үдерістің өзара жалғасқан белестері.

Тарихтың осы тұсында Қазақстан күрделі саяси өзгерістерді бастан өткерді. Кеңестік жүйенің іргесі сөгіліп, бұрынғы одақтас республикалар өз болашағын таразылай бастаған еді. Мұндай жағдайда мемлекеттік егемендік туралы декларация қабылдау елдің саяси бағытын айқындауға мүмкіндік берді. Кейін тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуға қажетті құқықтық негіздердің орнығуына жол ашылды. Декларацияда көрініс тапқан аумақтық тұтастық, ұлттық мүдде мен дербес даму ұстанымдары кейінгі мемлекеттік құрылыс кезеңінде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Олар елдің Конституциясында және мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарында жалғасын тапты.


■ МЕРЕКЕ МӘРТЕБЕСІ НЕГЕ ӨЗГЕРДІ?

Республика күнінің тарихы да бірізді болған жоқ. Республика күні еліміздің мерекелік күнтізбесінде бірқатар өзгерісті бастан өткерді. 1995 жылы 18 қазанда Республика күні ұлттық мереке болып жарияланды. Кейін 2001 жылы мемлекеттік мерекелер қатарына ауыстырылып, 2009 жылы оны мерекелеу тоқтатылды. Араға он үш жыл салып, 2022 жылы тарихи датаға ұлттық мереке мәртебесі қайта берілді. 2022 жылғы 16 маусымда Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күнінің мәртебесін қалпына келтіруді ұсынды. Сол жылдың қыркүйегінде тиісті заңнамалық өзгерістер қабылданып, 25 қазан ұлттық мереке ретінде қайта бекітілді. Ал, 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні мәртебесін сақтап қалды.

Мерекенің мәні – сол күннің ел жадында қандай ой қалдыратынында. Республика күні бізді бүгінгі мемлекеттіліктің қадірін түсінуге жетелейді. Егемен ел болу – өз шекараңды айқындап, мемлекеттік рәміздеріңді бекітумен тамамдалатын үдеріс емес. Оның жалғасы – ұлттық тілді, мәдениетті, тарихи жадты сақтау, қоғамның бірлігін нығайту, елдің болашағына ортақ жауапкершілікпен қарау.

1990 жылғы 25 қазанның тарихи салмағы осында. Қазақстанның өз болашағын дербес айқындауға бет бұрғанын білдіретін белес. Ал, сол белестің мәнін тану – ел тарихын құрметтеудің, егемендіктің қадіріне жетудің бір жолы. Өйткені, мемлекет тарихы қабылданған құжаттармен ғана жазылмайды. Ол – сол құжаттарға негіз болған халықтың арманы, ұстанымы мен келешекке артқан үмітінің шежіресі.

Перизат ЗАХРАДИН



ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ
ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА КАЗАХСКОЙ ССР

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация жөнінде

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдансын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі
Е.АСАНБАЕВ

Алматы, 1990 жылғы 25 қазан.
№ 307-XII



2026 ЖЫЛҒЫ 17 ҚАЗАНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ӨТТІ.

ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНА – 80 ЖЫЛ:

ҒЫЛЫМҒА ҚЫЗМЕТ, ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ КӨКЖИЕГІ

1946 жылы Қаныш Сәтбаевтың бастамасымен құрылған Академияның сексен жылдық тарихы – отандық ғылымның қалыптасуы мен өркендеуінің, іргелі ғылыми мектептердің орнығуы мен бірнеше буын ғалымдардың қажырлы еңбегінің шежіресі. Мерейтойлық жиын осы бай ғылыми мұраны бүгінгі технологиялық жаңғырумен сабақтастырып, Қазақстан ғылымының болашақ даму бағдарын айқындайтын халықаралық деңгейдегі маңызды оқиғасы болды.

Салтанатты жиынға мемлекеттік органдар мен шетелдік ғылым академияларының басшылары, Академия мүшелері, жетекші отандық және шетелдік ғалымдар, қоғам қайраткерлері, бизнес қауымдастығының өкілдері, жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың бірінші басшылары, халықаралық әріптестер және жас зерттеушілер қатысты.

Қатысушыларға Академияның негізгі жетістіктері мен отандық ғылымның даму кезеңдерін қамтитын мультимедиалық таныстырылым ұсынылды. Бағдарламаның ерекше сәттерінің бірі – Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті, академик Қаныш Сәтбаевтың 3D-голограммасының көрсетілуі болды.

Салтанатты жиынды Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ашып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық ғылым академиясының 80 жылдығына арналған арнайы Құттықтау хатын оқып берді. Президент өз құттықтауында Қаныш Сәтбаев негізін қалаған Академияның отандық ғылымды дамытудағы тарихи рөліне тоқталып, оның еліміздің индустриялық, экономикалық және зияткерлік әлеуетін нығайтуға қосқан елеулі үлесін атап өткен. «Биыл бірінші шілдеде күшіне енген жаңа Конституцияда алғаш рет адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны өркендету мемлекеттің стратегиялық міндеті ретінде бекітілді», – делінген Президент құттықтауында.

Бұл өзгерістер ғылымды мемлекеттік саясаттың стратегиялық басымдықтарының бірі ретінде орнықтырып, ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін арттыруға, жаңа технологияларды дамытуға және отандық ғылыми әлеуетті нығайтуға берік негіз қалыптастыруда.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Ұлттық ғылым академиясын 80 жылдық мерейтойымен құттықтап, оның отандық ғылымның қалыптасуы мен дамуына қосқан тарихи үлесін атап өтті. Министр ғылымның елдің зияткерлік әлеуетін арттырудағы, экономиканы жаңғыртудағы және технологиялық тәуелсіздікті нығайтудағы стратегиялық маңызын ерекше атады.

Салтанатты жиынды ҚР ҰҒА президенті, академик Ақылбек Қажығұлұлы Күрішбаев жүргізіп, негізгі бағдарламалық баяндама жасады. Академияның жаңа мәртебесі аясында атқарылған жұмыстар мен алдағы стратегиялық міндеттерді таныстырды. Қазіргі кезеңдегі басты мақсат – ғылымды жекелеген зерттеулер жиынтығынан ел экономикасының нақты қажеттіліктеріне жауап беретін, ғылыми нәтижелерді өндіріске енгізуге бағытталған біртұтас жүйеге айналдыру.





Академияның бастамасымен өткізілген 75-тен астам өңірлік және салалық форсайт-сессия нәтижесінде 220-ға жуық перспективалы міндет анықталды. Осы негізде технологиялық тәуелсіздікті нығайтуға, іргелі зерттеулерді дамытуға және жаңа ғылыми құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған ғылыми басымдықтардың төрт деңгейлі моделі ұсынылды. Аталған модель Үкімет тарапынан қолдау тауып, оны 2027 жылдан бастап қолдану көзделген.

Сонымен қатар, Академия су ресурстарын басқару, сейсмикалық қауіпсіздік, стратегиялық маңызды минералдар, энергетикалық материалдар, ауыл шаруашылығы селекциясы және биотехнология бағыттары бойынша флагмандық ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруды жоспарлап отыр. Жасанды интеллектіні ғылыми зерттеулерге енгізу, Qazaqstan AI for Science ұлттық зерттеу экожүйесін дамыту және Қазақстанның ұзақмерзімді ғылыми-технологиялық даму стратегиясын әзірлеу де негізгі басымдықтардың қатарында.

ҚР ҰҒА президенті ғылымның жаңа даму кезеңінде тұрақты әрі ұзақмерзімді қаржыландыру жүйесін қалыптастырудың, ғылыми ұйымдардың дербестігін кеңейтудің және зерттеу нәтижелерінің экономикалық тиімділігін арттырудың маңызын атап өтті. «Академияның сексен жылдығы – оның тарихи мұрасы мен жаңа жауапкершілігі тоғысқан маңызды белес», – деп атап өтті А.Күрішбаев.

Мерейтойдың маңызды оқиғаларының бірі – ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының бес жас ғалымына Мемлекет басшысынан тұрғын үй сертификаттарының салтанатты түрде табысталуы. Бұл – ғылым жолын таңдаған жас мамандарға көрсетіліп отырған әлеуметтік қолдаудың және олардың ғылыми қызметпен тұрақты айналысуына қолайлы жағдай жасаудың нақты көрінісі.

Салтанатты жиын аясында Қытай, Ресей, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғолия елдерінің ғылым академияларының басшылары ҚР ҰҒА-ның 80 жылдығына арналған мерейтойлық төсбелгілермен марапатталды.

Салтанатты жиын аясында алғаш рет Қазақстан Республикасы Президентінің Архивімен бірлесіп әзірленген «ҚР ҰҒА – 80 жыл» тарихи-құжаттық көрмесінде Академияның құнды, бұрын-соңды көрсетілмеген архивтік құжаттары мен суреттері, Академияның қалыптасу кезеңдері, көрнекті ғалымдар мен ғылыми мектептердің мұрасы таныстырылады.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ведомстволық марапаттарымен отандық ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан жетекші ғалымдарды алғаш рет «Қаныш Сәтбаев» медалімен марапаттады. Марапаттау рәсімі ғылыми жетістіктерді дәріптеуге, отандық ғалымдардың еңбегін бағалауға және халықаралық академиялық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталды.

Ұлттық ғылым академиясының 80 жылдығы – отандық ғылымның тарихи жетістіктерін ұлықтаумен қатар, мемлекеттің ғылымға деген стратегиялық қолдауын, ғылыми ұрпақтар сабақтастығын және Қазақстанның жаңа ғылыми-технологиялық даму кезеңіне қадам басқанын айшықтаған маңызды белес.

ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ РОБЕРТО БОЛТРИДІҢ «МАРКЕ: ШЫҒЫСҚА АШЫЛҒАН ҚАҚПА» КІТАБЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Жетісу университетінде итальяндық жазушы, эколог және қоғам қайраткері Роберто Болтридің жуырда жарық көрген «Марке: Шығысқа ашылған қақпа» атты кітабының тұсаукесері өтті. Италия мен Орталық Азия арасындағы тарихи-мәдени байланыстарды арқау еткен туындының таныстырылымына университет ректоры Ермек Бөрібаев, профессор-оқытушылар құрамы мен білім ордасының қызметкерлері қатысты. Автор университетке арнайы келіп, жаңа еңбегінің мазмұнымен таныстырып, кітаптың бірнеше данасын оқу орнының кітапханасына тарту етті.



Кітапта Италияның Марке аймағы мен Орталық Азия халықтары арасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи, мәдени және экономикалық байланыстар кеңінен баяндалады. Шығыс пен Батыстың өзара ықпалдастығы, халықтар арасындағы қарым-қатынастардың тарихи негіздері мен олардың бүгінгі күндегі жалғасы көрініс тапқан.

Автор өз еңбегінде Ұлы Жібек жолының тарихи-мәдени маңызын зерделей отырып, осы көне өркениет жолының бойында орналасқан Жетісу өңірінің табиғатын, тарихи мұрасын және мәдени ерекшеліктерін кеңінен суреттейді. Кітапта Шығыс пен Батысты жалғаған Ұлы Жібек жолы арқылы қалыптасқан тарихи байланыстар мен өркениеттер сабақтастығы көрініс тауып, Жетісу жерінің бай тарихы мен рухани құндылықтарын шетелдік оқырманға таныстырады. Кітаптың таныстырылымында сөз алған Роберто Болтри Қазақстанмен байланысы және Жетісу өңірінен алған әсері туралы әңгімеледі. Ұзақ жылдар Алматы қаласында тұрғанын айтып, Қазақстанның табиғи байлығы, тарихи мұрасы мен мәдени ерекшеліктері шығармашылығына ықпал еткенін атап өтті. Әсіресе, Жетісу жерінің көркем табиғаты, бай тарихы мен өзіндік рухани болмысы өңірге деген қызығушылығын арттырғанын жеткізді.

«Мен бұл туындымда Марке аймағы мен Орталық Азия арасындағы тарихи және мәдени ұқсастықтарды сипаттадым. Көркем қала Талдықорғандағы Жетісу университетінде ашылған Марке политехникалық университетінің (Università Politecnica delle Marche) филиалына ерекше мән бердім. Бұл – екі ел арасындағы ғылым мен білім байланысының бүгінгі күндегі маңызды әрі нақты нәтижелерінің бірі деп есептеймін», – деді Роберто Болтри.

Автордың жаңа еңбегінде Жетісу университетіне ерекше орын берілуі кездейсоқ емес. Бүгінде білім ордасында Италияның Марке политехникалық университетімен бірлескен академиялық қарым-қатынас дамып, білім беру мен ғылыми ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктері қалыптасуда. Бұл әріптестік халықаралық тәжірибе алмасуға, студенттердің кәсіби даярлығын жетілдіруге және екі елдің жоғары оқу орындары арасындағы өзара ықпалдастықты тереңдетуге жол ашады.

Университет ректоры Ермек Бөрібаев Роберто Болтриге мазмұнды еңбегі мен білім ордасына арнайы келгені үшін алғыс білдірді. Ректор автордың Қазақстанмен ұзақ жылдар бойы байланыс орнатып, ел тарихы мен мәдениетін шетелдік оқырманға танытуға үлес қосып жүргенін атап өтті. Сондай-ақ, жаңа кітапта Жетісу университеті мен оның базасында жұмыс істейтін итальяндық жоғары оқу орны филиалының қызметіне назар аударылуы екі ел арасындағы ынтымақтастықтың маңызын айқындайтынын жеткізді.

«Жетісу университетіне арнайы ат басын бұрып, филиалдың жұмысымен танысқаныңызға, білім алып жатқан студенттермен және итальяндық оқытушылармен кездескеніңізге алғыс айтамын. Сіздің еңбегіңізде университет қызметіне орын берілуі біз үшін ерекше қуаныш. Филиал кітапханасы Сіз тарту еткен экологиялық және тарихи тақырыптағы еңбектермен, оның ішінде «Марке: Шығысқа ашылған қақпа» кітабымен толықты. Біздің студенттер сіздің шығармаңыз арқылы Италияның Марке өңірінің тарихын, Орталық Азиямен байланысын және екі ел арасындағы қазіргі академиялық әріптестіктің қалыптасу жолын білетін болды. Бұл басылымдар құнды дереккөзге айналады деп сенемін. Сізге шығармашылық табыс тілеймін», – деді Ермек Бөрібаев.



Жазушының бұған дейін жарық көрген «Ұмытылған қасірет» атты еңбегі де құнды. Карлаг лагерінде құғын-сүргінге ұшыраған итальяндықтардың тағдырын арқау еткен бұл кітап тарихи жадыны сақтау мен өткеннің ақтаңдақтарын зерделеудің маңызын көрсетеді. Автордың осындай тақырыптарға қалам тартуы оның Қазақстанға деген қызығушылығының тек мәдени байланыстармен шектелмегенін, ел тарихын тереңірек танып, оны өзге жұртқа жеткізуге де мән беретінін аңғартады.

Роберто Болтридің Жетісу университетіне сапары – жаңа кітаптың тұсаукесері ғана емес маңызды мәдени-академиялық кездесу. Іс-шара тарихи мұра мен қазіргі білім беру саласындағы ынтымақтастықтың өзара сабақтастығын көрсетіп, екі ел арасындағы қарым-қатынастың мазмұнын кеңейте түсті.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Таяуда газетімізде ақтөбелік оқырман Серікбол Назарбекұлының ұлтымыздың қасиетті атауының араққа берілгеніне наразылық білдірген мақаласы *(«Ұлтымыздың атын қорлатпайық!», №26, 01.07.2026 ж.)* жарияланған еді. Автор «Қазақ» деген қастерлі ұғымның арақ бөтелкесіне жазылуын ұлттық намысқа тиетін жағдай деп бағалап, тиісті орындарды бұл мәселеге назар аударуға шақырған болатын.



Оқырманның жанайқайын орынды деп санап, Қазақстан Республикасының Үкіметіне арнайы хат жолдаған болатынбыз. Хатқа жауап келді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен келген жауап хатта қолданыстағы заңнамада алкоголь өнімдерінің атауында «қазақ» сөзін қолдануға нақты тыйым салынбағаны, тауар таңбасын тіркеуге кедергі келтіретін заңдық негіз анықталмағаны, сондай-ақ кәсіпкердің қызметіне заңсыз араласуға болмайтыны түсіндірілген. Алайда, бізді алаңдататыны – мәселенің заңдық жағы емес, оның ұлттық санаға, елдік ұғымға және халықтың арнамысына қатысы.

Заң тыйым салмаса, бәріне жол ашық деген сөз бе? Кәсіпкердің пайда табуға құқығы бар, бірақ сол пайда ұлттық қадір-қасиеттен жоғары тұруы керек пе? «Қазақ» деген сөз – жай ғана тауардың атауы емес. Ол – тұтас бір халықтың есімі, тарихы, рухы мен намысы. Ендеше, осы атауды алкоголь өніміне қолданудың қоғамдық салдары неге тереңірек қарастырылмайды?

Біз кәсіпкерлікке кедергі жасауды немесе біреуді орынсыз айыптауды көздеп отырған жоқпыз. Бірақ, ұлттық атауды кез келген өнімге қоя беруге бола ма деген сұраққа нақты жауап күткенбіз.

Егер қолданыстағы заңдар мұндай жағдайға шектеу қоюға мүмкіндік бермесе, онда заңнаманы жетілдіру мәселесін көтеретін уақыт жеткен сияқты. Қоғамның орынды алаңдаушылығын тек заңда тыйым жоқ деген уәжбен шектеп қою мәселені шешпейді.

Біздіңше, мемлекеттік органдар бұл жайтқа тек кәсіпкерлік пен тауар таңбасын тіркеу тұрғысынан қарамауы керек. Ұлттық құндылықтарды құрметтеу, елдің қоғамдық мүддесін қорғау да назардан тыс қалмауға тиіс. Қаржы министрлігінің жауабында мәселенің этикалық және қоғамдық маңыздылығы ескерілгені айтылғанымен, мұндай жағдайдың алдын алу үшін қандай нақты қадам жасалатыны көрсетілмеген. Ал, біз күткен жауап – заңдағы талаптарды тізіп шығу емес, мәселені шешудің жолын көрсету.

«Қазақ» газетінің атауы да, ұлттың аты да біз үшін жай сөз емес. Бірі – елдің жоғын жоқтап, халықтың мұңын жеткізген басылымның аты, екіншісі – сол халықтың ғасырлар бойы сақтап келген қасиетті атауы. Сондықтан, бұл мәселені бір хатпен жауып қоюға болмайды. Біз тиісті мекемелерден нақты ұстаным білдіріп, ұлттық атауды алкоголь өнімдерінде қолдануға қатысты заңдық мүмкіндіктерді қайта қарастыруды сұраймыз.

Төменде редакцияның хатына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен келген жауапты толық жариялап отырмыз. Оқырмандарымыз да хатпен танысып, өз бағасын берер...

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ ЕРЛАН ҚАРИННІҢ НАЗАРЫНА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ АЙБЕК ДӘДЕБАЙДЫҢ НАЗАРЫНА

АРАҚҚА ҰЛТ АТЫНАН БАСҚА АТАУ ТАБЫЛМАДЫ МА?

«Qazaq» республикалық газетінің редакциясына

2026 жылғы 24 тамыздағы №16-02/4349-1 хатқа

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мүдделі мемлекеттік органдар – ҚР Әділет, Ұлттық экономика, Мәдениет және ақпарат министрліктерінің, сондай-ақ Ақтөбе қаласы әкімі аппаратының ұстанымдарын ескере отырып, алкоголь өнімінің атауында «қазақ» сөзінің қолданылуына қатысты жолданған өтінішті қарастыра келе төмендегіні хабарлайды.

Аталған мәселені жан-жақты қарау мақсатында еліміздегі тауар таңбаларын қорғау, кәсіпкерлік және жарнама саласындағы қолданыстағы заң талаптары мұқият зерделенді. Атап айтқанда, «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тауар белгісін *(таңбасын)* мемлекеттік тіркеуден өткізу жолданған *(мәлімделген)* белгінің заңнамада айқындалған талаптардың сәйкестігіне анықтауды көздейтін сараптаманың нәтижелеріне байланысты жасалады.

Осы заңның 6 және 7-бабында тиісті белгілерді тауар таңбасы ретінде тіркеуді шектейтін негіздемелер қарастырылған. Бұл талапты ескере отырып, тіркеу кезінде жүргізілген сараптаманың нәтижелеріне сәйкес аталған тауар белгілерін тіркеуді болдырмайтындай негіздеме анықталған жоқ.

Бірақ Қазақстан заңнамасында тауар таңбасының тіркелуіне дау айту мүмкіндігі қарастырылған. Аталған заңның 23-бабының 1-тармағына сәйкес тауар белгісінің тіркелуіне қатысты көзделген негіздемелерге байланысты толықтай немесе ішінара дауласып, ол жарамсыз деп танылуы мүмкін. Тиісті тәртіпті кез келген мүдделі тұлға қолдануға құқылы.

Сонымен бірге еліміздің заңнамасына сәйкес масс-медиа мен онлайн-платформаларда алкоголь өнімдерін жарнамалауға тыйым салынғанын айта кету керек. Бұл шектеу жарнаманы тарату мәселелерін реттейтіндіктен алкоголь өнімінің атауындағы «қазақ» сөзіне тыйым салып, тежеуге заң тұрғысынан рұқсат берілмейтінін ескерген жөн.

Бұдан бөлек Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 3-бабы 2-тармағының 15) тармақшасына сәйкес кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара байланысы мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласуға жол бермейтін қағидатқа негізделгенін айта кетейік.

Қорытындылай келгенде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында алкоголь өнімдерінің атауында «қазақ» сөзін қолдануды нақты шектейтіндей талап қарастырылмаған. Осыған байланысты мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік субъектіге қатысты аталған сөзді өнім атауында қолдану фактісі бойынша ғана шаралар қабылдауға құқықтық негізі жоқ екенін айта кеткен орынды.

Десе де өтініште қамтылған алкоголь өнімдерін «қазақ» деп атаудың этикалық және қоғамдық мән-маңыздылығы назарға алынды.

Кез келген мүдделі тұлға нақты тауар таңбасының тіркелуімен келіспеген жағдайда заңда қарастырылған тетікке сәйкес дауласу мүмкіндігін пайдалануға құқығы бар.

Э. Ержанов,
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аппарат басшысы

ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ:

БЕС КӘСІБИ СТАНДАРТ ЖОБАСЫ ДАЙЫН ТҰР



ФОТО: ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ

Кәсіби стандарттарды әзірлеу Премьер-министр Олжас Бектеновтің жасанды интеллект компоненттері мен цифрлық құзыреттерді қамтитын 100 кәсіби стандарт әзірлеу және бекіту жөніндегі тапсырмасы ескеріле отырып жүргізіліп отыр.

Бейсенбі күні Энергетика министрлігінің жаңартылатын энергия көздері саласындағы Кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңесінің отырысы өтті. Жаңартылатын энергия көздері саласында алғаш рет кәсіби стандарттар әзірленіп жатыр. Салаға, технологиялық үдерістерге және еңбек нарығының қажеттіліктеріне жүргізілген талдау негізінде кәсіптер атаулары айқындалып, күн және жел энергетикасын, сондай-ақ жасыл сутекті электрохимиялық өндіруді қамтитын бес кәсіби стандарттың жобасы дайындалды.

Жобалар күн және жел электр станцияларын жобалау, салу, пайдалануға беру, пайдалану және техникалық қызмет көрсету салаларындағы мамандарға, сондай-ақ жасыл сутек өндіру бағытындағы мамандарға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді.

Кәсіби стандарттарды әзірлеу Премьер-министр Олжас Бектеновтің жасанды интеллект компоненттері мен цифрлық құзыреттерді қамтитын 100 кәсіби стандарт әзірлеу және бекіту жөніндегі тапсырмасы ескеріле отырып жүргізілуде.

Жаңартылатын энергия көздері саласына арналған жобаларда энергетиканы цифрлық трансформациялауға қатысты талаптар, оның ішінде цифрлық мониторинг жүйелерін, автоматтандырылған басқаруды, өндірістік деректерді талдауды және жасанды интеллект құралдарын қолдану мәселелері қамтылған.

Отырысқа қатысушылар 2027-2029 жылдарға арналған жаңартылатын энергия көздері саласындағы біліктіліктер мен дағдылар жүйесін дамыту жөніндегі салалық жоспарды да қарады. Жоспар саланың перспективалық қажеттіліктерін ескере отырып, біліктіліктерді дамытуға және кадрлар даярлауға бағытталған.

Алдағы уақытта бес кәсіби стандарттың жобасын көпшілік талқылауы үшін «Ашық нормативтік құқықтық актілер» порталына орналастыру жоспарланып отыр.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК **ТАЛАСБЕК ҚАНАФИН ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН ГЕРМАНИЯДАН ЕЛІМІЗГЕ ЖАЛПЫ ҚҰНЫ 6 МЛРД ТЕҢГЕ БОЛАТЫН 5 МЫҢ БАС ГОЛШТИН-ФРИЗ ТҰҚЫМДЫ ІРІ ҚАРА ӘКЕЛУ ЖОСПАРЛАНҒАНЫН АЙТТЫ.**

ДӘМЕТКЕН ТӨРЕҚҰЛОВА,
ESIL UNIVERSITY-ДІҢ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ПРОРЕКТОРЫ, ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР:

ҒЫЛЫМНЫҢ САЛМАҒЫ – ЕЛ ӨМІРІНЕ ӘКЕЛГЕН ӨЗГЕРІСІНДЕ







Жас маманның еңбек нарығындағы орны, өңірдегі кәсіпкердің мүмкіндігі, мемлекет қаржысының тиімді жұмсалуы, өндірістегі қауіпсіздік – күнделікті өмірде әрқайсысы бөлек көрінетін осы мәселелердің ғылыми тұрғыдан зерделеуді қажет ететін ортақ қырлары бар. Олардың түпкі себептерін түсіну, өзгерістердің ықтимал салдарын бағалау және негізді шешім ұсыну университет ғылымына үлкен жауапкершілік жүктейді. Зерттеу нәтижесі қоғамдық шешімге қалай ықпал етеді? Технологиялық өзгерістер тұсында адамға қандай білім мен қабілет қажет? Ғылыми ойдың қазақ тіліндегі өрісі қалай кеңейеді? Esil University-дің ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Дәметкен Медиханқызы Төреқұловамен сұхбаттың өзегіне осы сауалдар алынды.

■ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

– Дәметкен Медиханқызы, ғылымның жетістігін бағалағанда жарияланымдар, ғылыми жобалар мен халықаралық көрсеткіштер туралы айтамыз. Ал, оның қоғам алдындағы жауапкершілігі неден басталады?

– Ғылымның қоғам алдындағы жауапкершілігі зерттеуге алынған мәселенің өзінен басталады. Ғалым нені зерттеп отырғанын ғана емес, сол мәселенің ел өміріндегі орнын, кімнің мүддесіне қатысты екенін, оның шешілуі қандай өзгеріске жол ашатынын терең түсінуі керек. Айталық, жастардың жұмыспен қамтылуы деген ұғымның ар жағында мамандық таңдаған, білімге уақыт пен қаражат жұмсаған, ертеңіне сеніммен қарағысы келетін адамның тағдыры тұр. Өңірлердің дамуын зерттегенде де халықтың тұрмысын, жергілікті мүмкіндіктерді, адамның өз туған жерінде кәсібін жүргізіп, еңбегінің нәтижесін көруіне қажетті жағдайларды ескеру қажет. Осындай сұрақтар ғылыми ізденістің мазмұнын айқындайды. Университеттің зияткерлік әлеуеті ел үшін маңызды мәселелерді дәл қоя білуінен және сол мәселелерге сенімді дерекке сүйеніп жауап іздеуінен көрінеді.

Ғылыми жарияланымның да, зерттеу жобасының да өз орны бар. Олар жаңа білімді кәсіби ортаға ұсынуға, қорытындыны талқылауға, ғылыми пікірдің негізділігін тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге зерттеу нәтижесінің білім беру тәжірибесіне, басқару шешіміне немесе өндірістік үдеріске қалай ықпал еткенін қадағалау қажет. Ғылымға деген қоғамдық сенім осыдай сабақтастықтан қалыптасады. Мұнда асығыс уәде беруге орын жоқ: ғалым өз тұжырымының дәлелін де, қолданылу шегін де ашық көрсетуге тиіс.

– Сіз жетекшілік ететін квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі жобаға тоқталсақ. Қарапайым азамат үшін бұл зерттеудің маңызы неде?

– 2025-2027 жылдарға арналған «AP26104777 Квазимемлекеттік секторды реформалаудың жүйелі әсерлері: Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың жаңа моделіне қарай» атты зерттеу мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік кәсіпорындардың өзара іс-қимылын жетілдіру мәселесіне бағытталған. Жобада халықаралық тәжірибені зерделеу, Қазақстан жағдайының ерекшеліктерін айқындау және өзгерістер жөнінде ұсынымдар әзірлеу көзделген. Бұл тақырыптың қоғамдық маңызын түсіндіру үшін басқару шешімінің азамат өмірімен байланысына назар аудару керек. Мемлекет қатысатын кәсіпорынның мақсаты қаншалықты айқын? Оның қызмет нәтижесі қалай бағаланады? Қабылданған шешім үшін жауапкершілік кімге жүктеледі? Қоғам сол нәтижелер туралы түсінікті ақпарат ала ма? Осындай сұрақтардың жауабы ресурстардың тиімді жұмсалуына және басқаруға деген сенімге тікелей қатысты.

Реформаны ғылыми тұрғыдан қарастыру оның ықтимал салдарын жан-жақты бағалауды талап етеді. Белгілі бір басқару тәсілін ұсынғанда оның қандай жағдайда тиімді жұмыс істейтінін, қандай тәуекел туғызатынын және оны іске асыруға не қажет екенін көрсету маңызды. Шетелде қолданылған модельдің Қазақстан жағдайына сәйкестігі де мұқият зерттелуі тиіс. Ғалымның міндеті – таңдаудың негізін күшейту, шешім қабылдайтын тарапқа оның мүмкіндігі мен салдарын анық көруге көмектесу. Басқарудың сапасы жауапкершіліктің айқындығынан, есептіліктің ашықтығынан және нәтижені бағалаудың әділдігінен танылады.

– Жасанды интеллектінің дамуы жастардың болашағына қатысты үмітті де, алаңдаушылықты да күшейтті. Университет бұл өзгерістерге қандай ғылыми көзқарас ұсына алады?

– Университеттің 2025-2027 жылдарға арналған жобаларының бірі – «AP26105089 Жасанды интеллектің еңбек нарығына әсері: сандық трансформация контекстіндегі жастар үшін мүмкіндіктер мен қиындықтарды талдау» – жасанды интеллектінің Қазақстандағы еңбек нарығына ықпалын, жастар үшін туындайтын мүмкіндіктер мен қиындықтарды зерттеуге арналған. Осы мәселеде бізге мамандықтардың болашағы туралы жалпылама болжамнан гөрі нақты еңбек міндеттерінің қалай өзгеретінін түсіну маңызды. Қандай міндетті технологияға беруге болады, қай тұста адамның кәсіби пайымы мен жауапкершілігі шешуші рөл атқарады, еңбек жолын енді бастаған маман өз орнын қалай табады – зерттеу осы сауалдарды байыппен қарастыруы қажет. Технологияның даму жылдамдығы мен адамның оған бейімделу мүмкіндігінің арасы алшақтап кетпеуі керек. Сондықтан, мәселенің білімге қолжетімділік, қайта даярлау және кәсіби бағдар беру сияқты әлеуметтік қырларына да назар аударған жөн.

Университет үшін мұның мәні ерекше. Студентке белгілі бір құралды пайдалануды үйретумен бірге, ол ұсынған жауабын тексеру, деректің сенімділігін бағалау және өз шешімін дәлелдеу қабілетін қалыптастыру қажет. Жас маман технологияның көмегімен жұмыс істеген кезде де кәсіби жауапкершіліктің өзінде қалатынын түсінуі тиіс. Сапалы білім адамның жаңа жағдайға бейімделуіне, бұрынғы білімін қайта пайымдауына, қажет кезде жаңа дағдыны меңгеруіне тірек болады. Жасанды интеллект туралы әңгіменің түпкі өзегінде адамның мүмкіндігін кеңейту мәселесі тұрғаны дұрыс.

■ БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨНДІРІС: ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ҚЫРЛАРЫ

– Дәметкен Медиханқызы, ғылыми жұмыстың практикалық құндылығы туралы талап орынды. Дегенмен, зерттеу нәтижесінің өндіріске жетуі оңай үдеріс емес. Бұл байланысты қалай нығайтуға болады?

– Университеттің жобалар тізімінде Бақыршық тауынан өндіру кәсіпорнының тапсырысымен жүргізілген геологиялық зерттеулер, карьер беткейлерінің тұрақтылығы, цифрлық модельдеу және техногендік сейсмикалық құбылыстарды бақылау жөніндегі жұмыстар бар. Мұндай бағыттар ғылым мен өндірістің өзара түсіністігіне жоғары талап қояды. Кәсіпорын өзіне қандай шешім қажет екенін нақтылауы керек, ал зерттеуші сол міндетті шешуге жарамды әдісті ұсынып, қорытындысының сенімділігін негіздеуге тиіс. Осы байланыстың сапасы жұмыс басталған сәттен қалыптасады: зерттеу сұрағының анықтығы, бастапқы деректерге қолжетімділік, тараптардың міндеттері және нәтижені қабылдау өлшемдері алдын ала айқындалғаны жөн.

Зерттеу аяқталғаннан кейін оның қолданылу жағдайын бағалау жалғасуы қажет. Ұсынылған тәсіл тәжірибеде тексерілді ме, қандай өзгеріс байқалды, қосымша бейімдеу керек пе – осы сұрақтар ғылыми нәтижені нақты қолданысқа жеткізеді. Өндірістік қауіпсіздікке немесе экономикалық тиімділікке әсері жөнінде тұжырым айту үшін тиісті өлшемдер мен тексеру нәтижелері болуы шарт. Ғылым мен өндіріс арасындағы берік әріптестік осындай кәсіби дәлдіктен қалыптасады. Нақты міндет төңірегіндегі тұрақты жұмыс екі тараптың да тәжірибесін байытып, келесі зерттеуге негіз қалайды.

– Жас ғалымды қолдау туралы жиі айтылады. Оның ғылымда қалып, өз бағытын табуына шын мәнінде не көмектеседі?

– Жас зерттеуші өзінің еңбегі ғылыми ортаға қажет екенін сезінуі керек. Ол үшін оған нақты міндет, сол міндетті орындауға қажетті жағдай және тәжірибелі ғалыммен тұрақты кәсіби байланыс қажет. Ғылымға келген адамның алғашқы қадамдары көбіне күмәнмен, ізденіспен, қателесіп қайта қараумен өтеді. Осы кезеңде ғылыми жетекшінің мұқият пікірі, әдіс таңдауға берген көмегі, нәтижені талқылауға бөлген уақыты айрықша маңызды. Жас маман дайын қорытындыны қайталауға дағдыланбай, өз сұрағын қоюға, дерекпен жұмыс істеуге және тұжырымын қорғауға үйренгені жөн. Ғылыми дербестік осындай күнделікті еңбектің үстінде қалыптасады.

Esil University жобаларының зерттеу топтарына студенттер, магистранттар мен докоранттар да енгізілген. Мұндай қатысудың мазмұнына ерекше мән беру керек: жас зерттеуші жұмыстың қай бөлігіне жауап береді, қандай әдісті меңгереді, оның жеке ғылыми ізденісі қалай ілгерілейді? Нәтижені осы тұрғыдан бағалау орынды. Ғылыми мектептің өміршеңдігі жинақталған тәжірибенің келесі буынға берілуінен көрінеді. Бүгін дерек жинауды үйренген жас ертең зерттеу бағытын ұсынатын, одан кейін өз шәкіртін тәрбиелейтін деңгейге жетуі тиіс. Университет ғылымының ұзақ мерзімді қуаты осы сабақтастыққа байланысты.

– Халықаралық ынтымақтастық университеттің ғылыми әлеуетін қалай күшейтуі керек? Оның мазмұнды нәтижесі неден көрінеді?

– Халықаралық ынтымақтастықтың нәтижесін ортақ жұмыстың зерттеу сапасына қосқан үлесі арқылы бағалаған дұрыс. Әріптестермен бірге қандай ғылыми сұрақ қойылды, қандай әдіс игерілді, қандай деректер салыстырылды, жас зерттеушілер қандай тәжірибе алды – осылар маңызды. Университеттің 2025 жылғы қарашадағы хабарламасында Индонезиядағы әріптестермен квазимемлекеттік секторды реформалау және жасанды интеллектінің жастардың жұмыспен қамтылуына ықпалы талқыланғаны көрсетілген. Осындай ғылыми диалог өз зерттеуімізге басқа қырынан қарауға мүмкіндік береді. Салыстыру арқылы ұқсас құбылыстың әр елде неліктен әртүрлі нәтиже беретінін, оған қандай экономикалық және институционалдық жағдайлар әсер ететінін тереңірек түсінуге болады. Халықаралық тәжірибенің құндылығы оны байыппен зерделеп, Қазақстан үшін маңызды сұрақтарға қолдана білуден ашылады. Ал, әріптестік барысында меңгерілген білім университет ішінде таралып, жаңа зерттеулерге және мамандар даярлауға қызмет етуі қажет.

– Қазақ тіліндегі ғылымның өрісін кеңейтуге не қажет? Бұл міндетте университеттердің жауапкершілігі қандай?

– Қазақ тілінің ғылыми қолданысын кеңейту үшін осы тілде күрделі мәселені дәл талдайтын, жаңа ұғымды түсіндіретін, ғылыми пікірталас жүргізетін ортаны дамыту қажет. Мұнда мазмұн мен тіл сапасы қатар жүреді. Зерттеуші өз ойын анық құра алса, қолданған ұғымының мәнін ашып, дәлелін жүйелі ұсынса, ғылыми мәтіннің сапасы да артады. Терминологияны жетілдіру, сапалы оқулықтар мен зерттеу еңбектерін әзірлеу, кәсіби редакциялау тәжірибесін қалыптастыру – бір-бірімен тығыз байланысты жұмыстар. Университет осы үдеріске сала мамандарын, тілші ғалымдарды және жас зерттеушілерді жұмылдыратын орта болуға тиіс.

Қазақ тіліндегі ғылымның қоғамдық маңызы да кең. Азамат экономикалық құбылысты, технологиялық өзгерісті немесе әлеуметтік зерттеудің нәтижесін өз тілінде терең түсіне алуы керек. Бұл білімге қолжетімділікті арттырып, қоғамдық талқылаудың сапасын көтереді. Ғылыми ой қазақ тілінде еркін өрістеген сайын, тілдің жаңа білімді жеткізу мүмкіндігі де ұлғая түседі. Сондықтан, бұл жұмыста күнделікті академиялық тәжірибенің орны ерекше: студенттің зерттеу жазуы, оқытушының күрделі ұғымды түсіндіруі, ғалымның нәтижесін көпшілікке ұсынуы бір арнаға тоғысқанда ғана орнықты ілгерілеу болады.

– Әңгімемізді түйіндесек, алдағы жылдары университет ғылымының табысын қандай өзгерістерден көргіңіз келеді?

– Ең алдымен, зерттеудің сапасы мен оның қоғамға қажеттілігі арасындағы байланыс күшейгенін көргім келеді. Ғылыми топ көтерген мәселесін терең зерделеп, сенімді нәтиже ұсынса, сол нәтиже кәсіби талқылаудан өтіп, нақты шешімге негіз бола алса – бұл елеулі жетістік. Сонымен бірге әр зерттеудің артында білімі өскен, әдіс меңгерген, жауапкершілігі қалыптасқан жас мамандар қалуы маңызды. Жоба белгілі бір мерзімде аяқталуы мүмкін, ал оның барысында қалыптасқан ғылыми қабілет университетте сақталып, келесі ізденіске ұласуы тиіс. Осындай жинақталу ғылымды орнықты дамытады.

Ғылымның беделі адал еңбекпен, ашық пікірталаспен және дәлелге деген құрметпен қалыптасады. Қандай нәтижеге жеткенімізді де, қай сұрақтың жауабы әлі табылмағанын да айта білуіміз қажет. Қоғаммен осындай шынайы байланыс орнағанда университеттің ғылыми сөзіне сенім артады. Біз үшін маңыздысы – елдің күрделі мәселелерін түсінуге және шешуге қабілетті зияткерлік орта қалыптастыру. Оның салмағы уақыт өте келе қабылданған шешімнің сапасынан, маманның кәсіби деңгейінен және адам өміріндегі нақты өзгерістен көрінеді.

– Дәметкен Медиханқызы, әңгімеңізге рақмет.

Әңгімелескен:
Есбол ҚУАТҰЛЫ

СҰХБАТТЫҢ ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫН ГАЗЕТТІҢ САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗ

ТІЛ – ДОСТЫҚ КӨПІРІ:

ТІЛДІК ӘРТҮРЛІЛІК ПЕН МӘДЕНИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

ТІЛ – АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ ТІРЕГІ, ХАЛЫҚТАР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ПЕН ДОСТЫҚТЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ. ӘРБІР ТІЛДЕ БЕЛГІЛІ БІР ҰЛТТЫҢ ТАРИХЫ, ДҮНИЕТАНЫМЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ МЕН ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ЖИНАҚТАЛҒАН МӘДЕНИ ТӘЖІРИБЕСІ САҚТАЛҒАН. СОНДЫҚТАН, ТІЛДІ ҚҰРМЕТТЕУ – СОЛ ТІЛДЕ СӨЙЛЕЙТІН ХАЛЫҚТЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН БОЛМЫСЫН ҚҰРМЕТТЕУ ДЕГЕН СӨЗ.



КОЛЛАЖ: АЙНҰР ҚАЙРАТБЕККЫЗЫ

Қазіргі жаһандану дәуірінде тілдік әртүрлілікті сақтау және мәдени ынтымақтастықты нығайту ерекше маңызға ие. Әртүрлі тілде сөйлейтін адамдардың ортақ мақсаттар жолында бірлесе әрекет етуі қоғамның дамуына, халықаралық байланыстың кеңеюіне және рухани құндылықтардың өзара алмасуына мүмкіндік береді. Бірнеше тілді меңгеру адамның қарым-қатынас аясын кеңейтіп қана қоймай, өзге мәдениеттерді тереңірек түсінуіне жол ашады.

Қазақстан – түрлі этнос өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатқан көпұлтты мемлекет. Елімізде қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нығайту, басқа тілдерге құрметпен қарау және мәдени құндылықтарды сақтау қоғамдағы бірлік пен тұрақтылықтың маңызды негіздері болып саналады. Қазақ тілі – ұлттық болмысымыздың айнасы, тарихи жадымыздың сақтаушысы әрі ұрпақтар сабақтастығын жалғастыратын рухани қазына.

Тіл үйрену тек жаңа сөздер мен грамматикалық ережелерді меңгеру емес. Бұл өзге адамның ойлау жүйесін түсіну, оның мәдениетіне құрметпен қарау және ортақ құндылықтарды табу үдерісі. Әсіресе, жастар арасында тілдік білім мен мәдени ашықтықты дамыту болашақтағы халықаралық ынтымақтастықтың берік негізін қалайды.

Қорытындылай келе, тіл – адамдарды жақындастыратын, халықтарды табыстыратын және мәдениеттерді тоғыстыратын құдіретті құрал. Әрбір тілді құрметтеп, ана тілімізді ардақтап, өзге мәдениеттерге ашық болу арқылы біз достық пен өзара түсіністікке негізделген қоғам қалыптастыра аламыз. Өйткені, тіл бар жерде – түсіністік, ал түсіністік бар жерде ынтымақтастық пен бейбітшілік бар.

Медеу АБИШЕВ,
физика-математика ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
физика-техникалық факультетінің
Теориялық және ядролық физика
кафедрасының профессоры

Алина АДИЛКАНОВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
2-курс магистранты

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК **28 ҚАЗАН МЕН 10 ҚАРАША АРАЛЫҒЫНДА APP.TESTCENTER.KZ АРҚЫЛЫ МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУ ҮШІН КЕШЕНДІ ТЕСТІЛЕУГЕ ЖӘНЕ ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ ЕМТИХАНЫНА ӨТІНІШТЕР ҚАБЫЛДАНАДЫ.**

Ресейдегі деректер орталықтарында болған апат Қазақстандағы такси мен жеткізу қызметтерінің жұмысын іркілтті. Бірнеше сағатқа созылған қолайсыздық цифрлық экономиканың әлсіз тұстарын көрсетті. Енді еліміз үшін маңызды сауал туындап отыр. Қазақстан өз нарығында бәсекеге қабілетті технологиялық платформаны қалыптастыра ала ма?

«ЯНДЕКС» ҮСТЕМДІГІ һӘМ ОТАНДЫҚ БИЗНЕСТІҢ БОЛАШАҒЫ



КОЛЛАЖ: АЙНҰР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ

■ **МИЛЛИАРДТАР АЙНАЛҒАН НАРЫҚ КІМГЕ ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰР?**

Такси агрегаторларының негізгі капиталы автокөлік паркінің көлемімен өлшенбейді. Олардың басты экономикалық артықшылығы жүргізушілерді, жолаушыларды, төлем жүйелерін, маршруттарды және тапсырыстарды бір технологиялық ортаға біріктіруінде жатыр.

Yandex Qazaqstan жариялаған мәліметтер бұл нарықтың қаншалықты ауқымды екенін аңғартады. Компанияның 2024 жылы жариялаған есебіне сәйкес, 2023 жылы Yandex Go платформасына қосылған жүргізушілер мен таксопарктердің табысы 400 миллиард теңгеден асқан. Ал, 2024 жылы сервис арқылы жұмыс істеген белсенді жүргізушілер мен курьерлердің саны 845 мыңнан асқанын компания хабарлады.

Енді көрсеткіштердің аражігін ажыратып алайық. 400 миллиард теңге компанияның таза табысы немесе Қазақстаннан шығарылған қаржы көлемі емес. Ол – жүргізушілер мен таксопарк серіктестерінің табысына қатысты жарияланған көрсеткіш. Сол секілді 845 мың адамды тұрақты, толық жұмыс күнімен қамтылған қызметкер саны деп қабылдауға болмайды. Соған қарамастан, бұл сандар платформалық экономиканың елдегі еңбек нарығына ықпалын көрсетеді. Мыңдаған азамат негізгі немесе қосымша табысын цифрлық сервистер арқылы тауып отыр. Кәсіпкерлер жеткізу қызметін ұйымдастыруға, таксопарктер жүргізушілерді тапсырыспен қамтамасыз етуге, жолаушылар уақытын үнемдеуге мүмкіндік алды.

Компания салық төлеу жүйесіне де қатысады. Yandex Qazaqstan дерегінше, 2024 жылғы қыркүйектен 2025 жылғы маусымның соңына дейін жүргізушілердің табысынан 4,3 миллиард теңге салық пен әлеуметтік төлемдер аударылған.

Демек, халықаралық платформалардың Қазақстан экономикасындағы қызметін тек капиталдың сыртқа кетуімен түсіндіру жеткіліксіз. Олардың қызметінен жергілікті жүргізушілер, кәсіпкерлер және мемлекеттік бюджет те табыс алады. Бірақ, өзге мәселе бар. Платформаның технологиялық активтері, бағдарламалық қамтамасыз етуі, лицензиялық төлемдері, комиссиялық түсімі және түпкілікті пайдасы қалай бөлінеді?

Осы сұраққа жауап беру үшін агрегаторлардың қазақстандық заңды тұлғаларының қаржылық есебін, олардың шетелдік байланысты компаниялармен жасасқан келісімдерін және төлем ағындарын зерттеу қажет. Қазіргі ашық мәліметтер негізінде Қазақстандағы барлық комиссия шетелге аударылады немесе керісінше, түгелдей елде қалады деген тұжырым жасауға негіз жоқ. Экономикалық тәуелділіктің нақты бағасын анықтау да осы жерден басталады.

Отандық цифрлық платформаны дамытуға ниетті кәсіпкерлер үшін бұл мәселенің маңызы ерекше. Жаңадан құрылған Qajet Taxi сервисінің негізін қалаушы Думан Бақытқелді такси нарығындағы қаржы айналымының ауқымы қазақстандық технологиялық кәсіпкерлерге үлкен мүмкіндік беретінін айтады. Оның пікірінше, жергілікті компаниялар бастапқы кезеңде халықаралық алпауыттардың деңгейіне жетпесе де, нарықтың белгілі бір бөлігін игеріп, жүргізушілер үшін қолайлы бизнес үлгісін қалыптастыра алады.

– Біз жобаны бастағанда тек такси шақыратын қосымша жасап қоюды мақсат еткен жоқпыз. Қазақстандағы жүргізушілердің табысын арттыруға мүмкіндік беретін, еліміздің нарығына бейімделген жүйе құрғымыз келді. Қазір халықаралық агрегаторлардың айналасында үлкен қаржы айналып жатыр. Әрине, жаңадан құрылған отандық компанияның алғашқы күннен олардың деңгейіне жетуі мүмкін емес. Бірақ, нарықтан өз орнымызды алуға мүмкіндік бар деп есептеймін. Біздің басты ерекшелігіміз жүргізушілермен жұмыс істеу үлгісінде болмақ. Алғашқы кезеңде олардан комиссия алмауды жоспарлап отырмыз. Жүргізуші мен жолаушы төлемді өзара тікелей жүргізеді. Кейін сервис тұрақты жұмыс істеп, пайдаланушылар саны артқан жағдайда айлық немесе жылдық жазылым жүйесіне көшуді қарастырамыз. Сонда жүргізуші белгілі бір соманы төлеп, тапсырыстардан тапқан табысын қосымша пайыздық комиссиясыз ала алады. Бұл жүргізушілердің қаржылық жағдайына оң әсер етеді деп ойлаймыз, – деді Qajet Taxi сервисінің негізін қалаушы Думан Бақытқелді.

■ **ЖОЛАУШЫ ТӨЛЕГЕН АҚШАНЫҢ ҚАНШАСЫ ЖҮРГІЗУШІГЕ ҚАЛАДЫ?**

Платформалық бизнестегі ең өзекті мәселелердің бірі комиссиялық төлемге байланысты.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің 2025 жылғы қалааралық такси нарығына жүргізген талдауында Yandex Go комиссиялары туралы мәлімет келтірілген. Құжатта «Эконом», «Бірге», «Минивэн» және «Қалааралық» тарифтерінде қала нарығының көлеміне қарай сервистік комиссия 11, 11,5 немесе 16,5 пайыз деңгейінде көрсетілген. Жоғары санаттағы бірқатар тариф бойынша бұл мөлшер 12, 14 немесе 18,5 пайызды құраған.

Аталған көрсеткіштер белгілі бір кезең мен тарифтерге қатысты. Жүргізушінің шығынын есептегенде таксопарк комиссиясы, салық, жанармай, көлікті күтіп-ұстау, сақтандыру және өзге де шығындар ескерілуі тиіс.

Экономикалық тұрғыдан жүргізушінің табысы тек тапсырыстар санына тәуелді емес. Қолына тиетін таза қаржы жол жүру ақысы мен шығындардың арақатынасына байланысты қалыптасады. Ал, жолаушы үшін ең маңыздысы – қызмет бағасы мен сапасы.

Мұнда платформалардың нарықтағы күшіне қатысты күрделі мәселе туындайды. Егер жүргізуші тұрақты тапсырыс алу үшін белгілі бір қосымшаға сүйенсе, оның комиссия өзгерістеріне бейімделуден басқа мүмкіндігі азаюы мүмкін. Дәл сол сияқты жолаушы да үйіне көлік тез келетін сервисті таңдайды. Уақыт өте келе осы екі тараптың таңдауы ірі агрегатордың артықшылығын күшейтеді.

Досым Бесбай да осы тұста нарықтық бәсекенің жүргізушілер мен жолаушылар үшін бірдей маңызды екенін алға тартады. Оның пікірінше, ірі агрегатордың басымдығы күшейген сайын өзге операторлардың нарыққа кіру мүмкіндігі шектелуі ықтимал.

– Такси нарығында бәсеке жеткіліксіз болса, ең алдымен қарапайым азаматтар зардап шегеді. Жолаушы қызмет құнын салыстырып, өзіне тиімді операторды таңдай алмайды. Жүргізушінің де табыс табудың балама жолдары азаяды. Бізге бір компанияның үстемдігін күшейтуге жағдай жасайтын жүйеден гөрі, көптеген қатысушыға ашық нарық қажет. Қазақстанға бұған дейін бірнеше такси операторы кірді. Олардың арасында отандық сервистер де болды. Алайда, «Яндекс» нарықтағы ықпалын күшейтіп, бәсекелестерінің бір бөлігін ығыстырды деп есептеймін. Компанияның нарыққа кіру кезеңінде жүргізушілерге жоғары төлемдер ұсынып, оларды өз платформасына тарту тәсілдері қолданылған. Мұндай әрекеттердің бәсекелестік заңнамасына қаншалықты сәйкес келгені туралы монополияға қарсы органның түсініктемесі маңызды. Нарықта барлық компанияға бірдей жағдай жасалса, қызмет сапасы да, баға да бәсекенің ықпалымен қалыптасады, – деді Досым Бесбай.

Сарапшы көтерген жекелеген бәсекелестікке қатысты айыптауларды құқықтық тұрғыдан бағалау үшін компанияның сол кезеңдегі келісімдері мен монополияға қарсы органның тексеру нәтижелері қажет. Дегенмен, мұндай сауалдың қойылуының өзі платформалық нарықтағы бәсекелестік шарттарын зерттеу қажет екенін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі бұл мәселеге бұған дейін де назар аударған. Агенттік Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, «Яндекс Такси» компаниясының алгоритмдік баға қалыптастыру жүйесіне аудит жүргізген. Тексеру барысында бірқатар тәуекел анықталып, компанияға қосымша міндеттемелер жүктелді. Атап айтқанда, ең көп сұранысқа ие «Эконом» тарифіндегі комиссияны әр қалада екі жылда бір реттен жиі көтермеу, сапар құнының базалық бағадан екі есе асатын бөлігінен комиссия ұстамау және жолаушыларға жол жүру ақысының толық құрылымын көрсету талаптары енгізілді.

■ **ҚАЗАҚСТАНДА ӨЗ ҚОСЫМШАМЫЗ БАР, НЕГЕ ОНЫҢ ЫҚПАЛЫ АЗ?**

Отандық такси платформасы туралы сөз қозғалғанда Қазақстанда мұндай бастамалар мүлде болмағандай пікір қалыптасуы мүмкін. Шын мәнінде, елімізде бірнеше жергілікті сервис жұмыс істейді. Мәселен, қазақстандық APARU компаниясы өз тарихын 2009 жылдан бастайды. Компанияның ресми сайтында такси, жүк тасымалы, эвакуатор, жеткізу және қалааралық сапарға арналған қызметтері көрсетілген. Қазақстанның Көлік министрлігі де бұған дейін елде Yandex Go, inDrive, Maxim, APARU, Tapry Taxi және басқа қосымшалардың жұмыс істейтінін хабарлаған.

Олай болса, негізгі мәселе қосымша жасаудың мүмкін еместігінде жатқан жоқ. Қазақстанда мұндай өнім әзірленген және нарыққа шығарылған. Бірақ, отандық сервистердің көбі ірі халықаралық ойыншылармен бірдей ауқымда бәсекелесе алмай отыр. Оның себебін бағдарламалау деңгейінен іздеу жеткіліксіз.

Осы бағытта нақты қадам жасап жатқан кәсіпкерлердің бірі – Думан Бақытқелді. Ол Qajet Taxi жобасының алғашқы идеясы бірнеше жыл бұрын пайда болғанын, алайда инвестиция мен картографиялық инфрақұрылым мәселесі жұмысты кейінге шегергенін жеткізді.

– Бала кезімнен әлемдік технологиялық компаниялардың қалай құрылғанына, олардың негізін қалаушылардың шағын идеяны үлкен бизнеске айналдырғанына қызығатынмын. «Яндекс» сияқты ауқымды экожүйе қалыптастырған компанияларды көрген сайын Қазақстанда неге осындай жоба жасамасқа деген ой болды. 2020 жылдардан бастап осы бағытты зерттей бастадым. 2023 жылы елімізде танымал цифрлық жобаларды іске асырған IT-мамандармен кездесіп, такси платформасын жасау мүмкіндігін талқыладық. Сол кезде ең үлкен кедергілердің бірі сапалы карта екені белгілі болды. Бұған қоса, бағдарламалық өнімді әзірлеу, маркетинг жүргізу және нарыққа шығу үшін қомақты қаражат қажет еді. Бастапқы есеп бойынша жобаға шамамен 50-100 миллион теңге көлемінде инвестиция керек болуы мүмкін деп қарастырдық. Инвесторлар іздедік, бірақ олардың көпшілігі салған ақшасына нақты кепілдік талап етті. Жаңадан басталатын технологиялық жобаның болашағына бірден кепілдік беру қиын. Сондықтан, сол кезеңде басқа цифрлық жобалар арқылы тәжірибе жинап, аудитория қалыптастырып, кейін осы бастамаға қайта оралдық, – деді кәсіпкер.

Бұл тұста аталған 50-100 миллион теңге нарықтағы барлық такси платформаларына ортақ ресми инвестициялық норматив емес, кәсіпкердің өз жобасына қатысты бастапқы бағасы екенін ескеру қажет. Ауқымды сервис құру шығыны қалалар санына, бағдарламалық архитектураға, карта лицензиясына, пайдаланушыларды тарту стратегиясына және жүйенің техникалық қуатына қарай өзгеріп отырады.

Қазіргі уақытта Qajet Taxi командасы қосымшаны пайдаланушыларға ұсынуға дайындық жұмыстарын жүргізіп жатыр. Жоба авторының сөзінше, сервистің ерекшелігі жергілікті пайдаланушылардың сұранысына және Қазақстандағы қызмет көрсету тәжірибесіне бейімделуінде.

– Біз қазір қосымшаны App Store арқылы пайдаланушыларға ұсынатын кезеңге дайындап жатырмыз. Жобаның құрылымын барынша қарапайым етуге тырыстық. Қосымшаның ішінде жүргізуші мен жолаушы өзіне қажетті қызмет түрін таңдай алады. Әлеуметтік желілерде жобамыз туралы ақпарат тарағаннан кейін көптеген азамат жүк тасымалы, курьерлік жеткізу және өзге де қызметтерді қосуды сұрады. Әрине, болашақта сол бағыттардың бәрін дамытуға болады. Бірақ, алғашқы күннен барлық қызметті бірден іске қосамыз десек, негізгі жүйенің сапасына көңіл бөлу қиындайды. Сондықтан, бірінші кезекте ең қажетті функцияларды тұрақты жұмыс істейтін деңгейге жеткізгіміз келеді. Кейін нақты пайдаланушылардың ұсыныстары мен тәжірибесіне сүйеніп, сервисті кезең-кезеңімен кеңейтеміз. Ең маңыздысы – адамдардың сенімін ақтау, – деді Думан Бақытқелді.

Кәсіпкердің алаңдаушылығы орынды. Отандық сервистің дамуына қоғамдық қолдау көмектескенімен, оның нарықта тұрақты орнығуын күнделікті қызмет сапасы шешеді. Жолаушы үшін қосымшаның қай мемлекетте жасалғанынан бұрын көліктің уақытылы келуі, маршруттың дұрыс есептелуі және жол жүру құнының қолжетімді болуы маңызды. Такси агрегаторы үшін ең қымбат ресурс кей жағдайда технологияның өзі емес, қалыптасқан пайдаланушылар желісі саналады. Жолаушы қай сервисте жүргізуші көп болса, соны пайдаланады. Жүргізуші тапсырыс көп келетін платформаға тіркеледі. Нарықта тұтынушы мен қызмет көрсетушінің саны артқан сайын платформаның тартымдылығы өседі.

■ **ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН**

Қазақстанның өз «Яндексін» қалыптастыруға технологиялық әлеуеті де, білікті мамандары да бар. Бұған миллиондаған адам пайдаланатын Kaspi мен eGov жүйелері, миллиард доллардан асқан IT-қызметтер экспорты дәлел. Алайда, ірі цифрлық экожүйе құру үшін бағдарламалық өнім әзірлеу жеткіліксіз. Оған үздіксіз жаңартылатын картографиялық инфрақұрылым, қуатты серверлер, үлкен аудитория, тұрақты инвестиция және жылдар бойы шығынды көтере алатын қаржылық мүмкіндік қажет. Индонезияның Gojek, халықаралық нарыққа шыққан inDrive компаниялары шағын бастаманың ауқымды бизнеске айнала алатынын көрсетті. Қазақстанда да мұндай мүмкіндік бар. Ал, экономист Досым Бесбай көтерген мәселе мұндай бастамалардың табысты болуы үшін әділ бәсеке мен инвестициялық орта қажет екенін көрсетеді. Қазан айындағы «Яндекс» қызметінің іркілісі шетелдік технологиялық инфрақұрылымға тәуелділіктің экономикалық тәуекелін де айқындады. Сондықтан, Қазақстан үшін алдағы маңызды міндеттердің бірі – отандық әзірлеушілердің әлеуетін нарықтық мүмкіндікпен ұштастыру, цифрлық инфрақұрылымның тұрақтылығын қамтамасыз ету және ірі платформалармен бәсекелесе алатын ұлттық технологиялық бизнестің қалыптасуына жағдай жасау. Елдегі цифрлық қызметтер нарығы кеңейіп жатқан шақта оның экономикалық игілігін қазақстандық кәсіпкерлер мен тұтынушылар қаншалықты пайдалана алатыны осы мәселелердің шешілуіне байланысты.

Ердәулет ҚАЛИЕВ

АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫ – ЕЛДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ



Мемлекет басшысының Жолдауында атом энергетикасын дамыту Қазақстанның энергетикалық саясатының басым бағыттарының бірі ретінде атап көрсетілді. Елде бірнеше атом электр станциясын салу электр энергиясына деген өсіп келе жатқан сұранысты қамтамасыз етуге, энергия тапшылығын болдырмауға және экономиканың тұрақты дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан уран қоры бойынша әлемдегі жетекші мемлекеттердің қатарында. Сондықтан, уранды тек экспорттық шикізат ретінде емес, еліміздің ұзақмерзімді энергетикалық қажеттіліктерін қамтамасыз ететін стратегиялық ресурс ретінде қарастырған жөн. Мемлекеттік уран қорын қалыптастыру болашақ атом электр станцияларын қажетті отынмен қамтамасыз етіп, Қазақстанның энергетикалық дербестігін күшейтеді.

АЭС салу барысында қауіпсіз әрі заманауи технологияларды енгізуге ерекше мән берілуі қажет. Шетелдік компаниялармен ынтымақтастық тек станция құрылысымен шектелмеуге тиіс. Серіктестер Қазақстанда жоғары технологиялық өндіріс орындарын ашуға, ғылыми тәжірибелерімен бөлісуге және отандық мамандарды даярлауға атсалысуы керек. Бұл елімізде атом саласының білікті кадрларын қалыптастырып, ғылым мен өндірістің дамуына жаңа серпін береді.

«Балқаш» және «Мойынқұм» атом электр станцияларын салу жөніндегі бастамалар мемлекеттің энергетикалық инфрақұрылымды жүйелі түрде дамытуға ұмтылысын көрсетеді. Алайда, мұндай ірі жобаларды жүзеге асыру кезінде экологиялық қауіпсіздік, халықтың денсаулығы және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бірінші орында тұруы тиіс. Қоғамға жобалардың жүзеге асырылу барысы туралы нақты әрі ашық ақпарат беріліп, құрылыс пен пайдалану үдерісі мемлекеттік бақылауда болуы қажет.

Атом энергетикасын дамыту – тек электр энергиясын өндіру мәселесі емес. Бұл – ғылымды ілгерілетуге, жаңа технологияларды игеруге, жоғары білікті мамандар даярлауға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретін кешенді бағыт. Сондықтан, шетелдік серіктестермен жасалатын келісімдерде Қазақстанның ұлттық мүдделері, технологияларды беру, өндірісті жергіліктендіру және отандық мамандардың қатысуы толық ескерілуі тиіс. Осындай жауапты әрі жанжақты көзқарас атом энергетикасын еліміздің тұрақты дамуының сенімді негізіне айналдырады.

Нұрзада БЕЙСЕН,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
физика-математика ғылымдарының
кандидаты, профессор

Асел КЕНЖЕТАЙ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
8D05306 – Физика білім беру
бағдарламасының 1-курс PhD докторанты

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК **ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА БЮРОСЫ ҚАҢТАР-ҚЫРКҮЙЕК АЙЛАРЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ЖАЛПЫ ҚУАТЫ 56 ГКАЛ/САҒАТ БОЛАТЫН 7 ҚАЗАНДЫҚ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕНІН ХАБАРЛАДЫ.**

ҮШ БАСТАМА – ОРТАҚ МАҚСАТ:

ЭКОЛОГИЯ МЕН ИННОВАЦИЯҒА БАСЫМДЫҚ БЕРГЕН БІЛІМ ОРДАСЫ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЖАСЫЛ БАСТАМАЛАР, ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР БІР АРНАҒА ТОҒЫСТЫ. ҚАЛАШЫҚҚА 65 ТҮП АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛЫП, АККУМУЛЯТОРЛАРДЫ ҚАЙТА ӨҢДЕЙТІН ПИЛОТТЫҚ ЦЕХ АШЫЛДЫ. «АЛТЫН КҮЗ» ЖӘРМЕҢКЕСІ ДЕ ҒЫЛЫМНЫҢ ҚОҒАМ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ҚАМТЫДЫ.



■ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ ОРАНҒАН УНИВЕРСИТЕТ

Қоршаған ортаны қорғау бүгінгі таңда тек табиғи ресурстарды сақтаумен шектелмейді. Ол – қоғамның экологиялық санасын қалыптастыруды, ғылыми ізденістерді тәжірибемен ұштастыруды және келер ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең сезінуді талап ететін маңызды міндет. Осы тұрғыдан алғанда, жетекші университетте жүзеге асырылып жатқан бастамалар білім ордасының экологиялық мәселелерге кешенді көзқарасын танытады. Игі шараға ғалымдар, оқытушылар мен студенттер қатысып, ортақ іске өз үлестерін қосты. Оның барысында 30 қарағай мен 35 бәйтегүл көшеті егіліп, оқу ғимараттары мен жатақханалар маңындағы жасыл желек қоры толықтырылды. Бұл университеттің қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға бағытталған жүйелі жұмысының жалғасы. 2021 жылдан бері кампус аумағында үш мыңнан астам ағаш отырғызылған. Соның ішінде жатақханалар маңына 2200 қарағай, кітапхана алаңына 100 қарағай егілген. Сонымен қатар, спорт кешені аумағына 250 шырша, қалашықтың өзге бөліктеріне 250 жеміс ағашы отырғызылған. Аталған көрсеткіштер университет кеңістігін көгалдандыруға айрықша мән берілетінін аңғартады.

Жасыл желек қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға ықпал етумен қатар, студенттер мен қызметкерлер үшін қолайлы орта қалыптастырады. Ең маңыздысы, мұндай шаралар табиғатты қорғау мәдениетін күнделікті өмір салтына айналдыруға мүмкіндік береді.

Экологиялық тәрбие тек ағаш отырғызумен шектелмейді. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, өндірістік қалдықтарды азайту және оларды қайта өңдеу де тұрақты дамудың негізгі шарттарына жатады.

■ ҒЫЛЫМНАН ӨНДІРІСКЕ: АККУМУЛЯТОРЛАРДЫ ҚАЙТА ӨҢДЕУДІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ

Өткен аптада ҚазҰУ базасында қолданылған литий-ионды аккумуляторларды қайта өңдеуге арналған пилоттық цех іске қосылды. Жаңа өндірістік алаңда аккумуляторларды өңдеу технологиялары сынақтан өткізіліп, олардың құрамындағы бағалы металдар мен пайдалы материалдарды бөліп алу жолдары зерттеледі. Электрондық құрылғылар мен электр көліктерінің кеңінен таралуы литий-ионды аккумуляторларды пайдалануды арттырды. Ал, жарамсыз батареяларды тиісті талаптарды сақтамай тастау қоршаған ортаға қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан, оларды қауіпсіз өңдеу, құрамындағы материалдарды қайта пайдалану және бағалы компоненттерді айналымға қайтару – қазіргі экологиялық саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Жаңа цехтың қызметі «Таза Қазақстан» акциясының мақсаттарымен де үндеседі. Оның ашылу рәсіміне университет басшылығы, отандық ғалымдар, шетелдік қонақтар, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты.

Жиында ҚазҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Алина Галеева ғылыми зерттеулерді дамыту және инновациялық технологияларды өндіріске енгізу қажеттігіне тоқталды.

– Ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайту отандық ғалымдардың қолданбалы зерттеулер жүргізуіне жол ашып, ғылыми жаңалықтардың тәжірибеде жүзеге асуына мүмкіндік береді. Әсіресе, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ғылыми жобалар экологиялық мәселелерді шешуге және тұрақты даму қағидаттарын іске асыруға үлес қосады, – деп пікірін білдірді Алина Галеева.

Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ғылыми бастамалар тұрақты даму қағидаттарын жүзеге асыруда ерекше орын алады. Цех жетекшісі Фёдор Мальчик қайта өңдеу үдерісінің негізгі кезеңдерін таныстырды. Оның түсіндіруінше, алдымен аккумуляторлар қауіпсіз түрде қуатсыздандырылады. Одан кейін ұсақталып, құрамындағы материалдар жекеленген фракцияларға бөлінеді. Осы үдерістің нәтижесінде белсенді заттары бар «қара масса» алынады. Алдағы уақытта осы шикізаттың құрамынан бағалы компоненттерді бөліп алу көзделіп отыр.

Пилоттық алаңға аккумуляторларды ұсақтауға арналған Fante 400 қос білікті шредері, материалдарды өлшеміне қарай сұрыптайтын DZSF-515 дірілдеуіш елеуіші және компоненттерді бөлуге арналған NG-706 құрылғысы орнатылған. Қатысушылар жаңа жабдықтармен танысып, қайта өңдеу жұмыстарының технологиялық кезеңдерін көрді.

Жобаның маңызы – қалдықтарды жай ғана жоюда емес, олардың құрамындағы пайдалы шикізатты қайта айналымға қосу мүмкіндігін зерттеуде. Дегенмен, мұндай технологиялардың экологиялық және экономикалық тиімділігі өндірістік сынақтардың нәтижесімен, алынатын материалдардың сапасымен және қауіпсіздік талаптарының сақталуымен бағаланатыны анық.

Пилоттық цех бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жүзеге асырылып жатқан ғылыми жоба шеңберінде ашылды. Бұл бастама университеттегі ғылыми әлеуетті нақты өндірістік міндеттерді шешуге бағыттаудың маңызды үлгісі саналады.

■ «АЛТЫН КҮЗ»: КРЕАТИВТІ ИДЕЯЛАР МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АЛАҢЫ

Университеттегі ғылыми-инновациялық бағыттың тағы бір көрінісі дәстүрлі «Алтын күз» креативті және инновациялық идеялар жәрмеңкесінен байқалды. Ашық аспан астында өткен мерекелік шара оқытушыларды, қызметкерлерді және студент жастарды ортақ алаңға жинап, білім, кәсіпкерлік, шығармашылық пен ұлттық дәстүрді бір арнаға тоғыстырды.

Кампус аумағы мерекелік кейіпке еніп, әр факультет өз дастарқанын жайды. Қонақтарға түрлі тағамдар ұсынылып, университеттің агробиостанциясында өсірілген жеміс-жидектер мен көкөністерді сатып алуға мүмкіндік берілді. Жәрмеңке осылайша студенттердің бастамаларын таныстырумен қатар, университеттің ғылыми және шаруашылық әлеуетін көрсету алаңына айналды.

«Әл-Фараби» кітапханасының алдындағы кеңістікте жас ғалымдар мен студенттердің бірқатар инновациялық жобасы таныстырылды. Олардың қатарында AIQaz-Media, KazNU Ilearn, Zhurek AI, AlfaBrain жобалары бар. Бұл бастамалар цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект бағытындағы ізденістердің білім беру ортасында кеңейіп келе жатқанын көрсетеді.

Жәрмеңкеде «Оқитын ұлт» жобасына да орын берілді. Осы бастама аясында «Adal Kitap», «Alash Book», «Альманахъ», «Дарын», «Jogary Bilim», «Лантар books» және «Қазақ университеті» баспалары өз өнімдерін көпшілікке ұсынды. Кітап көрмесі білім мен зияткерлік дамудың маңызын айқындаса, отандық баспалардың қатысуы оқу мәдениетін насихаттауға ықпал етті.

Мерекелік алаңда Darhan Radio медиаплатформасы да белсенділік танытып, келушілерге арнайы сыйлықтар ұтысын ұйымдастырды. Ал, «Жас шебер» стартапының тоқыма бұйымдары мен зергерлік әшекейлері қолөнерге қызығатындардың назарын аударды. Студенттердің Республика күніне арнаған көркем туындылары шығармашылық ізденістің тағы бір қырын таныттты.

Ұлттық спорт алаңында қазақ күресі, асық ату, арқан тарту және тоғызқұмалақ бойынша жарыстар ұйымдастырылды. Қатысушылар ұлттық ойындар арқылы өз шеберліктерін сынап, халқымыздың мәдени мұрасын дәріптеуге үлес қосты. Осылайша, заманауи технологиялар мен дәстүрлі құндылықтар бір кеңістікте тоғысты.

Жәрмеңкенің ауқымын айқындаған ерекшеліктердің бірі – қонақжайлық пен ортақ дастарқан мәдениеті. Шара барысында жиналған жұртқа 1000 келі палау мен 500 келі бауырсақ таратылып, «Zamran» сусыны ұсынылды. Сонымен бірге келушілер түрік дәстүріне сай құм үстінде кофе дайындау тәсілімен танысып, хош иісті сусыннан дәм татты. Бұл көріністер мерекенің тек сауда-саттық пен ойын-сауықтан тұрмағанын аңғартады. Әртүрлі факультет өкілдері мен қонақтардың бір ортаға жиналуы, өзара тәжірибе алмасуы және шығармашылық жұмыстарды тамашалауы университеттік қауымдастықтың бірлігін нығайтты.

«Алтын күз» жәрмеңкесінің маңызды бағыттарының бірі қайырымдылыққа арналды. Қатысушылардан түскен қаражаттың көмекке мұқтаж отбасыларды қолдауға бағытталуы мерекенің әлеуметтік мәнін тереңдете түсті. Биология және биотехнология факультетінің екінші курс студенті, «Ашық жүрек» студенттік ұйымының мүшесі Айжан Төрехан жәрмеңкеге арнап картоп қосылған бәліштер мен салаттарды өздері дайындағанын айтты. Ұйым мүшелері түскен қаражатқа азық-түлік сатып алып, тұрмысы төмен отбасыларға тарату жоспарлап отыр. Бұл бастама студент жастардың әлеуметтік мәселелерге бейжай қарамайтынын көрсетеді. Қайырымдылық арқылы олар азаматтық жауапкершілікті іс жүзінде танытып, қоғамға пайдалы болудың мәнін түсінеді. Мұндай тәжірибе жас ұрпақтың бойында жанашырлық, ынтымақ және ортақ іске үлес қосу қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Биология және биотехнология факультетінің деканы Мейрамкүл Нармұратова да жәрмеңкенің мазмұнына тоқталды. Оның айтуынша, факультеттің жеке агробиостанциясында өсірілген көкөністер мен жемістердің бір бөлігі мерекелік саудаға шығарылған. Бұл – университеттегі білім мен тәжірибенің, ғылыми және шаруашылық жұмыстың өзара байланысын көрсететін мысал.

Экономика және бизнес жоғары мектебінің студенті Сымбат Мақұлбекова жәрмеңкенің көтеріңкі көңіл күй сыйлағанын жеткізді. Ол қатысушыларға ұсынылған тағамдарды, ұлттық ойындарды және концерттік бағдарламаны мерекенің ерекше тұстары ретінде атап өтті.

Шара соңында ұйымдастырылған концерттік бағдарлама мерекелік көңіл күйді одан әрі жалғастырды.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі бұл үш бастама бір-бірінен бөлек көрінгенімен, түпкі мақсаты ортақ. Жасыл кампус қалыптастыру табиғатқа жанашырлықты нығайтса, аккумуляторларды қайта өңдейтін пилоттық цех ғылыми жаңалықтарды тәжірибеге енгізудің маңызын көрсетеді. Ал, «Алтын күз» жәрмеңкесі білім мен инновацияны, кәсіпкерлік пен шығармашылықты, ұлттық құндылықтар мен қайырымдылықты бір арнаға тоғыстырды.

Университеттің қоғамдық рөлі тек маман даярлаумен өлшенбейді. Ол – ғылыми ізденісті нақты мәселелерді шешуге бағыттайтын, жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыратын және қоғамның дамуына ықпал ететін маңызды орта. Осы тұрғыдан алғанда, ҚазҰУ-дағы бастамалар экологиялық мәдениет пен әлеуметтік жауапкершілікті білім беру кеңістігінің ажырамас бөлігіне айналдыруға бағытталған. Оның нәтижесі жүйелі жұмыстан, ғылыми негізделген шешімдерден және әр адамның ортақ іске қосқан үлесінен көрінеді. Сондықтан, ағаш отырғызудан бастап, қалдықтарды қайта өңдеу технологияларын дамытуға, студенттік стартаптарды қолдаудан қайырымдылыққа дейінгі әрекеттердің барлығы болашаққа бағытталған жауапты қадамдар саналады.

Бұл бастамалар ел дамуының маңызды тіректері – білім, ғылым, экологиялық сана және азаматтық жауапкершілік екенін тағы бір мәрте аңғартты.

Индира БІРЖАНСАЛ

Әрбір жастың өмір жолында ұмытылмас, тарихи сәттер болады. Солардың ішіндегі ең ерекшесі – білім ордасының босағасын аттап, студент атанған сәт. Еліміздің маңдайалды жоғары оқу орны – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Физика-техникалық факультетіне қадам басқан алғашқы күннен-ақ жүрегімді мақтаныш пен қиял кернеді. ҚазҰУ студенті болу – бұл жай ғана диплом алуға жасалған қадам емес, бұл – үлкен ғылымға, озық технологиялар мен шексіз мүмкіндіктер әлеміне ашылған үлкен даңғыл жол.

ҚазҰУ кампусы өзінің сәулетімен де, табиғатымен де, ішкі энергиясымен де ерекшеленеді. Алатаудың баурайында орналасқан әсем қалашыққа аяқ басқан сәттен-ақ мұндағы студенттік өмірдің ырғағы өзгеше екенін сезінесің. Білікті профессорлардың, тәжірибелі оқытушылардың жылы қабылдауы мен студенттердің өз біліміне деген нық сенімі бізге бірден серпін берді.

АРМАНДАР ТОҒЫСҚАН ӘЛ-ФАРАБИ ШАҢЫРАҒЫ:

СТУДЕНТТІК ӨМІРДІҢ МАЗМҰНДЫ АЛҒАШҚЫ ПАРАҚТАРЫ



■ ҒЫЛЫМ МЕН ИННОВАЦИЯ ОШАҒЫ – ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Физика-техникалық факультет – іргелі ғылым мен заманауи инженерияның тоғысқан қара шаңырағы. Алғашқы аптаның өзінде-ақ лекциялық аудиториялардағы қызу талқылаулар, заманауи құрылғылармен жабдықталған зертханалардағы алғашқы таныстыру сабақтары мен зерттеу жұмыстары біздің қызығушылығымызды еселей түсті. Физиканың сырлы заңдылықтарын ұғынып, болашақ технологиялардың негізін қалауға бағытталған оқу процесі студенттік өмірдің мазмұнды әрі сапалы болатынына кәміл сендірді. Таңертеңнен кешке дейін қайнап жатқан оқу ордасының әрбір бұрышы жастарды ізденіске, жаңалық ашуға шақырады.

■ «FARABI HUB» ТӨРІНДЕГІ САЛТАНАТТЫ КЕШ

Студенттік өмірдің алғашқы аптасы тек оқумен шектелмей, жарқын әрі ерекше мәдени оқиғаға ұласты. Факультетіміз бен университетіміздің тынысын айшықтай түскен ең басты іс-шара – университеттің инновациялық орталығы саналатын «Farabi Hub» ғимаратында өтті.

Мектеп қабырғасын «Алтын белгімен» аяқтап, өздерінің жылдар бойы жинаған білімі мен еңбегінің арқасында ҚазҰУ-ды таңдаған ең үздік, дарынды студенттерге арналған бұл кеш ерекше жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Ғимарат ішіндегі мерекелік атмосфера, заманауи жарық пен дыбыс жүйелері, талантты студенттер дайындаған концерттік бағдарлама кештің сәнін кіргізді. Әуезді ән, мың шабытты арнаулар мен жүрекжарды тілектер әрбір қатысушыға ерекше эмоция сыйлады.

Бұл кеш – білімді жастарды ұлықтаудың, олардың еңбегін бағалаудың анық көрінісі болды. Факультетаралық достық пен ынтымақтастықты арттырған бұл жиын жаңа ортаға тез бейімделуге, жаңа достар табуға және университеттің үлкен отбасы екенін сезінуге мүмкіндік берді. Білімге құштар үздік жастардың бір шаңырақ астында жиналуы болашаққа деген сенімді арттыра түсті.

■ БОЛАШАҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН НЫҚ ҚАДАМ

Университеттегі алғашқы күндер маған тек теориялық білім берумен шектелмей, тұлғалық өсудің, өзін-өзі жан-жақты дамытудың үлкен кеңістігін ашты. Оқу ордасы ұсынатын ғылыми үйірмелер, студенттік ұйымдар, спорттық және мәдени іс-шаралар әрбір студенттің потенциалын толық ашуға мүмкіндік береді.

Алда бізді жаңа асулар, күрделі жобалар мен ғылыми жаңалықтар бағындыратын қызықты төрт жыл күтіп тұр. Қазақстанның жетекші университетінде, іргелі Физика-техникалық факультетінде білім алу – біз үшін зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. Осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, еліміздің дамуына үлес қосатын білікті маман болу – басты мақсатымыз.

Тұмар АСҚАРҚЫЗЫ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Физика-техникалық факультетінің 1-курс студенті

Алия ТАУКЕНОВА, куратор-эдвайзер

ҚАЗҰУ-ДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЯДРОЛЫҚ ФИЗИКА КАФЕДРАСЫ:

ҒЫЛЫМИ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢА ІЗДЕНІСТЕР

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Физика-техникалық факультетіндегі Теориялық және ядролық физика кафедрасы – іргелі ғылым мен сапалы білімді ұштастырып келе жатқан ғылыми-педагогикалық ұжым. Кафедра 2011 жылы теориялық физика және халықаралық ядролық физика, ядролық энергетика мен технология бағытындағы кафедралардың бірігуі нәтижесінде құрылды. Оның тарихы университеттегі физика ғылымының қалыптасу кезеңдерімен тығыз байланысты.

Кафедраның ғылыми мектебі бірнеше буын ғалымның еңбегімен қалыптасты. Теориялық физика бағытында жалпы салыстырмалылық теориясы, гравитация және кванттық хромодинамика мәселелері зерттелсе, ядролық физика саласында атом ядросының қасиеттері, бөлшектердің затпен әсерлесуі және радиациялық құбылыстарды зерделеу бағыттары дамыды. Бұл ғылыми мұра бүгінгі зерттеулерге негіз болып, жас мамандардың ізденісіне жол ашады.

Кафедраның маңызды жетістіктерінің бірі – теориялық және эксперименттік білімді қатар меңгерген мамандар даярлау. Білім алушылар ядролық физика, ядролық инженерия және ядролық медицина сияқты өзекті бағыттар бойынша білім алып, зертханалық жұмыстар арқылы физикалық құбылыстарды тәжірибе жүзінде зерттейді. Оқу үдерісінде альфа-бөлшектердің ауадағы жүрісін анықтау және бета-сәулеленудің энергиясын зерттеу тәрізді жұмыстар орындалады.

Кафедра ұжымы ғылымды дәріс аудиториясымен шектемей, студенттерді зерттеу мәдениетіне ерте баулуға мән береді. Ғылыми кездесулер мен танымдық іс-шаралар барысында білім алушылар белгілі ғалымдармен пікір алмасып, астрофизика мен ядролық физиканың қазіргі мәселелері туралы мағлұмат алады. Сонымен бірге студенттердің онлайн білім беру курстарына қатысуы халықаралық академиялық тәжірибені игеруге және бағдарламалау мен математикалық әдістер сияқты қосымша дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Кафедраның ғылыми-ағартушылық жұмысы қоғам үшін де маңызды. Ядролық энергетика, радиациялық қауіпсіздік және ядролық технологиялар туралы қоғамдық талқылауларға мамандардың қатысуы ғылыми ақпаратты түсінікті жеткізуге көмектеседі. Ал, мектеп оқушыларына арналған кәсіптік бағдар беру кездесулері жас ұрпақтың физикаға қызығушылығын арттырып, болашақ мамандығын саналы таңдауға ықпал етеді.

Бүгінде теориялық және ядролық физика кафедрасы іргелі зерттеулердің сабақтастығын сақтай отырып, білім мен ғылымды өзара байланыстыруға ұмтылады. Ғалымдардың тәжірибесі, заманауи зерттеу бағыттары және студенттердің ізденіске араласуы – кафедра дамуының маңызды тіректері. Осындай орта Қазақстанда физика ғылымын өркендетуге, білікті кадр даярлауға және ғылыми ойлау мәдениетін нығайтуға үлес қосады.

Оразалы КАЛИКУЛОВ,
PhD, Ядролық физика институтының
Ғарыштық сәулелер зертханасының меңгерушісі

Балжан АБИЛКАСЫМ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
2-курс магистранты

Дереккөздер: *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ресми сайты: кафедра тарихы; «ТДМ 4. Сапалы білім» (02.10.2024); кафедра студенттерінің Coursera курстары туралы ақпарат (22.11.2024).*

ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҰЖЫМЫ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ТЫҢДАДЫ



Жетісу университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауын тыңдады.

Мемлекет басшысы Жолдауда еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарына тоқталып, жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалар мен алдағы кезеңге арналған стратегиялық міндеттерді айқындады. Әділетті Қазақстанды құру, елдің экономикалық әлеуетін арттыру, білім мен ғылымды дамыту, инновацияларды енгізу және цифрлық трансформацияны жеделдету мәселелеріне басымдық берілді.

Президент өз сөзінде білім мен инновацияның маңызын атап өтіп, жасанды интеллект технологияларын экономикамен қатар білім беру мен ғылым жүйесіне де белсенді енгізуді, бұл құралдардың өңірлердегі білім сапасын теңестіруге септігін тигізуі керектігін айтты.

«Енді бұл жұмысты әрі қарай жүйелі жалғастырып, жасанды интеллектіге негізделген цифрлық экономика құруымыз қажет. Үкімет, ұлттық компаниялар, креативті индустрия секторы осы үдеріске белсенді атсалысуға тиіс», – деді Мемлекет басшысы.

Бұл жоғары оқу орындары үшін де маңызды бағдар. Білім сапасын арттыру, ғылыми зерттеулерді дамыту, заманауи технологияларды білім беру үдерісіне енгізу, жасанды интеллект технологияларын қолдану және еңбек нарығының сұранысына сай білікті мамандар даярлау – елдің тұрақты дамуына әсер ететін нақты фактор.

Жиын соңында университет ректоры Ермек Бөрібаев Президент Жолдауында белгіленген басым бағыттарға қатысты пікір білдіріп, алға қойылған мақсат-міндеттерді жүзеге асыруда жоғары оқу орындарының жауапкершілігі зор екенін атап өтті. Сонымен қатар, университет ұжымын білім мен ғылымды дамытуға, білім беру сапасын жетілдіруге және ел болашағы үшін айқындалған міндеттерді орындауға бірлесе атсалысуға шақырды.

Қазақстанда азық-түлік бағасына бақылау күшейтіледі. Әкімдіктер азық-түлік нарығындағы жағдай туралы апта сайын есеп беріп, жауапты министрліктерге қысқы кезеңге жеткілікті қор жинау тапсырылды. Бұл туралы Президент Жолдауының орындалуына арналған Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов мәлімдеді.

ҮКІМЕТ АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫНЫҢ ӨСУІН ТЕЖЕУ ҮШІН ЖАҢА ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАЙДЫ



Олжас Бектенов мемлекеттік органдардан инфляцияның өсуін тоқтатып, оны одан әрі төмендету үшін үйлесімді жұмыс істеуді талап етті.

– Бұл үшін барлық мүмкіндік бар. Ол үшін барлық мемлекеттік органның келісілген іс-қимылы қажет, – деді Премьер-министр.

Әкімдіктерге қабылданып жатқан шаралардың азық-түлік бағасын тұрақтандыруға қаншалықты ықпал етіп жатқанын апта сайын тексеру тапсырылды. Нәтижелері Сауда министрлігіне жолдануға тиіс.

Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген сауда үстемелерін бақылауды күшейтеді. Дүкендерге рұқсат етілген шектен артық үстеме баға қосуға болмайды.

Сондай-ақ, жауапты органдарға тауарлардың негізсіз қымбаттауына жол бермеу үшін қосымша шаралар қабылдау міндеттелді.

Сауда және Ауыл шаруашылығы министрліктеріне қысқы кезеңге жеткілікті азық-түлік қорын қалыптастыру үшін екі апта уақыт берілді. Ол үшін тұрақтандыру қорларын белсенді пайдаланып, азық-түлікті тікелей жеткізу көлемін арттыру қажет.

Экономикалық саясатқа қатысты тағы бір тапсырма берілді. 20 қарашаға дейін Ұлттық экономика министрлігі Ұлттық банкпен және басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп, бюджет, салық және ақша-кредит саясатын өзара үйлестіруге көмектесетін шаралар әзірлеуге тиіс.

Үкімет бұл шаралар бағаның өсуін баяулатып қана қоймай, халықтың нақты табысын арттыруға да ықпал етеді деп есептейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

Мемлекет басшысының бұл Жолдауында елдегі саяси реформалар қорытындыланып, алдағы кезеңде іске асыратын кешенді экономикалық және әлеуметтік реформаларға қажетті іс-қимыл жоспары таныстырылды.

– Соның ішінде еліміздегі индустрия салаларын қазіргі заман талаптарына сай ілгері дамытудың қадамдары, инфрақұрылымдық қауіпсіздік мәселесі, ең бастысы, ел қауіпсіздігін жаңаша бағалау, соған қажетті нақты шаралар қабылдау реті айқындалды. Прогрессивті Ұлт болу үшін Қазақстан барлық азаматтардың дүниетанымын өзгертіп, қоғамдық санада жаңа құндылықтарды сіңіруі керек, – деп мәлімдеді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ұсынған бастамалар өте ауқымды әрі жүргізіліп жатқан реформалардың қисынды жалғасы болып табылады. Ал, олардың негізгі мақсаты – қуатты және өркендеген мемлекет құру. Қазақстанның экономикалық дамуының жаңа парадигмасы еліміздің бәсекелік артықшылықтарын тиімді пайдалануға және өндіріс саласындағы еңбек, капитал, ресурстар, технология сияқты негізгі факторлардың әлеуетін барынша ашуға негізделеді. Осылайша, еліміздің экономикасының басым секторларын дамытуға ден қойылуы қажет.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында ел экономикасының негізгі көрсеткіштеріне тоқталды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2029 жылдың соңына дейін инфрақұрылымды жаңғыртуға Ұлттық қордан шамамен 6,5 трлн теңге бөлуді тапсырды. Бұл қаражат ел бойынша әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылым нысандарын салуға бағытталады.

Жолдауда «Халықаралық валюта қоры ұсынған болжамға сәйкес, биыл еліміздің ішкі жалпы өнімі 400 млрд долларға жуықтайтыны, оның жан басына шаққандағы үлесі 19 мың доллардан асатыны, сондай-ақ еліміз экономикасының көлемі жағынан әлемде 47-орынға көтерілетіндігі айтылды. Бұл – халқының саны бізден әлдеқайда көп бірқатар елдің көрсеткішінен жоғары деңгей деген сөз. Өңдеу өнеркәсібі де қарқынды дамып жатыр. Оның ішкі жалпы өнімдегі үлесі 14 пайыздан асты. Бұл – ұлттық экономиканы әртараптандыру бағытында жүргізілген жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі. Алтын-валюта резерві мен Ұлттық қор активтерінің көлемі 130 млрд доллардан асты. Енді осы қуатты әлеуетімізді инфрақұрылымды жаңғыртуға, еліміздің әр аймағын көркейтуге бағытталатындығы айтылды. Бұған дейін айтылған ауқымды құрылыс бастамасын белсенді түрде жүзеге асыру тапсырылғандығы, соған сәйкес бүкіл ел бойынша аса қажетті әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылым нысандары салынады», – деді Президент.

Сонымен қатар, Президент биыл және 2027 жылдың алғашқы екі айында әлеуметтік жобаларды іске қосу үшін 1,5 трлн теңге қарастыруды тапсырды.

Жолдауда банктердің экономикаға көбірек қаржы құюына жағдай жасау мәселесіне баса мән берілді. Ендігі маңызды міндет – жинақталған қаржы ресурстарын экономиканың нақты секторын дамытуға пайдалану. Президенттің айтуынша, бүгінде Қазақстанның қаржы жүйесі айтарлықтай орнықты деңгейде. Оған дәлел: еліміздегі банктердің активі 75 триллион теңгеден асты. Депозиттердің көлемі рекордтық көрсеткішке, нақты айтқанда, 52 триллион теңгеге жетті. Салымдардың 78 пайызы ұлттық валютада сақталған. Бұл ұлттық теңгенің құндылығы арта түскенін көрсетеніні айтылды. Мемлекет басшысы Үкіметке ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мыңнан 110 мың теңгеге дейін көтеруді тапсырды.

Экономиканы қарқынды дамыту үшін тек мемлекет қаржысына сүйену жеткіліксіз екені анық айтылды. Жеке инвестициялар тарту арқылы іскерлік белсенділіктің артуына қолайлы жағдай жасалған жөн. Ол үшін, ең алдымен, салық саясаты тұрақты болуға тиіс. Сонда бизнес те сапалы дамуға ынталы болады және жауапкершілікпен жұмыс істейді.

«Жаңа Салық кодексі бүкіл жүйені кешенді түрде жаңғыртуға негіз қалады. Алайда мұндай ауқымды реформа барысында оны әзірлеу кезеңінде алдын ала болжау қиын мәселелердің туындауы заңды. Соның салдарынан бизнес жекелеген нормаларды қолдану кезінде қиындықтарға тап болуда. Салық кодексі өзгермейтін қағида да, қасиетті кітап та емес. Ол өмір шындығынан алшақ болмауы керек. Сондықтан қайшылықтарды жойып, нормалардың екіұшты түсіндірілуіне жол бермеу, сондай-ақ кәсіпкерлерге түсетін артық салмақ пен негізсіз теңгерімсіздіктерді түзету қажет. Салық жүйесі бизнестің дамуға деген ынтасын жоймауға, инвестиция тартуға және жұмыс орындарын ашуға кедергі келтірмеуге тиіс. Осыған байланысты Үкімет бизнес өкілдерінің пікіріне құлақ асып, салық заңнамасына енгізілетін нақты әрі нысаналы өзгерістер пакетін әзірлеуі қажет. Бұл жұмыс жан-жақты сараланып, мұқият ойластырылуы керек. Кәсіпкерлердің жұмыс істеу ережелерін қайта-қайта өзгерте беруге болмайды. Қолданыстағы заңнамамыздың шамадан тыс күрделі әрі түсінуге қиын болғаны соншалық, ол кәсіпкерлер үшін нағыз бас ауруына айналды», – деді Президент.

Салық салудағы әділеттілік ашықтықты талап етеді. Ал, бұл үшін салық жүйесін толық цифрландыру қажет. Салық жинау тиімділігін арттыру, көлеңкелі экономиканы қысқарту және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін жасанды интеллектіні қоса алғанда, озық технологияларды пайдалану керек.

Президент сондай-ақ үдемелі экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін біздің барлық бәсекелестік артықшылықтарымызды пайдалану маңызды екенін айтып өтті. Яғни, Еуразияның негізгі көлік хабы ретіндегі орнын нық бекіту үшін Қазақстан алдында көптеген маңызды міндет тұрғанын атап өтті.

«Ең алдымен, халықаралық бағыттарды қоса алғанда, көлік саласын толық цифрландыру қажет. Жасанды интеллект дәуірінде жаһандық транзит ағындарын қағаз жүк құжаттары арқылы басқару – ақылға қонымсыздығы айтылды. Ал бұл – тығырыққа апаратын ең қысқа жол», – деді Президент.

Сондай-ақ, Жолдауда бірнеше жаңа әуежайларды салу және халықаралық жүк тасымалын ұйымдастыруға басымдық беру қажеттігі айтылды. Президенттің сөзінше, қазір Қытайдан Еуропаға бағытталған жүк тасымалының шамамен 85 пайызы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Алайда, қазіргі мүмкіндіктерге қанағаттанып қалмай, халықаралық жүк ағындарын басқаруда белсенді рөлге көшу қажет.

Жолдауда Президент еліміздің индустриялық-технологиялық тұрғыдан жедел дамуына қажетті тетіктерді әзірлеу керектігін айттып өтті. Қазақстан жылына 123 млрд киловатт-сағат электр энергиясын өндіреді. Алайда Мемлекет басшысы өнеркәсіп, құрылыс, агроөнеркәсіп кешені және экономиканы жаппай цифрландыру үшін бұл көлем жеткіліксіз екенін айтты. «Сондықтан алдымызда стратегиялық міндет тұр. 2029 жылға қарай тұрақты энергетикалық профицитке қол жеткізуіміз керек. Осы мақсатта жаңа электр станцияларын салу, қолданыстағыларын жаңғырту және электр беру желілерін дамыту қажет», – деді Президент.

Президент көмірмен электр энергиясын өндірудің экологиялық тұрғыдан жетілдірілген тәсілдеріне толық көшуге және ең алдымен күн электр станциялары сияқты жаңартылатын энергия көздеріне басымдық беруге шақырды. Сондай-ақ, Үкіметке 2035 жылға дейінгі елдің бірыңғай ұзақ мерзімді энергетикалық теңгерімін жаңартуды тапсырды.

Жолдауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атом энергетикасын дамытудың маңызына тоқталып, Қазақстанда бірден бірнеше атом электр станциясын салу туралы шешім қабылданғанын айтты.

«Қазірдің өзінде алдағы елу жылда және одан кейін де атом электр станцияларын уран шикізатымен қалай қамтамасыз ететінімізді ойластыруымыз керек. Қазақстандағы АЭС-тердің қажеттілігін алдағы жүз жыл бойы өтеуге мүмкіндік беретін мемлекеттік стратегиялық уран қорын құру туралы ұсынысты байыппен қарастыру қажет деп санаймын. АЭС құрылысына қатысатын шетелдік серіктестерді Қазақстанда жоғары технологиялы өндірістер ашуға, ядролық энергетика саласындағы білім мен тәжірибені беруге және отандық атом саласы мамандарын даярлауға тарту маңызды. Мұндай ұсыныстарды Ресей мен Қытай компаниялары да білдіріп отыр. Келесі жылы «Балқаш» АЭС-інің құрылысын бастауға кірісуге болады, тіпті бұл қажет те болуы мүмкін деп есептеймін. Сондай-ақ «Мойынқұм» АЭС-інің құрылысын мүмкіндігінше тезірек бастау мақсатында кешенді ынтымақтастық туралы келісімге қол қою керек», – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Президент еліміздегі барлық азаматтық инфрақұрылымды жаппай жаңарту және қайта құру жұмыстары қолға алынатынын айтты. Президент Үкімет пен әкімдіктерге қалалар инфрақұрылымының цифрлық сыңарын әзірлеуді тапсырды.

Жолдауда айтылған «Халықтық құрылыс» бағдарламасы азаматтардың әл-ауқатын арттыратын, кәсіпкерліктің өркендеуіне, дамуына, ұлттық экономиканы жандандыруға зор ықпал ететін төл тарихымыздағы ең үлкен инфрақұрылымдық жоба болмақ. Аталған бастама жүз мыңдаған адамды жұмыспен қамтитындығы, оның игілігін тұтас халқымыз, әсіресе, өскелең ұрпақ көретіндігі жөнінде хабарланды.

Мемлекет басшысы елдегі су тапшылығы мәселесі жүйелі әрі батыл шараларды талап ететінін ерекше атап өтті. Су ресурстарын толық әрі нақты есепке алу үшін цифрлық құралдарды кеңінен пайдалану аса маңызды. Бұл жаңа өндіріс орындарын жоспарлау кезінде негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сондықтан, Үкімет Ұлттық су ресурстарының ақпараттық жүйесін құру жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтауы қажет.

«Digital Qazaqstan кешенді стратегиясын іске асыру үшін негізгі инфрақұрылымның құрылысы басталды. Екі суперкомпьютер іске қосылды, жыл соңына дейін үшінші қуатты суперкомпьютер іске қосылады. Каспий түбіне талшықты-оптикалық Магистраль төсеу аяқталды, деректерді өңдеу орталықтары салынуда», – деді Мемлекет басшысы.

Оның айтуынша, бұл елдің цифрлық трансформациясы жөніндегі жұмыстың аз ғана бөлігі. Біз жаңа технологиялық құрылымға апаратын үлкен жолдың басында тұрмыз. Уақытпен бірге жүру үшін практикалық нәтижелерге назар аудару керек. «Бірақ бізде істерден гөрі көп сөздер бар екенін мойындауымыз керек, нақты цифрландыру кейде қолданыстағы процестерді автоматтандырумен немесе түрлі іс-шараларды өткізумен ауыстырылады. Цифрландыру қымбат бағдарламалық өнімдерді олардың практикалық пайдасын түсінбей сатып алумен шектелмеуі тиіс», – деп атап өтті ол.

Президент біз жасанды интеллектті коммерцияландыру, активтерді токенизациялау, блокчейн технологияларын және цифрлық платформалық экожүйелерді дамыту бойынша жұмысты енді ғана бастағанымызды атап өтті.

Қазір жер жүзінде геосаяси текетірестер белең алып тұр. Соған қарамастан, Қазақстан бейбіт әрі эволюциялық жолмен дамып келе жатыр. Яғни, дамудың жаңа бағдары белгіленді. Экономиканы әртараптандыру ісіне тың серпін бердік. Өңдеу өнеркәсібі тау-кен саласымен салыстырғанда жылдам өсіп жатыр. Біз осы қарқынды жоғалтпауымыз керек. Бұған дейін жасалған қолайлы жағдайды тиімді пайдаланып, жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет. Үкімет және әкімдер экономиканың құрылымын өзгертуге баса назар аударуға тиіс. Еліміздің тұрақты дамуына мүмкіндік беретін жаңа тетіктерді қарастырған жөн. Басты мақсат – азаматтардың табысын арттыру. Жұмысты дұрыс үйлестіре білсек, бұл – қолдан келетін шаруа. Экономика өскен сайын әлеуметтік теңсіздік азайып, орта тап (яғни, орта класс) күшейе түсуі керек. Сонда ғана біз еліміздің әлеуетін күшейте аламыз. Ол үшін кез келген істің басты өлшемі тиімділік болуға тиіс. Яғни, әрбір шешім, әрбір жоба ең алдымен елге пайдалы болуы қажет.

Президент елдің негізгі қозғаушы күші идеялар мен инновациялар болып табылатын қоғамның постиндустриалды моделіне біртіндеп жақындап келе жатқанын атап өтті. Біз озық технологияларға негізделген білім экономикасын құруымыз керек. Қазақстан жаппай цифрландыру және жасанды интеллектті жедел дамыту аумағына айналуға тиіс. Бұл біздің стратегиялық міндетіміз. Бұл технология жақын арада әлемді түбегейлі өзгертеді. Біз заманауи цифрлық көшпенділер өркениетінің прогрессивті стандарттарына сай болуымыз керек. Бұл салада біздің жастарымыздың әлеуеті, менталитеті мен талантының арқасында «қазақстандық серпіліске» нақты мүмкіндігіміз бар екендігі қадап айтылды.

Қазіргі дәуір – қоғам өмірінің барлық саласын қамтитын өзгерістер кезеңі. Адамзат қоғамының одан әрі өсіп-өркендеуінде ғылымның атқаратын орны ерекше. Ғылым да, білім де ұлттың баға жетпес қазынасы десек, қазақ ғылымы тәуелсіздік жылдарында өзгелермен терезесі тең болу үшін дамудың айқын жолын таңдап келеді. Сондықтан қазір Мемлекетіміздің басшысы отандық ғылымға баса назар аударып отыр. Әсіресе, университеттердің ғылыми әлеуетін күшейтуге мән беру қажет екенін тілге тиек етіп жүр.

Білім, ғылым және өндіріс сабақтастығын дамыту – ұлттық экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз етудің, жаңа технологияларды игерудің және Қазақстанның жаһандық ғылыми-технологиялық кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды шарты. Әділетті Қазақстанның жаңа тұрпатты жастарын отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ етіп тәрбиелесек, еліміз өзінің мақсат-мұраттарына қол жеткізетіні сөзсіз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Халықаралық қатынастар факультетінің профессор-оқытушылары мен студенттері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауын жылы жүзбен қабылдады. Жолдау – елімізді ұйыстыратын, халқымызды біріктіретін маңызды құжат. Жалпы, Президенттің биылғы Жолдауы – тек бағыт-бағдар емес, ел болашағын қалыптастырудағы интеллектуалдық технологиялық серпілістің бастауы. Әділетті Қазақстанның жаңа тұрпатты жастарын отаншыл, білімпаз, еңбекқор, креативті, тәртіпті, адал, әділ етіп тәрбиелесек, еліміз өзінің мақсат-мұраттарына қол жеткізетіні сөзсіз.



КОЛЛАЖ: МАКСИМ ЗОЛОТУХИН

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА БАҒДАРЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

Жаппар ЖҰМАН,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры, ҚР ҰҒА құрметті академигі, экономика ғылымдарының докторы

ҚЫЗЫЛ ТЕРРОР ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН ҚАЙСАР ҚЫЗ

НЕМЕСЕ ШАХЗАДА ШОНАНОВА КІМ?



■ Қылмыстық Кодекстің 58-бабы бойынша Шахзада Шонановаға қозғалған Ішкі істер халық комиссариатының (НКВД) №06007 ісіне тіркелген соңғы фотосы.

■ ӨЗ ЖҰРТЫ ДА, ҚАЙЫН ЖҰРТЫ ДА ТЕКТІ ЖАНДАР

Шахзада Аронқызы Қаратаева-Шонанова 1903 жылы Батыс Қазақстан облысының Сырым (Жымпиты) ауданында дүниеге келді.

Әкесі Арон – Алаш қайраткері, Ресей Думасына депутат болып сайланған Бақытжан Қаратаевтың інісі. Оның өзі Шыңғыс ханның (Төре тұқымы) тікелей ұрпағы еді. Шахзаданың тегі былай: Шыңғыс хан – Жошы хан – Тоқай Темір – Өз Темір – Қожа – Бадақұл ұғылан – Орыс хан – Құйыршық хан – Барақ хан – Жәнібек хан – Өсік сұлтан – Қаратай сұлтан – Бисәлі – Дәулетжан – Арон – Шахзада.

Анасының да тегі мықты, Бөкей ордасының ханы Жаңғірдің немересі – Хұсни-Жамал Нұралыханова. Қазақтан шыққан тұңғыш жоғары білімді мұғалима 1894 жылы Бөкей ордасында қазақ қыздарына арналған алғашқы мектеп ашты, бұл мектепті Разия Меңдішева, Алма Оразбаева, Әмина Мәметова (Мәншүктің анасы) бітірді.

1917 жылы большевиктер билік басына келгенде Шахзада 14 жаста еді. Ол 1920 жылы Ташкент қаласындағы Орта Азия университетінің медицина факультетіне оқуға түседі, алайда тегі хан тұқымы болғаны соң оқудан шығарылады. Сауатты болғандықтан Орал губерниясы атқару комитетінде іс жүргізуші болып қызметке тұрады. Осы Орал губкомында партия қызметкері болып жұмыс істейтін жоғары білімді заңгер Ыдырыс Мұстамбаевқа 1922 жылы тұрмысқа шығады. Сол кезде партия мен кеңес қызметінде жүргендер арасынан тап жауларын анықтау жүргенде, Ыдырыстың әйелі хан тұқымы екені белгілі болып, партиялық сөгіс беріп, қызметін Орынбор қаласына ауыстырады, амалсыз 1928 жылы ажырасып кетеді.

Қарап отырсаңыздар, сталиндік репрессиядан бұрын, жиырмасыншы жылдардың өзінде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтармен қатар алғашқы құдалауға ұшыраған Шахзада амалсыз сол кездегі астанамыз Қызылорда қаласына келеді.

Қызылордада Халық ағарту комиссариатында жай қызмет істеп жүргенде, белгілі Алаш қайраткері, Орынбор қаласындағы мұғалімдер институтын бітірген, белгілі ғалым Телжан Шонановпен танысып, ғашық болып, он жас айырмашылығына қарамай тұрмысқа шығады. Не деген жүректілік, ол кезде Алаш қайраткерлері құдалауға ұшырап жатқанда, Шахзада онымен отау құрып, қанша қысым көрсе де, тегінен бас тартпайды және әкесі қайтыс болғанда анасы Хұсни-Жамалды қолына алады.

Алматыға астана көшіп келген соң, осындағы мединститутқа оқуға түседі, осы кезде НКВД-нің қырағы қырғилары тағы да оған «күйеуінің фамилиясына өтіп алған соң, бізді ұмытып кетті деп ойлап жүрсің бе?» деп, тағы да тегінен бас тарт дегенде бас тартпаған соң, мединституттан шығарып жіберіп, сол кезде Байкал өңірінде сүзек эпидемиясы бұрқ еткен Спасск қаласына жібереді. Сол жақтан тірі келмейді деп ойласа керек, бірақ Шахзада эпидемиямен күресте жанкешті жұмыс атқаруға белсене араласып, өзі де аман қалады, індет басылған соң, Спасск қала әкімшілігі Ш.Шонановаға жақсы мінездеме жазып, мединститутқа тапсыр дейді. Басқаша жағдайда мединститут студентін оқуға қабылдар еді, «халық жауының» қызы болған соң, олар үркіп қабылдамай қояды.



Дисклеймер: Бұл сурет жасанды интеллект көмегімен өңделген. Өңдеген: Айнұр Қайратбекқызы

Сталиндік репрессия жылдарында Алаш қайраткерлерімен бірге атылған Шахзада Шонанова – атылған қазақтың үш қызының бірі. НКВД жендеттерін оның шыққан тегі шошытты, сондықтан айуандықпен әбден азаптап болған соң атып тастады. Сонымен, Шахзада Шонанова кім? Енді осы сұраққа жауап беріп көрейік.

Сол кезде Халық Ағарту наркомы Темірбек Жүргенов Шахзадаға мектепке дейінгі және негізгі мектеп оқулықтарын шығаратын бөлімді сеніп тапсырады. Ол мектеп оқулықтарын шығаруды қолға алып, қыруар жұмыс істейді, қазақ мектептерінің санын қысқартудан аман алып қалады. Алайда, қыр соңынан қалмай жүрген НКВД тағы да араласып, «жаудың қызы» ретінде Шахзаданы жұмыстан шығартып жіберіп, еш жерге жұмысқа алынбасын деген нұсқау береді, тіпті мектепке мұғалім болып та жұмысқа алмайды. Осы кезде күйеуі Телжанмен ақылдасып, түбі диплом керек болып қалар деп, ҚазГУ-дың биология факультетіне үшінші рет оқуға түседі. Алайда, көп ұзамай большевиктердің «Тап жауларына қарсы күресті күшейту туралы» Қаулысы шығады, тағы да оқудан автоматты түрде шығып қалады.

■ ОТЫЗ ТӨРТ ЖАСЫНДА АТЫЛЫП КЕТТІ

Қанын сорғалатып 1937 жыл келді, ҚазГУ-дың ғимаратындағы өрт болған кезде, оны ұйымдастырған деп, нарком Т.Жүргенов бастаған қазақ зиялы қауымы тұтқындалды, ішінде белгілі ғалымдар Құдайберген Жұбанов пен Телжан Шонанов та болды. 1937 жылы Телжан Шонанов тұтқындалған соң, артынша Алматыдағы Красин көшесі №51 үйге НКВД-нің «қара құзғын» атанып кеткен жеңіл көлігі келіп, Шахзаданы тұтқындап алып кетті.

Тергеу сол күні басталды, «Т.Жүргенов астыртын диверсиялық топты басқарды, соның тапсырмасымен ҚазГУ-дың ғимараты өртелгенін растаймын деп қол қой» деп сол кезден бастап қыспаққа алды, қорқытудан ешнәрсе шығара алмайды. Адам жаны түршігерлік азаптау басталды, оның барлығын мойымай көтерді. Бірде Т.Жүргенов пен Ш.Шонанованы беттестіреді. Сол кезде Шахзаданың азаптаудан сау-тамтығы қалмаған бетін көріп Темірбек ұрып-соғудан құлағының дабыл пердесі жарылып кеткендіктен жанұшыра айқайлап: «Айналайын қарындасым Шахзада, мен бұл жерден енді шыға алмаймын, бар кінәні маған аудар, айтқандарына қол қоя бер, рұқсат бердім, сен әлі жассың, аман қалуға тиіссің» дегенде Шахзада: «Аға ол не дегеніңіз, мен сізге қалай жала жабамын» дейді, оны Темірбек естіді ме, ол жағы белгісіз.

1937 жылдың ақпанында Т.Жүргенов, Қ.Жұбанов, Т.Шонанов, т.б. атылған соң, артынша жалған құжатқа қол қойдыра алмаған Шахзада Шонановаңы 9 наурызда атып тастайды. Кейін үкімді орындаған соң, олардың денесін отызыншы жылдары аштықтан қаңырап қалған ауыл шетіндегі шұңқырға апарып көметіні анықталды. Куәгерлердің айтуынша, сол күні атылғандардың мүрделерін шұңқырға тастап жатқанда, біреуі қаша жөнелген, оны солдаттардың біреуі атып тастайды да, шұңқырға сүйреп әкеліп тастағанда ол әйел еді дейді. Сол күні атылған жалғыз әйел Шахзада Шонанова еді. «Содан кейін атылғандарды машинаға тиер кезде сіңірлерін қиып тастайтын болды» деп бұрынғы жендет сөзін аяқтаған көрінеді. Осылайша, қазақтың текті әрі қайсар қызы отыз төрт жасында атылып кетті.

Телжан мен Шахзада ұсталып кеткен соң, бірге тұратын анасы Хұсни-Жамал Нұралыханова далада қалды, себебі «халық жаулары» тұтқындалған соң, отбасы мүшелері үйінен күштеп шығарылатын. Кезінде Астрахань губернаторымен айтысып жүріп, қазақ қыздары үшін алғашқы мектеп ашқан, «Қазақ» газетін шығару үшін қаржыландырған Жаңғір хан немересі Хұсни-Жамал «қайыршы» бола жүріп, 1945 жылы Алматы көшелерінде аштықтан құлап қайтыс болып кетті. Бірге туған-туыстары болды, бірақ көмектессе өздері де «халық жауы» атанып, итжекке айдалып кететінін білгендіктен көмектесе алмады. Заман солай болды ғой.

Бақытжан АБДУЛ-ТҮМЕНБАЙ, тарихшы



Қазақ руханияты мен ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосып, Абайтану, Шәкәрімтану, Мұхтартану, Алаштану салаларында көлемді зерттеулер жүргізген көрнекті ғалым, жазушы әрі драматург Қайым Мұхамедханұлының туғанына 110 жыл толуына орай Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінде «Алаш арыстарының ізбасары» атты тағылымды дөңгелек үстел өтті.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МУЗЕЙ-ҮЙІНДЕ

«АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ІЗБАСАРЫ»

АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ

Алаш арыстарының аманатын арқалап, ұлт мұрасын келер ұрпаққа аман-есен жеткізуде елеулі еңбек еткен ғалымның мерейтойы Ұлт ұстазының шаңырағында аталып өтуінің өзі, ұлылардың тағылым мен тәлімге толы өмір жолының үндестігін аңғартып тұрғандай.

Жиынды музей-үйі жетекшісі, ахметтанушы, филология ғылымдарының кандидаты Райхан Имаханбет жүргізді. Р.Сахыбекқызы құттықтау әрі аңдату сөзінде Қайым Мұхамедхановтың Алаш арыстары салған соны жолды жалғастырудағы еңбегін атай келе, абайтану мен алаштанудың алтын көпіріне айналған ғалымның қайсарлығы мен ғылымға адалдығы бүгінгі ұрпаққа өнеге екенін тілге тиек етті.

Шараның арнайы қонағы – тарихи тұлғаның қызы, профессор, педагогика ғылымдарының докторы, белгілі қоғам қайраткері Дина Қайымқызы Мұхамедхан мен қайымтанушы зерттеуші ғалымдар болды. Және дөңгелек үстелдің негізгі тыңдармандары әрі үйлестірушілері Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу орталығында өндірістік тәжірибеден өтуші Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Филология факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ филологиясы» мамандығының 2-курс магистранттары және музей-үйдің әлеуметтік парақшасынан құлағдар болған осы тақырыпқа қызығушылар қатысты.

Жиын барысында Дина Қайымқызы әкесінің өнегелі өмірі мен артында қалған бай мұрасы туралы салмақты да сырлы естеліктерімен бөліссе, шара қатысушылары тұлға ұрпағынан Қайым Мұхаммедханұлының көпшілік біле бермейтін қырлары жайлы айтуын сұрады. Д.Қайымқызы әкесінің ғалымдық қырымен қоса ақындығы да бір төбе екендігіне тоқталып, тұлғаның «Алдымда ақын Абай – Темірқазық» деген хәкім Абайдың ұлылығын айшықтайтын арнау өлеңінен үзінді оқыды.

Сонымен қатар, алғашқы әнұранның сөзін жазуы, тұлға-әкенің нағыз «Ер қазақ» ұғымына лайық болғанын мақтан тұтатынын, бұдан бөлек әкесінің алғашқы архившілерінің бірі екендігі, Алаш арыстарының биобиблиографиясын жасауы, оны газет-журнал беттерінде бірінші болып бастыруы да сол кезеңде тың жаңалық болғанын айтты. Ең қызығы, 1989 жылы жарық көрген «Сурет сыры» мақаласын кеңінен тарқатып, Алаш арыстары мен әкесі Қайымның байланысы сонау жиырмасыншы жылдары атасы Мұхамедхан Сейітқұловтың шаңырағынан басталғандығына басымдық беріп, Ахмет Байтұрсынұлының бала Қайымға бата бергендігі: «біздің өшкенімізді тірілтетін жас ұрпақ сен боласың» деп сенім артуы, дөңгелек үстелдің жан тебірентерлік шарықтау шегі іспетті әсер қалдырды.

Дина апайдың әке мұрасына деген адалдығы мен оны насихаттаудағы қажырлы еңбегі жиналған қауымның ыстық ықыласына бөленді.

Тағылымдамашы-магистранттар: Сахиба Шухратқызы «Қайым Мұхамедханов – Абай мұрасын зерттеуші ғалым, ұлт руханиятының жанашыры», Альбина Ақылбекқызы «Қайым Мұхамедхановтың Алаш мұрасын сақтаудағы тарихи еңбегі» тақырыбында баяндама жасады. Ал, Назерке Сүлейменова «Сағаттың шықылдағы емес ермек» атты өлең оқып, Гүлай Қалиханова «Келші айым» әнін әуелетіп, отырғандарды серпілтті.

Іс-шара аясында ел назарына «Шежіре сурет сыр шертер» атты тарихи фотокөрме Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қорынан ұсынылды. Көрмеге қойылған Қайым Мұхамедхановтың 60 жасына сыйға берілген домбырасы мен әр жылдар оқиғасын қамтыған сарғайған фотоларды тамашалаған жұртшылық өткеніміздің өткеліне саяхат жасағандай күй кешті.

Жиынға қатысқан жазушы Қалампыр Кенжеғалиқызы ғалым мұрасы туралы естігендерін ортаға салды, ол Қ.Мұхамедханұлының өзін көрмесе де, көзін көрген, алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбайдың: «Қайым Мұхамедханұлын билік саясаты сыртқы түрін жуасытса да, жүрегіндегі арыстанның айбарын өшіре алмаған» деген сөзі Ер Қазақ – Қайымның қайсарлығын паш еткен түйінсөз екеніне тәнті болғанын айтты.

Қосалы ӘЛИХАН, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Филология факультетінің 2-курс магистранты







■ Дүниежүзілік кітапханалық-ақпараттық конгресс (WLIC)

ALMAU OPEN LIBRARY:
БІЗДІ БІРІКТІРЕТІН ОРТА

Соңғы жылдары әлемде қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы университеттердің рөліне назар аудару күшейіп келеді. Жоғары оқу орындарының бұл қосымша қызметі университеттің «үшінші миссиясы» деп аталады [1].

Үшінші миссия идеясы дәстүрлі түрде білім беру мен ғылыми зерттеулерге негізделген университеттің негізгі қызметтерін қоғам өміріне пайдалы үлес қосу жауапкершілігімен толықтыруды көздейді. Осылайша, университет «білім беру кеңістігі» қаланың негізгі элементіне айналуға тиіс. Мұндай кеңейтілген мақсатты БҰҰ Жаһандық шарты ілгерілетіп отырған Жауапты басқарушылық білім беру қағидаттары (PRME) [2] және Тұрақты даму мақсаттары [1] едәуір дәрежеде қолдайды.

Бұл мәселелер Алматы Менеджмент университетінің (бұдан әрі – AlmaU) президенті А.Б. Қожахметовтің редакциясымен жарық көрген «Қазақстандық университеттің тиімді моделін іздеу жолында» атты ұжымдық монографияда егжей-тегжейлі қарастырылған. Еңбек 2021 жылы орыс тілінде басылып, кейін ағылшын және қазақ тілдеріне аударылды.

Біз дербес жұмыс істейтін және университеттер жанынан ашылған шетелдік әрі отандық көпшілік кітапханалардың тәжірибесін қарастырдық. Атап айтқанда, Дания кітапханаларының тәжірибесіне назар аударылды. Дания жағдайында олардың миссиясы халықты ағарту, білім мен мәдениетке тегін қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, оқырмандар белсенділігінің жоғары деңгейі елдің экономикалық көрсеткіштеріне де нақты әсер етеді: кітапханалар Данияның жалпы ішкі өнімін жыл сайын 2 млрд кронға арттыратыны есептелген [3].

Тәжірибе көрсеткендей, бала кезінен кітап оқитын адамдар сапалы білім алып, жақсы жұмысқа орналасады және көбірек салық төлейді. Ал, оқу дағдыларының төмендеуі демократия үшін қауіп төндіреді, өйткені қоғамдық өмірге саналы түрде қатысуға кітап оқитын адамдар ғана қабілетті.

Қазақстанда да, шетелде де кітапхана қызметінің аясын көпшілік кітапхана үлгісі арқылы кеңейтуді таңдаған жоғары оқу орындарының саны көп емес екенін мойындау қажет.

Университеттің үшінші миссиясын жүзеге асыру мақсатында Алматы Менеджмент Университеті «Күміс университет» жобасы аясында және өзінің 35 жылдығына орай AlmaU қауымдастығының мүшелеріне – студенттерге, қызметкерлер мен оқытушыларға дәстүрлі қызмет көрсететін жаңартылған университет кітапханасын ғана емес, сонымен қатар AlmaU АШЫҚ кітапханасын (AlmaU Open Library) ашты. Ол, ең алдымен, қарым-қатынас жасауға, білім алуға, пікір алмасуға және бос уақытын өткізуге арналған ашық кеңістікке келгісі келетін сыртқы келушілерге – жақын маңдағы аудандардың тұрғындарына қолжетімді [4].

Жобаның мақсаттары:

• кітапхананы баршаға қолжетімді мәдени орталыққа айналдыру;

• Алматы қаласы тұрғындарының барынша көп бөлігінің бос уақытын тиімді өткізуіне және пайдалы іспен айналысуына жағдай жасау;

• әдебиет арқылы аудан тұрғындарына әлеуметтік-ағартушылық бағытта білім беру, олардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.

AlmaU Open Library қызметінің алғашқы кезеңінен бастап мынадай жоспарлар белгіленді:

• келушілерге кітапхана ресурстарын толық пайдалану мүмкіндігін ұсыну;

• кітап клубы мен киноклуб ашу;

• шахмат клубын құру;

• зейнеткерлерге арналған «Смартфонды бес сусағыңдай біл» атты цифрлық сауаттылық курсын өткізу.

AlmaU Open Library жобасын дамытуды бастаған кезде біз шахмат, Excel және жасанды интеллект бойынша сабақ өткізе алатын мамандарды университетіміздің оқытушылары мен студенттері арасынан іздедік. Сонымен қатар, сабақтардың практикалық бөлімінде оқытушыларға көмектесетін студент-волонтерлерді тарттық. Оқытушылармен және волонтерлермен бірлесіп оқу бағдарламаларын әзірлеп, қала тұрғындарына арналған сабақтар ұйымдастырдық. Іс-шаралар туралы ақпарат әлеуметтік желілерде жарияланып, хабарламалар тарату арқылы көпшілікке жеткізілді. Уақыт өте келе қатысушылар саны артып, жаңа идеялар мен бағыттар пайда болды. Осылайша, AlmaU Open Library өз қауымдастығын қалыптастыра бастады және білім алуға, қарым-қатынас жасауға әрі білім алмасуға арналған ашық алаңға айналды.

Университеттердің үшінші миссиясын жүзеге асыра отырып, AlmaU Open Library ашықтық, еркін білім беру және мәдени алмасу идеяларын іске асырады. Қазіргі уақытта кітапхана келушілер үшін аптасына жеті күн ашық.

■ **ALMAU OPEN LIBRARY КІТАПХАНАСЫНЫҢ ЖЕКСЕНБІЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА НЕ ҰСЫНАДЫ?**

Кітап клубы – жыл бойы әдебиетке қызығушылық танытатын оқырмандарды біріктіретін 12 ерекше кездесу. Әр басқосуда жаңа шығарма талқыланып, әр оқырманның пікірі мен әсері ортаға салынды.

Киноклуб – фильм көріп қана қоймай, оның мәніне үңілетін кеңістік. Жылына 10-12 рет ұйымдастырылған шараларда фильмдер тамашаланып, идеялар талқыланып, әр көрермен өз ойын ортаға салды.

Шахмат клубы – ойлау қабілетін шыңдап, әр жүрістің мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік берген алаң болды. Жыл бойы 7-8 кездесу өткізіліп, қатысушылар түрлі партияларды талдап, тактикалық тәсілдерді меңгеріп, өз шеберліктерін жетілдірді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығымен бекітілген Халықтың медиасауаттылығын дамытудың және медиа саласы мамандарының біліктілігін арттыру жөніндегі 2026 жылға арналған жоспар аясында, сондай-ақ «AlmaU Open Library» жобасының ағымдағы жылдың екінші тоқсанына жоспарланған оқыту тренингтері шеңберінде 2026 жылғы 1-22 сәуір аралығында зейнеткерлерге арналған «Смартфонды бес саусағыңдай біл» атты цифрлық сауаттылық курсы бесінші рет өткізілді. Курсқа 60 пен 81 жас аралығындағы 20 зейнеткер қатысты. Сонымен қатар, жобаға «Қоғамға қызмет ету» курсынан өтіп жүрген 17 волонтер тартылып, олар сабақтардың практикалық бөлімінде лекторға көмек көрсетті.

Бұл курс кітапханада алғаш рет 2022 жылы ұйымдастырылды. Ол смартфон мен интернетті пайдалану дағдыларын жетілдіргісі келетін егде жастағы адамдарға арнайы арналған. Курстың мақсаты – смартфон пайдаланушыларының әртүрлі буындары арасындағы цифрлық теңсіздікті азайту және егде жастағы отандастарымыздың барған сайын цифрландырылып келе жатқан әлемде бағдарлауын жеңілдету. Курс қазақ және орыс тілдерінде өткізілді.

Цифрлық сауаттылық сабақтарын кітапхананың бас менеджерлері Шынжырбай А. Е., Карибжанова А. О. және Аусадықова М. Т. жүргізді. Олар бұл курсты қазақ және орыс тілдерінде бірнеше рет өткізген тәжірибелі лекторлар және егде жастағы аудиториямен тиімді қарым-қатынас орната білді [6].

Осындай бағыттардың аясы үнемі кеңейіп келеді. AlmaU Open Library жұмыс істеген жылдар ішінде жаңа кітаптардың ондаған таныстырылымы, коучтармен, ақындармен және суретшілермен шығармашылық кездесулер, мерекелік кештер, қазақстандық жазушылармен және музыканттармен авторлық кездесулер, жаңадан бастаушыларға арналған Excel және AI курстары және басқа да көптеген іс-шаралар өткізілді.

AlmaU Open Library қызметі AlmaU Президенті А.Б. Қожахметов матрицасының кемінде үш критерийіне сәйкес келеді:

Meaningful:

• әлеуметтік теңсіздікті азайтуға және инклюзивті қоғам қалыптастыруға ықпал ету;

• отандастарымыздың өмір сүру сапасын жақсарту.

Educational:

• қала тұрғындарының әртүрлі топтарына кітапхана ресурстары мен оқыту курстарына еркін қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

Stand Service:

• сапалы қызмет көрсету және пайдаланушылардың қанағаттануының AlmaU имиджіне ықпал ететін фактор болуы;

• қызметкерлердің сапалы қызмет көрсетуге және өзін-өзі дамытуға ынталылығы [6].

Кітапхананың ақпараттық қоры 200 мыңнан астам ресурсты біріктірді: оның 150 мыңы – баспа басылымдары, 50 мыңы – электрондық дереккөздер. Оқырмандар үшін екі оқу залы қолжетімді болды. Сонымен қатар, кітапхана сайтына, электрондық каталогта, әлемнің кез келген нүктесінен пайдалануға болатын онлайн дереккорларға және AlmaU репозиторийіне [5] тәулік бойы қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылған. AlmaU репозиторийі барлық пайдаланушылар үшін құпия сөзсіз қолжетімді және толық мәтіндерді жүктеп алуға мүмкіндік береді.

Кітапхана қаланың мәдени өміріне белсенді араласып, түрлі әдеби және кітап фестивальдерінің тұрақты қатысушысына айналды. Қызметкерлер халықаралық кәсіби алаңдарда тәжірибе алмасып, кітапхана ісіндегі жаңа бағыттармен танысып отырды.

AlmaU Open Library-дің басты құндылығы – оның адамдарды біріктіруінде. Мұнда кітап білімнің бастауы болса, кездесулер мен іс-шаралар жаңа идеялардың қалыптасуына жол ашады. Студенттерден бастап қала тұрғындарына дейін әр адам өзіне қажетті ақпарат, жаңа әсер немесе пайдалы байланыс таба алады. Осы ерекшелігімен кітапхана университет қабырғасынан асып, қаланың білім мен мәдениет кеңістігінің бір бөлігіне айналды.

2025 жылы жексенбілік бағдарламаларға 1500-ге жуық адам қатысып, AlmaU Open Library кеңістігіне жаңа леп әкелді. Жыл өткен сайын келушілер қатары мен іс-шаралардың мазмұны да кеңейіп келеді. Мұның бәрі кітапхананың бүгінгі рөлінің өзгергенін көрсетеді. Кітаптан басталған бұл кеңістік бүгінде білім, мәдениет, қарым-қатынас пен жаңа идеялар тоғысатын ортаға айналды.

Юлия КОЛЧИНА,
Алматы Менеджмент университеті кітапханасының директоры

Ардақ ОСМАНХАНҚЫЗЫ,
Алматы Менеджмент университеті кітапханасының бас менеджері

Мақпал ТУРЛЫҒАЗЫҚЫЗЫ,
Алматы Менеджмент университеті кітапханасының бас менеджері

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстандық университеттің тиімді моделін іздеу жолында: ұжымдық монография / А.Б. Қожахметовтің редакциясымен. – Алматы, 2021. – 83-б.

2. Munck, R. (2010). Civic Engagement and Global Citizenship in a University Context: Core business of desirable add-on? Art & Humanity in Higher Education, 9 (1), 31-41.

3. «Болашақ кітапханалары» талдау орталығы: көпшілік кітапханалардың экономикалық құндылығы https://www.fremtidensbiblioteker.dk/

4. AlmaU Open Library сайтының басты беті https://open-library.almau.edu.kz/

5. AlmaU репозиторийі http://repository.almau.edu.kz/xmlui/

6. AlmaU Open Library: больше чем библиотека / Ю.В. Колчина, А.О. Карибжанова // Кітапхана маркетингі 360°: халықаралық қатысуымен өткен V Бүкілресейлік ғылыми-практикалық конференция материалдары: мақалалар жинағы. – Мәскеу: РУСАЙНС, 2026. – 62–73-бб.

ЕКІ МҰҒАЛІМГЕ СУ ЖАҢА АВТОКӨЛІКТІҢ КІЛТТЕРІ ТАБЫСТАЛДЫ

2026 жылғы 27 қазанда ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясында көрнекті математик, академик Асқар Жұмаділдаевтың 70 жылдық мерейтойына орай физика және математика пәндерінің жас мұғалімдері арасында өткен қалалық олимпиаданың жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Ғылымның болашағы мектеп қабырғасынан басталады. Осы идеяны арқау еткен мерекелік іс-шара жас педагогтердің кәсіби шеберлігін дәріптеуге, олардың зияткерлік әлеуетін қолдауға және қоғамдағы ұстаз мәртебесін арттыруға бағытталды.

Олимпиадаға Алматы қаласындағы 75-тен астам мектептен 115 жас мұғалім қатысып, олардың 45-і жүлделі орындарға ие болды.

Байқаудың ең басты жаңалығы – екі Гран-при иегерінің әрқайсысына Changan автокөлігінің берілуі. Математика пәнінен ең жоғары нәтиже көрсеткен №208 мектеп-гимназияның мұғалімі Еркегүл Шынарбек 38 ұпай жинап, қарсыластарынан айқын басым түсті. Ал, физика пәнінен №126 мамандандырылған лицейдің мұғалімі Айсана Советхан 16,5 ұпаймен үздік атанды. Осылайша, екі жас педагогтің кәсіби жетістігі жоғары бағаланып, олардың еңбегі айрықша құрметке ие болды.

Олимпиада қорытындысы бойынша Гран-приден бөлек, бес мұғалім I орын, 12 педагог II орын, 26 қатысушы III орын иеленді. Бұл нәтижелер қала мектептерінде жоғары кәсіби әлеуетке ие жас педагогтер буыны қалыптасып келе жатқанын көрсетті.



Салтанатты жиында ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев жас ұрпақты ғылымға баулуда ұстаздардың рөлі ерекше екенін атап өтті.

Іс-шараның академик Асқар Жұмаділдаевтың 70 жылдық мерейтойымен сабақтасуының символдық мәні зор. Қазақ математика ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан ғалымның өмір жолы мен ғылыми ұстанымы – білімге адалдықтың, терең ойлаудың және үздіксіз ізденістің жарқын үлгісі.

«Қазақтың байлығы жердің астында емес, жердің үстінде. Балалардың басында», – деген академик Асқар Жұмаділдаевтың тағылымды сөзі бүгінгі іс-шараның негізгі идеясын айқындай түседі.

Байқау Алматы қаласының Білім басқармасы, қалалық Әдістемелік орталық, Қазақстан математика мұғалімдері қауымдастығы және бас демеуші – Beta High School-дың бірлескен ұйымдастыруымен өтті. Бұл бастама жас педагогтердің кәсіби жетістіктерін бағалау мен ұстаз мәртебесін арттыруда мемлекеттік құрылымдар мен білім беру саласындағы серіктестердің өзара ықпалдастығының нәтижелі үлгісін көрсетті. Әсіресе, екі Гран-при иегеріне автокөліктердің табысталуы педагог еңбегін бағалауға тың серпін берген айрықша марапат болды.

КӨМЕК СҰРАУ – БАТЫЛДЫҚ:
ҚАЗҰУ-ДА СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН МОТИВАЦИЯЛЫҚ КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінің Теориялық және ядролық физика кафедрасында ББББ 6В05304 – «Физика» білім беру бағдарламасының 3-курс студенттерімен «Көмек сұрау – батылдық» тақырыбында психологпен ашық мотивациялық кездесу өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жастардың психологиялық саулығын нығайту, эмоционалдық тұрақтылығын арттыру және өмірлік қиындықтарды еңсеруде психологиялық қолдаудың маңыздылығын түсіндіру.

Кездесу барысында эмоционалдық күйзелісті басқару, мазасыздықтың алдын алу, өзін-өзі қолдау және менталдық денсаулықты сақтау мәселелері талқыланды. Психолог студенттерге күнделікті өмірде кездесетін қиындықтарды еңсерудің тиімді жолдарын түсіндіріп, арнайы психологиялық жаттығулар мен практикалық кеңестер ұсынды. Сонымен қатар, студенттер өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, маманнан тұшымды жауаптар алды.

Қазіргі таңда жастардың психологиялық әл-ауқатына көңіл бөлу, олардың ішкі жан дүниесін түсіну және қолайлы әлеуметтік орта қалыптастыру ерекше маңызға ие. Оқу үдерісіндегі жауапкершілік пен күнделікті өмірдегі түрлі қиындықтар жағдайында психологиялық қолдаудың рөлі арта түседі. Осындай кездесулер студенттердің өзіне деген сенімін нығайтып, қиындықтарды саналы түрде еңсеруіне, сондай-ақ өзара қолдау мен түсіністік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Көмек сұрау – әлсіздіктің белгісі емес, өзіне деген қамқорлық пен батылдықтың көрінісі.

Фарида БЕЛИСАРОВА,
физика-математика ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінің Теориялық және ядролық физика кафедрасының профессоры

Дана ЖҰМАТАЙ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2-курс магистранты



ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК **ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ МӘЛІМЕТІНШЕ, ӨҢІРДЕ АЛИМЕНТ БОЙЫНША 8,6 МЛН ТЕҢГЕ ҚАРЫЗ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК БЕРУ АРҚЫЛЫ ӨТЕЛДІ. МҮЛІК АЛИМЕНТ АЛУШЫҒА БЕРІЛДІ.**

Серік Шайман 1946 жылы 19 қарашада Қостанай облысының Жангелдин ауданында туған. Торғайдағы Ыбырай Алтынсарин мектебінің (1966), Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің түлегі (1972).

1974–1977 жылдары Торғай (Қостанай) облыстық комсомол комитетінің нұсқаушысы, лекторлар тобының меңгерушісі; 1977–1979 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің Торғай облысындағы меншікті тілшісі; 1979–1997 жылдары Торғай облыстық «Торғай таңы» газетінің жауапты хатшысы, бас редактордың орынбасары, бас редакторы; 1997–2011 жылдары Қостанай облыстық телерадиокомпаниясы директорының орынбасары, бас редакторы; 2012–2021 жылдары «Жас Өркен – Қостанай» журналының бас редакторы; әр жылдары А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің журналистика кафедрасының аға оқытушысы қызметтерін атқарды. 2006 жылдан бері республикалық «Қазақ» газетінің Қостанай облысындағы меншікті тілшісі.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқытушы болған жылдары аймақтық журналистиканың дамуына өзіндік үлес қосып, бір топ журналистер шоғырын қалыптастырды. Ол «Жылдар мен ойлар» (2008), «Дала демі» (2011), «Іңкәр дүние» (2012), «Торғай толғауы» (2025) кітаптарының авторы.

Серік Әбішұлының отандық журналистикадағы еңбегі мемлекет тарапынан да марапатталды. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының (1989), Қостанай облыстық меценаттар сыйлығының (2008), Бейімбет Майлин атындағы әдеби сыйлығының (2011) лауреаты; ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Құрмет грамотасымен наградталды (2001); Қазақстанның Құрметті журналисі (2010); «Халық алғысы» медалінің (2021) және «Еңбек ардагері» төсбелгісінің (2023) иегері атанды.

Ағайын-туыстың жанашыры, ат байлар темірқазығы, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған немерелерінің атасы, аяулы жар болып, сексеннің сеңгіріне сескенбей, сезіміне селкеу түсірмей сергек шыққанның өзі үлкен бақыт. Алда тоқсан жас қол бұлғап тұр. Әрқашан ел-жұртыңызбен, жақындарыңызбен, бала-шағаңызбен сол асудың биігінде жүргейсіз.

Төменде сексеннің сеңгіріне сергек шыққан қалам иесінің әңгімесін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

РЕДАКЦИЯ

Қоңыр күздегі кездесу

(ӘҢГІМЕ)

Астанадағы қалалық әкімдіктің Абай көшесі жағындағы жаяу жүргіншілер жолағы. Қарсы келе жатқан екі әйелдің иықтылауы мені көрер көзге соғып өтті. Жалт қарадам, ол да сояудай тістерін ақситып маған қарап ыржиды. Бойшаң денелі екен, арық та емес, толық та емес тарамыстай тартылған шымыр дене.

– Ты что, широкийсің бе? – дедім әдейі жартылай орысша, жартылай қазақша сөйлеп.

– Көзіңе қарамайсың ба? – деді ол.

– Мен жолымды көріп келе жатырмын. Ал, сен телефонға тұмсығыңды тығып алып алдыңдағы адамды басып кете жаздадың ғой!

– Ой, пәлі-ай, алпамсадай еркексің, мен сені қалай басады екенмін? – деді ол осы сөзге мән бере сөйлеп.

– Қайдан білейін, анау иығыңмен соғуыңа қарағанда... – деп мен де күлдім. Енді оның жанындағы ортадан жоғары бойлы, аршыған жұмыртқадай аққұба әйел әңгімеге араласты.

– Ағай, «Көрмес, түйені де көрмес» демекші, сіз ғой бізді басып кете жаздаған. Өзіңіз сұмдық бір ауыр ойдың үстінде келе жатқандайсыз, – деді ол.

Әйелдің көзіне көзім түсіп еді, ішім шоқ түскендей солқ ете қалды.

«Апырау, мынау таныс көз ғой» деп ойладым. Көзі күліп тұрған сияқты, бірақ бір мұң ба, сағыныш сазы ма, әйтеуір біртүрлі сезім сергелдеңі сезілгендей болды.

– Иә, ой үстінде келе жатқаным рас, – дедім мен ақтала сөйлеп. – Осыдан 30 жылдай бұрын мына ғимараттың жетінші қабатында отырып едім. Көп нәрсе есіме түсіп келе жатқаны ғой.

– Ә, бәсе, ендеше сіз біз ойлаған адамның өзі болып шықтыңыз, – деді ол. – Сіздің есіміңіз Дүйсен болуы керек. Редакцияда жұмыс істедіңіз.

Мен енді екі әйелге жалтақ-жалтақ қарадым. Қараған сайын санамдағы көмескі көріністер бой көтеріп, оларды тани түскендей болдым.

– Біз мына жердегі баспаханада жұмыс істедік. Сендер бір жақтан келіп съездің материалдарын көшіріп бастыңдар – деді ұзынтұра қара әйел. – Мен Бақытжамалмын, ал мынау Бәтес, өзің көңілдес болған...

«Қайдағы Бәтес?! Мынау екеуі де тұрмыс тауқыметінен ыңыршағы айналып мылжа-мылжасы шыққан кемпір емес пе? Бәтес қайда, бұл қайда?» – деп ойладым. Екінші бір ойым: «Өзіңе қарасаңшы, шашың аппақ құдай көзіңнің асты талаурап тұр, ірік-ірік етеді. Бетіңдегі әжімдер егістік жерді парша-парша еткен солдат мінген машинаның ізіндей».

Қара қатын нахалдау екен:

– Ей, Дүйсен! Шынымен бізді танымай тұрсың ба? Әлде әдейі танымаған сыңай танытпақпысың? Санаңды жаңғырт, көзіңді аш, – деп арс-арс етті.

Мынау әйел маған пәле болып жабысты. Сөзі мірдің оғындай. Амалым таусылып:

– Отырайықшы, тұрып сөйлесе береміз бе? – дедім.

Сөйтіп жақын тұрған бір орындыққа жайғастық, қара қатын қалтасынан темекісін алып, бұрқыратып сора бастады.

Иә, бұл баяғы Бақытжамалдың өзі болса керек. Қалада туып, асфальтта өскен безбүйрек, ә десең, мә дейтін кәдімгі бетпақ, зауза қоңыздай қыздардың бірі.

Әліде бірдеңені еске түсіру үшін жақын жердегі балмұздақ дүңгіршегіне жүгіріп барып үш қорап алдым.

– Баяғы әдетің қалмапты ғой. Енді бізге гүл әкелуің ғана жетпей тұр, – деп қара қатын тағы түйреп өтті. Жанындағы әйелге қарап едім, оның көзі нұрланып күлім қағады. Маған біртүрлі елжірей қарайтын сияқты. Осы бір көзқарас менің санамдағы тот басып қалған елестерді қайта жаңғыртты.

Ерейментау, газет. Брежневтің съезде сөйлеген сөзі төрт бет. Оған бүкіл есеп-қисабын, сөйлеушілердің сөзін қосқанда газет алты бет болып шықпақшы. Біздің жаман баспаханамыздың қуаты жетпейді. Басшылық газетті Целиноградта бастырайық деп шешті. Мен жауапты хатшымын, Бас редактордың бірінші орынбасары екеуміз тағы бір қызметкерді ертіп облыс орталығына келдік. Съезд басталып кетті. Бас хатшы әдеттегідей көпіртіп сөйледі, айтпақшы сөйлемейді, біреудің жазып бергенін оқиды. Оның өзінде қақалып-шашалып, икемге келмейтін жағы кейде қарысып қалып жататын. Орыс редакциясы рахат, телетайптан түскен материалды бірден баспаханаға теруге жібереді. Біз орысша баяндаманы Алматыда ҚазТАГ аударып бергенше сарғайып, түн жамылып отырамыз. Мен ол кезде отыз екідегі қыз таңдап, үйленбей жүрген сұрбойдақпын. Баспахана толы қыз-келіншек, әр ұлттың өкілі бар. Солардың арасынан осы Бәтес көзіме жылыұшырай кетті. Құралай көз, құмырсқа бел, кеудесі де, бөксесі де шығыңқы. Аяғы түп-түзу, бойшаң, бөксесін сәл бұраңдатып, ойнақтай басып бара жатқанда көз сүрінеді. Мінезі ашық, ибалы, иманды адам сияқты. Менің қыз таңдаудағы өлшемдеріме тура келіп тұр. Жасы жиырма төртте. Жұмыс бабымен жүріп оп-оңай танысып кеттік.

Арада бірталай уақыт өткен соң, қонақ үйдегі бөлмеме алып келдім. Енді шешіне бергенімізде ол мені құшақтап тұрып, құлағыма «мен қыз емеспін» деп сыбыр ете қалды. Мен ештеңе аңғара алмай, мең-зең қалыпта бір сәт тұрып қалдым. «Бұл сөзді неге айтты? Менің өмір көрген сақа жігіт екенімді білген қыз бәрібір біледі ғой. Одан да шындықты өзім айтайын деді ме екен», – деп ойладым. Бірақ, аласұрған сезім қуаты оны еліте ме? Біз құшақтасқан қалыпта төсекке құлай кеттік...

Жоғарыда айтылған сөздің мәнісін сол күні ол өзі былай деп баяндап берді:

– Оныншы сыныпты бітіріп жатқан кезіміз. Біздің қалада ол кезде қазақ мектебі болмады. Мен орысша оқыдым, бүкіл тәрбием де, өмірге көзқарасым да орысша болды, – деп бастады Бәтес әңгімесін. – Сол кезде мектеп бітірушілердің бір үйге жиналып, сауық құратын салты болды. Пәтер жалдап аламыз, болмаса ата-аналары дачаға кеткен үйге жиналамыз. Сол күнгі бас қосуымыз ерекше көңілді болды. Қолға түсе бермейтін жаңа әндер жазылған пластинкалар табылып, есімізден танғанша биледік. Ол кезде «Портвейн-II», «Портвейн-12» деген винолар болатын, соның үш-төртеуін босаттық. Ұлдар да, қыздар да масаң тартып далаға шығып кетті. Мен басым ауырып, бөлек бір бөлмеде жатқанмын, қайдан келгенін білмеймін Андрей деген сыныптас ұл жып етіп менің жанына жатып алды. Күнде көріп, ойнап-күліп жүрген ұл ғой, онша қысыла қойғаным жоқ. Көрпемді тұйықтап, оранып алғанмын. Ол мас болып қалған сияқты.

– Валя, білесің бе? Мен сағаң 8 сыныптан бері ғашықпын, – деп қояды. Сол кездегі дәстүр бойынша қазақ қыздың да, ұлдың да атын орысша айтатын. Мінайдар деген жалғыз ұл болды. Оны елдің бәрі Миша дейтін.

– Әй, Андрей, – дедім мен оған, – қайдағы ғашықтықты айтып жатсың? Сен орыс, мен қазақ емеспін бе? Одан да бұл сөздеріңді анау Светаға айт. Өзі қандай сұлу десеңші! Сен де оны жек көрмейсің.

– Жек көрмейтінім рас, бірақ ол тарпаң тай сияқты. Алдына барсаң – тістейді, артынан ерсең – тебеді. Дикарка! Сенің мінезің жібектей, әрі әдемісің, – деді ол.

– Сонда сен не, Ромео, мені мінезім жұмсақ болғаны үшін ұнатасың ба? Әлде «айтқаныма көне береді ғой» деп ойлайсың ба? Білесің бе, біздің менталитет қандай қатал?! Әке-шешем өліп бара жатса да мені сағаң бермейді, – дедім мен.

– Сендерде алып қашу салты бар ғой, мен сені алып қашамын, – деді ол.

– Қай жаққа апармақшысың сонда?

– Павлодарда маманың туыстары тұрады, сонда апарамын.

– Мынау тұрған Павлодар ма? Біздің жақтың құғыншылары лезде жетіп барады ғой онда. Және жай емес, милициямен барады, Андрей! Басына бәле тілеп нең бар?

Мен оның мұрнын екі саусағыммен қысып-қысып жібердім. Ол мені сүйгісі келіп ұмтыла түсті, ерніміз абайсызда жабысып қалды. 16-17 жаста ғана болатын ыстық сүйістің уыты бойымды бұлағаны сондай мен не болып, не қойғанын білмей қалдым. Ол жауырыны қақпақтай, мығым ұл еді. Мені қас пен көздің арасында бүріп тастады. Масаңдығым ба, мен де жөндеп қарсыласа алмадым... Соңынан ал келіп жылайын, ағыл-тегіл.

– Құрттың, бүлдірдің бәрін. Мен енді кімге керекпін? Зорладың, соттатам сені, – деп қоямын. Андрей мені құшақтап ол да жылап отыр.

– Жылама, Валя мен сағаң үйленемін, – дейді.

– Сен бұл сөзді мен милицияға шағым береді, – деп қорыққаннан айтып жатырсың ғой, – дедім әлі де өксігімді баса алмай.

– Жоқ, Валя мен сені шын сүйемін, – деді ол көзі жасаурап...

Осыдан соң Бәтес үндемей ұзақ жатты. Мен де ішкі эмоциясын тисын деп ештеңе айтпадым. Үріп ауызға салғандай әдемі қыз, құшағымда жатыр, отбасын құруға болатындай-ақ қыз...

– Содан соң не болды? – дедім мен ұзақ үнсіздікті бұзып.

– Не болушы еді, институттың 3-курсында оқып жүргенімде менің әкеме келді, үйленгісі келетінін айтты. Әкемнің сегіз өрім дыраудай қамшысы болатын, Андрейді арқасынан екі рет осып өтті, «енді қайтып, менің қызыма жолама» деп үйден қуып шықты.

– Маған мас болып құлап жатса да, босағамда ит болып үрсе де қазаққа шығасың, енді қайтып орыс-морысыңды көрсетпе! – деді.

Қызға қатты жаным ашып кетті, аядым. Үйленсем бе екен деп те ойласып жүрдім. Бірақ, «оның бетің басқа біреу ашты ғой» деген бір түйін ой менің санамда тас болып қатып қалды. Қанша тырыссам да, соны жеңе алмадым. Енді тағдырдың тәлкегін қарашы? Қаншама жылдан кейін кездесіп тұрмыз. Әңгімеміз онша жараспады, қоштасарда ол:

– Бала-шағаң бар шығар? – деді.

– Шүкір, бар, немерелерім де азамат болып қалды, – дедім мен, «ал, өзіңше?» деген сауал көкейімде тұрса да айта алмадым.

– Мен сол соқа басым күйінде қалдым, – деді ол дауысы құмығып. – Саған зор үміт артып едім. Тіпті, шын көңіліммен сүйдім десем де болады. Қайырып бір соғар-ау деп қаншама күттім десеңші! Жұмыс орныңда іздеп бардым. Сен дүниенің басқа бір түкпіріне кетіп отырыпсың. Сөйтіп жоғалып кетті ғой, ғайып болып, әйтпегенде мен сенің әйелің болатын едім.

Бұл сөзді ызғар қосып, азалы үнмен айтты.

– Рақмет, – дедім мен. – Рақмет! Кінә менен... Кешір?!

«Әттеген-ай, өзімді шын сүйген әйелді кезінде бағалай алмағанымды қарашы» деген бір ауыр ой жан дүниемді оттай шарпып өтті...

Сол сәтте «Мәселенің басқа жағы ше?!» деген баяғы ескі шешімім босағадан сығырая қарап: «Дүниені таптаза күйінде көргің келетін морализм-ай, мынау өмірден іздегеніңді таптың ба?» деп күліп тұрған сияқты көрінді.



Бұл – жеті жастағы қызды құшағына алып тұрған аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы. Кішкентай қыз – Толқын Забирова.

БІР СУРЕТ. БІР КӨЗҚАРАС

Адам өмірінде атақтан да қымбат сәт болады. Бала күніңде көрген тұлға, бір көзқарас, бір кездесу өмір бойы санаңда қалады. Толқын Забирова өз естелігінде жеті жасында батырдың туған күніне барғанын айтады.


Суретке ұзақ қарасаң, батыр Бауыржанның жанарында – ғасыр салмағы. Ал, бала жүзінде ештеңеден қорықпайтын балалық тазалық тұр.

Кадр ішінде екі уақыт кездесіп қалғандай: бірі – тарихқа айналған тұлға, екіншісі – сол тарихты естелік қылып алып кеткен ұрпақ.

Біз ұлы адамдарды кітаптан іздейміз. Десе де, олардың шынайы ұлылығы – осындай қарапайым сәттерде.

Сурет сөйлеп тұр. Сөйлеп тұрған суретке түсініктеме беру де артық.

Бақытбек СМАҒҰЛ,
«Qazaqstan Ardagerlery» қауымдастығының төрағасы



«КОРИФЕЙ» КІТАБЫ ӘЗЕРБАЙЖАН ТІЛІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Қазақтың көрнекті жазушысы әрі қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Корифей» кітабы XII Баку халықаралық кітап жәрмеңкесінде таныстырылды. Кітаптың әзербайжан тіліндегі нұсқасы Халықаралық түркі мәдениеті мен мұрасы қорының қолдауымен жарық көрді.



ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ӘКЕНІҢ РӨЛІ

«Таудан биік, теңізден терең әкем,
Елге еткен еңбегің ерен екен.
Адамзаттың асылы – Әз Пайғамбар,
Одан кейін тұрады менің әкем» **деген шумақта баланың әкеге деген ыстық махаббаты, бала алдында әкенің биіктігі жатыр.**

ФОТО: АЙНҰР ҚАЙРАТБЕККЫЗЫ

Бұл сезім – қазақтың әрбір баласының бойына ананың даналығымен сіңірілетін, әкенің мейірімімен бекітілетін керемет тылсым. Айтпағым, отбасында әке моделі болуы керек. Бала алдында ата-ананың қай-қайсысының да мәртебелі болуы – мүлтіксіз құрметтің қалыптасуының алғышарты. «Алғашқы тәрбие ата-ананы сыйлаудан басталады», – дейді Ыбырай Алтынсарин. Ал, қазіргі жаңа заманда отбасындағы әке орны қандай?

Көп жерде әке баланың мектеп шаруасына, жеке қызығушылықтарына, тұлғалық қалыптасуына аса қатыспайтын кейіпкер ретінде қарастырылады. Қысқаша айтқанда, қаржылық қамтамасыз етуші орган – банк рөлін сомдайды. Әкелердің бар міндетті ананың мойнына артып қоюы әке мен бала арасындағы алшақтықты тудырады. Әкенің ата-аналық қадірі біртіндеп жойылады.

«Әкесі сондай адам еді, атасы жақсы адам, көргенді бала» деп ел ішінде баланың жақсылығын да, жағымсыз әрекеттерін де әке-ата тәрбиесімен байланыстырған. «Әке көрген оқ жонар» деген. Жаңа ғасырдың жас отбасыларында әке мен ананың рөлдері біршама факторлар бойынша ұқсастықтарға ие, дегенмен әкенің беретін тәрбиесін ана, ананың беретін тәлімін әке бере алмайды.

Бала бойындағы батылдық, өжеттілік, сабырлылық пен салмақтылық сынды қасиеттер әкенің тік мінезі, кейде суықтығы, өз үлгісімен көрсеткен жақсы әдет-ғұрыптарының оңтайлы нәтижесі. Болашақтың айқын болуы саналы ұрпақ тәрбиелеуден басталады емес пе? Саналы ұрпақ – үлкенге құрмет, кішіге ізет, қорғансызға қолғабыс, мықтыға қолдау көрсете алатын, білім мен дамуды өмір бойғы миссиясы ретінде қабылдайтын болашақ адамдары. Жарқын болашақты мақсат ететін әр ересек отбасына барынша көңіл бөліп, баласының тәрбиесімен тиянақты айналысуы қажет.

Ата-бабаның жастар тәрбиесіндегі ұстанымдары тарих талқысынан сүрінбей өткен, дәстүрлі тәліммен шыңдалған ұрпақтан ұрпаққа берілуі тиіс мұра. «Тарихты білу – тек өткенді тану емес, сол арқылы бүгінгі ұрпақты парасаттылыққа тәрбиелеу» дейді дана қазақ.

Осы тұста Абай мен Құнанбай туралы айту керек. Құнанбай қажы тек бай, болыс емес, қазақтың хәкім Абайының тұлғалық қалыптасуына еңбек сіңірген адам. Абайдың жастайынан білімге ден қойып, жасөспірім шағынан әділдік етіп, ел ісіне араласуына әкесі түрткі болған. «Абай жолы» романының бірінші оқиғасынан-ақ сол замандағы әке беделінің асқақтығын аңғарамыз. Абай аналарына амандасуға таяғанда шешесі бірінші әкесіне нұсқайды да, алғашқы сәлемін әке отауына кіріп береді. Үлкен жиындарда сөйлемес бұрын жас Абай айтар сөзін әбден қорытып, пішіндейді. Әкелік мыстан сескенеді, әке алдында оқыс сөз айтудан сақтанады.

Әке – қамалдай қорған, қиындықта панаң, жақсылықта тілекшің әрі өмірлік ұстазың!

Нұршапағат ӘСІМХАН,
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
12 Е сынып оқушысы

АСТАНА ҚАЛАСЫ

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК **АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫНДА ҚАЗАҚ САЗГЕРІ БАҚЫТЖАН БАЙҚАДАМОВ ПЕН ҚЫТАЙ САЗГЕРІ СЯНЬ СИНХАЙДЫҢ ДОСТЫҒЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫНА АРНАЛҒАН МӘДЕНИ ШАРА ӨТТІ.**

1973 жылдың 8 тамызы. Токиодағы «Grand Palace» қонақ үйінің жиырма екінші қабаты. Уақыт күндізгі сағат бірден асқан. Оңтүстік Кореяның оппозициялық саясаткері Ким Дэ Чжун отандасымен кездесіп, бөлмеден шыға бергенде қара костюм киген бірнеше адам оны қаумалап, көрші бөлмеге сүйреп кіргізді. Айғайлауға мұрша бермей, қолын қайырып, көзін байлап, есінен тандырды. Оны қонақ үйден жасырын алып шығып, Осакаға жеткізген соң кемеге отырғызды. Ким есін жиғанда аяқ-қолы матаулы, жанына ауыр салмақ қойылған еді. Ұрлаушылар оны ашық теңізге тастап, қылмыстың ізін суға батырмақ болған. Қашатын жол, көмек сұрайтын жан жоқ. Айнала қара су мен бейтаныс жендеттер. Ким Дэ Чжун ажалдың таяп қалғанын анық сезінді.

ТЕҢІЗГЕ ТАСТАЛУЫ ТИІС ПРЕЗИДЕНТ

Кенет кеме үстінен ұшақтың дауысы естіліп, палубадағы адамдар абыр-сабыр күйге түсті. Біршама уақыттан кейін төменге оралған ұрлаушылардың бірі Кимнің аяғына байланған салмақты шешіп жатып, оны өткен президент сайлауында қолдағанын айтты. Жаңа ғана теңіз түбіне кетуге дайындалып жатқан адамның өмірі аяқ астынан аман қалды. Кейінгі деректерде АҚШ пен Жапонияның араласуы қастандық жоспарын тоқтатқаны жазылады. Бірнеше күннен соң Ким Сеулдегі үйінің маңынан табылды, алайда еркіндікке шықпады. Оны өзге елден ұрлап әкелген билік бірден үйқамаққа алды. Арада отыз төрт жыл өткенде Оңтүстік Кореяның Ұлттық барлау қызметі бұл әрекетті бұрынғы Корея орталық барлау басқармасының қызметкерлері ұйымдастырғанын ресми түрде мойындады.

Ким Дэ Чжун 1924 жылы Кореяның оңтүстік-батысындағы Хауидо атты шағын аралда қарапайым шаруа отбасында дүниеге келді. Ел сол уақытта Жапонияның отарында болатын. Мектептерде корей тілінде сөйлеуге шектеу қойылып, балаларға жапонша есім алуға қысым жасалды. Ким сауда мектебін аяқтап, әскерге күштеп алынудан сақтану үшін кеме компаниясына жұмысқа орналасты. Екінші дүниежүзілік соғыс біткен соң кәсіпорынды өзі басқарып, кейін жергілікті газетке жетекшілік етті. Оның беймарал тіршілігін Корей соғысы бұзды. 1950 жылы Солтүстік Корея әскері Мокпхо қаласын алған кезде Ким ауқатты кәсіпкер ретінде тұтқындалып, екі ай қамауда отырды. Өлім жазасын күтіп жүргенде майдан жағдайы өзгеріп, Солтүстік әскері қаладан шегінді. Қараусыз қалған тұтқындар қашып шығып, Ким ажалдан алғаш рет осылай аман қалды. Бір халықтың екіге жарылып, бірін-бірі өлтіргенін көзімен көрген сол кезең оның кейінгі бейбітшілік саясатына өшпестей таңба салды.

Ол саясатқа 50-жылдары араласып, бірнеше сәтсіз сайлаудан кейін 1961 жылы Ұлттық ассамблеяның депутаты атанды. Бірақ, қуанышы екі-ақ күнге созылды. Генерал Пак Чон Хи әскери төңкеріс жасап, парламентті таратып жіберді. Ким депутаттық мінберге бір рет те көтеріліп үлгермеді. Соған қарамастан күресін тоқтатпай, 1963 жылы парламентке қайта сайланды. Өткір тілімен, шешендігімен елге танылып, әскери биліктің басты қарсыластарының біріне айналды. 1971 жылы Пак Чон Хиге қарсы президент сайлауына түсіп, дауыстың шамамен 46 пайызын жинады. Ресми есеп бойынша жеңіліп қалғанымен, сайлаудың әділ өткеніне күмән көп еді. Арада бір ай өткенде оның көлігіне ауыр жүк машинасы соғылып, жүргізушісі қаза тапты. Кимнің жамбас сүйегі зақымданып, өмірінің соңына дейін сылтып басып жүрді. Билік мұны жол апаты деп көрсеткенімен, саясаткердің қысымнан кейін өлім жазасы өмір бойғы түрмеге, кейін жиырма жылға ауыстырылды. Өлімін күтіп отырған Ким сол күндері отбасына жазған хаттарының бірінде «Кешіруіміз керек, өйткені кешірім бейбітшілік пен келісімге бастайды» деген ой қалдырды. Бұл сөз сол сәтте балаларының көңілін жұбату үшін жазылғандай көрінуі мүмкін еді. Кейін оның тұтас саяси ұстанымына айналды.

1982 жылдың желтоқсанында Ким түрмеден босатылып, өз еркінен тыс АҚШ-қа жіберілді. Гарвард университетінде зерттеу жүргізіп, шетелде жүріп Кореядағы демократиялық қозғалысты қолдады. Қауіптің әлі сейілмегенін біле тұра, 1985 жылы еліне оралды. Әуежайдан түскен бетте қайтадан бақылауға алынып, үйқамаққа жабылды. 1987 жылы жүз мыңдаған корей көшеге шығып, президентті тікелей сайлауды талап еткенде әскери билік кейін шегінуге мәжбүр болды. Кимнің саяси құқығы қалпына келтірілді. Ол 1987 және 1992 жылдардағы сайлауда жеңіліп, саясаттан кететінін жариялады. Журт оның дәуірі аяқталды деп ойлаған. Бірақ, 1997 жылы президент сайлауына төртінші мәрте қатысқан Ким Дэ Чжун жеңіске жетті. Кеше ғана мемлекет жауы атанып, түрме камерасында өлімін күткен адам енді сол мемлекетті басқаруға тиіс болды.

Тағдырдың тосын таразысы сол, Кимді өлім жазасына кескен Чон Ду Хван бұл кезде бүлік, сатқындық және жемқорлық істері бойынша түрмеде отырған еді. Бір кезде тұтқынға үкім шығарған генерал мен дар жақтастары қастандық деп санады.

1972 жылы Пак Чон Хи президент билігін шексіз күшейткен «Юсин» тәртібін енгізді. Сол кезде емделу үшін Жапонияда жүрген Ким шетелде қалуға мәжбүр болып, әскери билікке қарсы үндеулер тарата бастады. Оның халыққа ықпалы азаймағанын аңғарған құпия қызмет келесі жылы Токиода ұрлап әкеткен еді. Теңіз үстіндегі ажалдан аман қалған соң да құғын тоқтамады. 1976 жылы демократияны қалпына келтіруге шақырған мәлімдемеге қол қойғаны үшін бес жылға сотталды. Түрме мен үйқамақ алма-кезек ауысып, телефоны тыңдалып, әр қадамы бақылауда болды. 1979 жылы Пак Чон Хи қаза тапқаннан кейін елде еркіндік орнайтындай көрінген. Алайда билік көп ұзамай тағы бір генерал Чон Ду Хванның қолына өтті.

1980 жылдың мамырында Кванджу қаласының халқы әскери тәртіпке қарсы көтеріліп, қақтығыс кезінде жүздеген адам қаза тапты. Көтеріліс басталмай тұрып қамауға алынған Ким Дэ Чжунға билік бүлікті ұйымдастырды деген айып тақты. Әскери сот оны өлім жазасына кесті. Amnesty International Кимді ар-ождан тұтқыны деп танып, әлемнің әр түкпірінде оның өмірін сақтап қалу науқаны басталды. Халықаралық қысымнан кейін ол 1982 жылдың желтоқсанында Америкаға ұшып кетіп, Бостонда тұрды. Ол кезде Кимнің ұлдары Гарвард университетінде оқып жүрген. Ким Бостонда Гарвард университетінде зерттеу жүргізіп, Кембридж университетінде дәріс оқыды. Ол Америкада жүріп Кореядағы демократиялық қозғалысты қолдады. Қауіптің әлі сейілмегенін біле тұра, 1985 жылы еліне оралды. Әуежайдан түскен бетте қайтадан бақылауға алынып, үйқамаққа жабылды. 1987 жылы жүз мыңдаған корей көшеге шығып, президентті тікелей сайлауды талап еткенде әскери билік кейін шегінуге мәжбүр болды. Кимнің саяси құқығы қалпына келтірілді. Ол 1987 және 1992 жылдардағы сайлауда жеңіліп, саясаттан кететінін жариялады. Журт оның дәуірі аяқталды деп ойлаған. Бірақ, 1997 жылы президент сайлауына төртінші мәрте қатысқан Ким Дэ Чжун жеңіске жетті. Кеше ғана мемлекет жауы атанып, түрме камерасында өлімін күткен адам енді сол мемлекетті басқаруға тиіс болды.

Тағдырдың тосын таразысы сол, Кимді өлім жазасына кескен Чон Ду Хван бұл кезде бүлік, сатқындық және жемқорлық істері бойынша түрмеде отырған еді. Бір кезде тұтқынға үкім шығарған генерал мен дар алдынан қайтқан саясаткердің орны ауысты. Кимнің кек қайтаруына барлық мүмкіндік бар болатын. Алайда, президент болып сайланғаннан кейін екі күн өткенде ол мемлекет басшысы Ким Ён Самға Чон Ду Хван мен бұрынғы генерал Но Тэ Уға рақымшылық жасауды ұсынды. Қос генерал түрмеден босатылды. Ким мұны елді ескі өшпенділіктен арылтып, ұлттық бірлікке бастайтын қадам деп түсіндірді. Түрмеде отырып жазған кешірім туралы сөзін арада он жеті жыл өткенде билікке жеткен соң іспен дәлелдеді.

Ким Дэ Чжун 1998 жылғы 25 ақпанда ауыр қаржы дағдарысына тап болған Оңтүстік Кореяның президенті қызметіне кіріскеннен кейін жергілікті газетке жетекшілік етті. Оның беймарал тіршілігін Корей соғысы бұзды. 1950 жылы Солтүстік Корея әскері Мокпхо қаласын алған кезде Ким ауқатты кәсіпкер ретінде тұтқындалып, екі ай қамауда отырды. Өлім жазасын күтіп жүргенде майдан жағдайы өзгеріп, Солтүстік әскері қаладан шегінді. Қараусыз қалған тұтқындар қашып шығып, Ким ажалдан алғаш рет осылай аман қалды. Бір халықтың екіге жарылып, бірін-бірі өлтіргенін көзімен көрген сол кезең оның кейінгі бейбітшілік саясатына өшпестей таңба салды.

Ол саясатқа 50-жылдары араласып, бірнеше сәтсіз сайлаудан кейін 1961 жылы Ұлттық ассамблеяның депутаты атанды. Бірақ, қуанышы екі-ақ күнге созылды. Генерал Пак Чон Хи әскери төңкеріс жасап, парламентті таратып жіберді. Ким депутаттық мінберге бір рет те көтеріліп үлгермеді. Соған қарамастан күресін тоқтатпай, 1963 жылы парламентке қайта сайланды. Өткір тілімен, шешендігімен елге танылып, әскери биліктің басты қарсыластарының біріне айналды. 1971 жылы Пак Чон Хиге қарсы президент сайлауына түсіп, дауыстың шамамен 46 пайызын жинады. Ресми есеп бойынша жеңіліп қалғанымен, сайлаудың әділ өткеніне күмән көп еді. Арада бір ай өткенде оның көлігіне ауыр жүк машинасы соғылып, жүргізушісі қаза тапты. Кимнің жамбас сүйегі зақымданып, өмірінің соңына дейін сылтып басып жүрді. Билік мұны жол апаты деп көрсеткенімен, саясаткердің қысымнан кейін өлім жазасы өмір бойғы түрмеге, кейін жиырма жылға ауыстырылды. Өлімін күтіп отырған Ким сол күндері отбасына жазған хаттарының бірінде «Кешіруіміз керек, өйткені кешірім бейбітшілік пен келісімге бастайды» деген ой қалдырды. Бұл сөз сол сәтте балаларының көңілін жұбату үшін жазылғандай көрінуі мүмкін еді. Кейін оның тұтас саяси ұстанымына айналды.

1982 жылдың желтоқсанында Ким түрмеден босатылып, өз еркінен тыс АҚШ-қа жіберілді. Гарвард университетінде зерттеу жүргізіп, шетелде жүріп Кореядағы демократиялық қозғалысты қолдады. Қауіптің әлі сейілмегенін біле тұра, 1985 жылы еліне оралды. Әуежайдан түскен бетте қайтадан бақылауға алынып, үйқамаққа жабылды. 1987 жылы жүз мыңдаған корей көшеге шығып, президентті тікелей сайлауды талап еткенде әскери билік кейін шегінуге мәжбүр болды. Кимнің саяси құқығы қалпына келтірілді. Ол 1987 және 1992 жылдардағы сайлауда жеңіліп, саясаттан кететінін жариялады. Журт оның дәуірі аяқталды деп ойлаған. Бірақ, 1997 жылы президент сайлауына төртінші мәрте қатысқан Ким Дэ Чжун жеңіске жетті. Кеше ғана мемлекет жауы атанып, түрме камерасында өлімін күткен адам енді сол мемлекетті басқаруға тиіс болды.

Тағдырдың тосын таразысы сол, Кимді өлім жазасына кескен Чон Ду Хван бұл кезде бүлік, сатқындық және жемқорлық істері бойынша түрмеде отырған еді. Бір кезде тұтқынға үкім шығарған генерал мен дар алдынан қайтқан саясаткердің орны ауысты. Кимнің кек қайтаруына барлық мүмкіндік бар болатын. Алайда, президент болып сайланғаннан кейін екі күн өткенде ол мемлекет басшысы Ким Ён Самға Чон Ду Хван мен бұрынғы генерал Но Тэ Уға рақымшылық жасауды ұсынды. Қос генерал түрмеден босатылды. Ким мұны елді ескі өшпенділіктен арылтып, ұлттық бірлікке бастайтын қадам деп түсіндірді. Түрмеде отырып жазған кешірім туралы сөзін арада он жеті жыл өткенде билікке жеткен соң іспен дәлелдеді.

Ким Дэ Чжун 1998 жылғы 25 ақпанда ауыр қаржы дағдарысына тап болған Оңтүстік Кореяның президенті қызметіне кіріскеннен кейін жергілікті газетке жетекшілік етті. Оның беймарал тіршілігін Корей соғысы бұзды. 1950 жылы Солтүстік Корея әскері Мокпхо қаласын алған кезде Ким ауқатты кәсіпкер ретінде тұтқындалып, екі ай қамауда отырды. Өлім жазасын күтіп жүргенде майдан жағдайы өзгеріп, Солтүстік әскері қаладан шегінді. Қараусыз қалған тұтқындар қашып шығып, Ким ажалдан алғаш рет осылай аман қалды. Бір халықтың екіге жарылып, бірін-бірі өлтіргенін көзімен көрген сол кезең оның кейінгі бейбітшілік саясатына өшпестей таңба салды.

Ол саясатқа 50-жылдары араласып, бірнеше сәтсіз сайлаудан кейін 1961 жылы Ұлттық ассамблеяның депутаты атанды. Бірақ, қуанышы екі-ақ күнге созылды. Генерал Пак Чон Хи әскери төңкеріс жасап, парламентті таратып жіберді. Ким депутаттық мінберге бір рет те көтеріліп үлгермеді. Соған қарамастан күресін тоқтатпай, 1963 жылы парламентке қайта сайланды. Өткір тілімен, шешендігімен елге танылып, әскери биліктің басты қарсыластарының біріне айналды. 1971 жылы Пак Чон Хиге қарсы президент сайлауына түсіп, дауыстың шамамен 46 пайызын жинады. Ресми есеп бойынша жеңіліп қалғанымен, сайлаудың әділ өткеніне күмән көп еді. Арада бір ай өткенде оның көлігіне ауыр жүк машинасы соғылып, жүргізушісі қаза тапты. Кимнің жамбас сүйегі зақымданып, өмірінің соңына дейін сылтып басып жүрді. Билік мұны жол апаты деп көрсеткенімен, саясаткердің



Дисклеймер: Бұл сурет жасанды интеллект көмегімен өңделген. Өңдеген: Айнұр Қайратбекқызы



ШЫМКЕНТТЕ ЕКІ РЕТ ЕГІЗ БОСАНҒАН 36 ЖАСТАҒЫ ӘЙЕЛ ҮШЕМДІ ДҮНИЕГЕ ӘКЕЛДІ



ФОТО: ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ

ШЫМКЕНТТЕ БҰҒАН ДЕЙІН ЕКІ РЕТ ЕГІЗ БОСАНҒАН ӘЙЕЛ ҮШЕМДІ ДҮНИЕГЕ ӘКЕЛІП, 10 БАЛАНЫҢ АНАСЫ АТАНДЫ. ОСЫ ЖОЛЫ ОТБАСЫНДА ЕКІ ҚЫЗ БЕН БІР ҰЛ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ.

Үшем 17 қыркүйекте Шымкент қалалық перинаталдық орталығында дүниеге келген. Сәбилердің екеуі – қыз, біреуі – ұл. Туған кездегі салмақтары 1740, 1482 және 1730 грамм болған. Ата-анасы оларға Альсия, Сафия және Аймұхаммед есімдерін берген.

Шала туған нәрестелер алғашқы күндері жаңа туған нәрестелер реанимациясы бөлімінде ем қабылдады. Кейін арнайы күтім бөліміне ауыстырылып, дәрігерлердің тұрақты бақылауында болды. Мамандардың уақытылы көрсеткен медициналық көмегінің нәтижесінде сәбилердің жағдайы жақсарып, салмақтары біртіндеп артқан.

Үшем дүниеге келгенге дейін отбасында жеті бала тәрбиеленіп келген. Жаңа туған сәбилермен бірге отбасындағы бала саны 10-ға жетіп отыр. Анасы Ажар үй шаруасымен айналысады, ал әкесі Тұрар – жеке кәсіпкер.

Үшемге медициналық көмек көрсеткен дәрігерлер қатарында – ота жасаған Д. Сатов пен анестезиолог Р.Мадусманов бар.

Армия Генералы, Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Халықаралық қоғамдық қоры мен «Qazaq» республикалық газетінің ұжымы «Марсель групп» компаниясының вице-президенті Ибрайханов Болатқа жұбайы –

РОЗА ТӨЛЕНҚЫЗЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

«Qazaq» газетіне PR мақала, құттықтау, жарнама,
естелік, көңіл айту, хабарландыру бергіңіз келсе, хабарласыңыз:
+7 (701) 505 48 48, +7 (777) 797 77 88

«QAZAQ» ГАЗЕТІ ҚАЙДА САТЫЛАДЫ ЖӘНЕ ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ?



«Qazaq» газеті Алматыда:

- «Алматы-1», «Алматы-2» теміржол бекеттерінде;
- «Сайран» халықаралық автобекетінде;
- Алматы метрополитенінің «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «Әуезов атындағы драма театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу» бекеттерінде **тегін таратылады.**



«Qazaq» газеті Астана мен Алматыда:

- **«Kok tengri», «Караван» дүңгіршектерінде сатылады.**

ИНДЕКСІ – 64048

QAZAQ 1913

2011 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ «АЛТЫН ЖҰЛДЫЗ» СЫЙЛЫҒЫН АЛДЫ

• МЕНШІК ИЕСІ
«МИРАС ИНФО» ЖШС

• ҚҰРЫЛТАЙШЫ
МАХМҰТ НӘЛІБАЕВ

• БАС ДИРЕКТОР
ҚАЛИ ҚАМБАРОВ

• БАС РЕДАКТОР
ЖАСҰЛАН СҰЛТАН

• БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ
+7 (701) 505 48 48
+7 (777) 797 77 88

MAIL: **qazaq1913gazeti@gmail.com**

• РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, А25D6G7, ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ, №128, «ТЕРЕҢҚҰР» ТК, 5-ҚАБАТ, 128-КЕҢСЕ

• АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ
НАҒЫТАЙ ӘБІТАЙҚЫЗЫ
КЕҢЕС ҮШПАЕВ
ГҮЛБАРШЫН СӘРСЕКЕЕВА
СӘБИТ БАЙЗАҚОВ
САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ
СЕРІК ШАЙМАН
КӨБЕЙСІН АЛТЫНБЕКОВ

• КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР
ЖАНСАЯ ШЫҢҒЫСХАН

• Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы №17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді (Алғашқы есепке қою №6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды).
• Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының ұйытқы болуымен жарық көрді, 2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен №267 санынан қайта шықты.
• Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады.
• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына/ тіліне жауап бермейді.
• Газет әр аптаның сәрсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым арқылы және Алматыда «Сайран» автобекетінде, «Алматы-1», «Алматы-2» теміржол бекеттерінде, Алматы метрополитенінің 9 бекетінде тегін таратылады және «Караван», «Kok tengri» дүңгіршектерінде сатылады. Бағасы «Караван» дүңгіршектерінде 80 теңге.

Ⓐ жариялану ақысы төленген мақалалар.

• **ГАЗЕТ**
«АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ» АҚ
(Алматы қ., Мұқанов к-сі, 223«В»),
«ӨМІР-НҰР» ЖШС
(Талғар қ., Қонаев к-сі, 18)
БАСПАХАНАЛАРЫНДА БАСЫЛДЫ

• **Тапсырыс** №2500 /84
• **Таралымы** 7 000 ДАНА